


ІЗТІЛЕУ ТОЙШЫБАЙҰЛЫ

ӨМІР ЭЛЕГИЯСЫ



Ізтілеу ТОЙШЫБАЙҰЛЫ

Өмір элегиясы

Өлең, баллада, поэма

Ақындық сезімнің тамыры тереңде,
Оралдым мен саған... оралдым Өлеңге.



Алматы «Арда» 2008

ББК 84 Каз7—5
Т 50

Тойшыбайұлы І.

Т 50 Өмір элегиясы. Өлең, баллада, поэма. — Алматы:
«Арда», 2008. — 160 бет, жапсырмалы.

ISBN 9965—778—78—7

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деп ұлы Абай айтқандай, бұл жинақ та ой сырын, сөз сиқырын сезінген жанның жан сөзі. Автор өлең сөздің сынғыры мен сылдырына емес, ақиқат сөздің шындығына жүгінеді. Көңіл түкпірінде толқи жиналған сезім мен сана саңылауын сыналаған ой сілемі жыр жолында жымдаса өріледі.

Кітап қалың оқырманға арналады.

Т 4702250202—011 хабарландырусыз, 2008
00(05)—08

ББК 84 Каз7—5

ISBN 9965—778—78—7

© Тойшыбайұлы І., 2008
© «Арда», 2008

ЖОҒАЛҒАН ЖЫРДЫҢ ЖАЛҒАСЫ...

Ұлы Абай бабамыз айтқандай, “Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы” демекші, Ізтілеу ағаның да сөз өнеріне ғашықтығы сонау балалық шақ пен бозбала дәуреннің тоғысында басталса керек. Әлбетте, алғашқы аққу күстың қауырсынындай ел-гезек сөз бен жүрек түбінен нәр алған сырлы сезім булық-қан бұлақтай ақтарылып, балалық махаббат пен жалынды жастық әуен өлеңге арқау болғаны аян. Тұмадай тұмса жырлар жігер мен желік сезімді, асау ой мен арғымақ көңілді тербете түсіп, шахмат жолды қалың “общий тетрадь” ішіне шашырай төгілгені Із-ағаның әлі күнге жалында...

Өкінішке қарай, ол дәптер сол бір сұрапыл сезім мен асау мінез 25-тің о жақ-бұ жағында жоғалып кетті. Қырық сегіз беттік екі бірдей қалың дәптер толтырулы өлең-жыр — бәлкім, жоғалды, бәлкім әлдекімге қолды болды... Тоқсан алты бетке толтырулы жастық ой мен сезімнің сырға толы парақтары жас жігіттің қолқа-жүрегін суырып әкетті.

Көңілде ауыр нала мен тарқамас мұң қалды. Жарым көңіл жас Ізкенді жыр ауылынан алыстатып әкетті. Ақ қағазға қарамастай қылған, ала жазуды түсірместей қылған сұмдық суық сезім үйіріп алып, ұзақ уақыт ат шалдырмай, өмірдің өз дегенімен арпалысты ағынына тоғытылып кете барды. Қайтіп қайырылмады... қайырыла алмады.

Есесіне құрылыста басшы да болды, өндірісте маман да болды, бұл күнде салық инспекторы секілді бесаспап мамандықты да игерді. Бірақ жас өскен, жігер-қайрат жанықпай орныққан сайын сөз сыйқырына деген сағыныш молая түскен. Ошақта қалған қоламтадай булығып, қоздай алмай жата берген. Арада жылдар салып, айлар жылжып, ел ағасы жасқа аяқ басқанда сабыр сарқыған сырлы жүрек сыр берді. Із-ағаң емханадан бір-ақ шыққан. Сонда жатып сорлы жүректің бір емі — баяғы бір жоғалтып алған өлең екенін ұқты. Ішкі бір алаң сезім жүрек пернесін дөп басыпты.

Ізтілеу ағамыз:

Оралдым өлеңге, оралдым өнерге,
От-жалын кеудем де, өрт шалған тәнім де.

ОРАЛУ

*Оралдым өлеңге, оралдым өнерге,
От-жалын кеудемде, өрт шалған тәнім де.
Ұйқымды қашырған, тыншымды кетірген,
Ақындық сезімнің тылсымы тереңде,
Оралдым мен саған, оралдым өлеңге!*

*Оралдым өлеңге кеңейіп өрісім,
Тарылмай тынысым, тоналмай намысым.
Қайталанбас өмірде өткерген кей ісім,
Арымды аяққа басқанның тамырын үзуге,
Оралдым өлеңге... қайтадан сол үшін!*

*Қосылмай зорлыққа, сұмдыққа, қулыққа,
Күрестім тағдырмен өлеңім сен үшін.
Тірліктің шуағы мәңгілік сөнгенше,
Бұзылмас бір қамал салуға кірістім,
О, халқым, іркілмей айтуға тырыстым!*

Ұйқымды қашырған, тыншымды кетірген
Ақындық сезімнің тылсымы тереңде...
Оралдым мен саған... оралдым, Өлеңге, —

деп ағынан жарылады.

Өленді өнер деп қабылдаған Ізтілеу өзінің бар болмысын енді танығандай болып, баяғы жоғалған жырдың жалғасын қайта жаза бастайды. Жүрдек қалам мен ыстық жүрек жан мен ой-сезімге байыз бермей, соны сорапқа салады. Бағзы бір бұла тұма көзі аршылғандай ақ өлең мен қара өлең ұйқасы күйылып түсіп, қоңыржай күйдің сырын аша бастайды.

Бұл жинақ осындай азаматтың өзегін өртеген, жанын тербеген шынайы өлең, баллададан тұрады. Ер жасы елуді еңсерген азаматтың кеш те болса қалам алып, жан сырын ақ паракқа айдындата төккенін кім-кім де құп көргендей.

Ізекен де сондықтан:

Ауылым, сенен үшқан кептермін,
Арман қуып, жолаушылап кеткенмін... —

деп, “ұлық болсаң — кішік бол” деген өсиетті есінен шығармай, ар-ұятындай көретін ауылы алдында Мұқағалиша кешірім өтінеді.

Киелі өлең-жырдың жалына қол артқан Ізтілеу ағаның бойындағы қара сөзге деген дарыны барын бұрын білмеппін. Сонау 80-жылдардың басында Із-ағаның туған інісі, сол кезде ҚазПИ-де “энциклопедист студент” атанған, шын мәнінде өте білімдар, ғалым, талантты ақын, әнші, айтыскер Жетпісбаймен (Қойшығұлов) бір тиынды бөліп-жармай ұстап, бір бөлмеде бірге аунап-қунап, қыз-қырқын мен шекісу-бекісуге де бөлініп-жарылмай бірге барған, романтикаға толы студент кезімізді әзіл-қалжыңмен қатар өткізген тұста да ізгі ағаның сөз өнеріне жақын екенін білмеппін. Сырлас аға, жанашыр досым Жетпіс те ләм-мим жақ ашқан емес... Тек Із-аға мен жеңгеміз Галина апайымның (ол да Алтайдан) жарасқан жұп, ұялы шаңырақ, тәрбиелі ата-ананың иесі деп білетін едім.

Енді міне, жанымыздай көретін жақсы ағаның жыр кітабы қолыма тиіп, оны өзім шығаруға тура келгеніне таңырқап отырмын!..

Лайым, жолыңыз болсын жыр жолында, жақсы аға!

Асқар АЛТАЙ, жазушы, Халықаралық Алаш
әдеби сыйлығының лауреаты.

A black and white photograph of a forest stream. The water flows over a large, light-colored rock in the foreground, creating a small waterfall or rapids. The background is filled with dense trees and foliage, with sunlight filtering through the canopy. The overall mood is serene and natural.

Бірінші тарау

ЖАН ЖҮРЕГІМ ӨЗІҢМЕН

Өмірдің бір жолы бар болар ұзақ,
Бірде қысқа, біреуге құрар тузақ.
Кетеміз бұл өмірден ғайып болып,
Ертеңге із тастайық, жүрмей жырақ.

КӨКТЕМ КЕЛЕР ТАҒЫ ДА

Көп болды ойда барды жазбағалы,
Ойымды сарапка сап қазбағалы.
Өмірдің ойлы-қырлы соқпағымен,
Көп болды-ау, қу тірлікке жалданғалы.

Автор

Жапырағы жоқ ағаш жасыра алмас торғайды,
Сұлулықтан жүрдай боп, өзін-өзі қорғайды.
Табиғат та қатал заң, төрт мезгілді болжайды,
Көнбесе де тағдырға шыдамменен жалғайды.

Мына тұрған көк терек, жапырағы сарғайды,
Күз келгенді сезгендей бірін-бірі кимайды.
Жастықты ұққан жастығым көкірегімде сарнайды,
Өткен жастық келмейді, қоштаспасаң болмайды.

Көктем келер тағы да, жапырағы жасыл-ды,
Адам бақыт табады, бүршік жарса асылы.
Артта қалса асыл сөз, о да саған қанағат,
Тұяқсыз қалса адамдар, шырағы сөнер, жаман ат.

Терең ойла, құрбылар, осы өмірді бақыт тұт,
Күнделікті ортамыз өзіңізге болар құт.
Ебін тауып мезгілмен өзіңді қала кірпіш қып,
Солса өмір қаласың жапырақсыз жарым боп.

Уақыт қайта келмейді, бағалай біл өткенді,
Үлгі-өнеге аларсың, тындасаңыз үлкенді.
Бақытсызбын деп ойлама, бақытты болу өзіннен,
Қиялға көп салынбай, қиянға қара сезіммен.

Сезімге бойла, тереңдет, сеніммен қара өмірге,
Тағдыр салса көп салмақ, күресе бер жеңілме.
Жетесің түбі арманға, қуат берсе төзімге,
Бағалай біл асылды, тот баспайтын тегінде!!!

ТУҒАН АУЫЛ ТОПЫРАҒЫ

Жота, қырат, далаң бар ма жоқтаған,
Неге ыстықсың, бала кезде ұқпағам.
Топырағына аунасам да қанша рет,
Шаңың тұрмақ, шапағатың жұқпаған!

Табаныма шөңгелерің кадалып,
Тұрса дағы жүгіруші ек, балалық.
Абайсызда жылап қалсам құшақтап,
Туған жерді аймаладым «ана» ғып.

Ойнап жүріп, алысып та тарадық,
Арамызда қалмаушы еді налалық.
Құйып өткен ақ жаңбырдың астында,
Тұрушы едік бір-бірімізді пана ғып.

Қыратыңнан талай гүлді тергенбіз,
Ұялшақтап құрбыларға бергенбіз.
Дала кілем, қызғалдағың құлпырып,
Бала сезім, адал жүрек сенгеміз.

Сана-сезім оянғанды өзіңмен,
Содан болар, талай түнде көз ілмен.
Құрбы-достар асық атса дауласып,
Мен отырдым жоғалтқандай сезіммен!

Қолда барды бірге жеген, бөліскен,
Тай-құлындай бірге жүріп тебіскен.
Сағынамын жастық шақтың күндерін,
Жазбаса да бірге болу өзіңмен.

Тағдыр жазған қиындыққа көнгеміз,
Талшық етіп талай дәмді бөлгеміз.
Сая тауып, талай ағаш саясын,
Туған жердің әр бұтасын сүйгеміз.

Әні — думан, үні — әсем құстары,
Қызықтадық көл жағасы, тоғайын.
Сағынасың, сарғаясын тапнасың,
Балалықтың өтіп кеткен сол шағын.

Қайда жүрсем сен өзіңе тартасың,
Туған жерім, туған ауыл марқасың.
Бір сыйқырлы күдіретін бары анық,
О, туған жер, бәрімізге ортақсың.
Құшақтаймын, сағынамын баршасын!!!

СЕН БОЛМАСАҢ...

Мен ғашықпын, тұнығыңа батырдың,
Бойымды алдың, сен деп қана табындым.
Бұл жалғанда сенен артық бір жан жоқ,
Саған қарап көздің нұрын қандырдым.

Тізе бүгіп, құлдық етем тәңірге,
Кездестірген сені маған өмірде.
Бақыттымын, бақыттымын мен бүгін,
Ғашықтықтың уын ішкен мен пенде.

Ғашық болып оны сүю жаныңдай.
Асыл қасиет ақ жүректен табылғай.
Мен сияқты ғашық болған ұлыңа,
Тарту етші адал достық, нұрлы Ай.

ОБАЛАР

Қарасам қыр басына, обаларға,
Боламын тілдескендей бабаларға.
Ардақты асылдардың жер-мекені,
Ол жерде ана барда, дана барда.

Дәм бітті олар енді топырақта,
Өр көңіл сұм ажалдан тоқырап па.
Бабамның өткендегі ерлігінен,
Сыр шертер шежірелі тарих та.

Тұрады дәйім олар күй ақтарып,
Тұрады дәйім олар қияктанып.
Қара тас өріп жиған көп обалар,
Қас батыр мавзолейі сияктанып.

Шандатып қырдың төсін найзалаған,
Атойлап аға-бауыр қан жаласқан.
Заманы сыйға тартқан ауырлықты,
Куәсі болып қалды оба тастан.

Шандатып таудың төсін кескілескен,
Айырылып боздағынан кемсендескен.
Ғаламат арпалыста сыр алдырмай,
Жауына айбаттана кел-кел дескен.

Шандатып жердің төсін шапқыласқан,
Дауыстар үрейлене шаңқылдасқан.
Үлгермей түйе теңдеп, жылқы ерттеп,
Суындай дарияның сел боп тасқан.

Ақ алмас суғарылған ант пен кекке,
Шаппаған дүрсілдетіп ат пен текке.
Тажалдың елге тиген басын кесіп,
Паш еткен үлгісі бар болашаққа.

Айқайлап ұрандаған қолды бастап,
Қырыпты еш аяусыз қойдай бас сап.
Қан ішіп, ел тонаған тонаушылар,
Қояндай зытқан екен бас сауғалап.

Жауының ойран салып ортасына,
Талқандап туын тіккен ордасына.
Қорғаған әлем жерін, туған елін,
Бабалар сеніп кеткен өз басына.

Осылай өмір өткен бабаларда,
Сөйлейді: «Мен куә» деп обалар да.
«Жау тисе жермен-жексен етіндер» деп
Өсиет қалдырыпты ұрпақтарға!

СОЛ БІР КҮН

Сол бір күн емес пе еді,
Тағатсыз іздеп барған.
Қиялым дегбір таппай,
Нокталап жетекке арман!

Сезімім санлау алып,
Сергелден басталған күн.
Көбелек көңіл оянып,
Махаббат па гүл жарған?

Өмір есігі ме еді,
Сонда ашық болған.
Қабырғасын жаңа қалап,
Тастан тұрғызған қорған.
Құшағын жайып қарсы,
Құмар кез, аңғал кез.
Жетегіне алып мені,
Елшілетті емес пе жалған!

Адастым, тұман торлады,
Алдымнан шеңгел тал шығып.
Тас қорым жолы қиялы,
Жігерім кейде жаншылып.
Күнгіртті өткен күндерде,
Арманым қалды аңсатып.
Сағынышымды өзіңе,
Алдына қойдым ап барып!

Аңсауы болып қайдағы,
Біреудің жібін жалғадың.
Үміттің жібі созылып,
Білмедім үзіліп қалғанын.
Тірліктің қуып жолдарын,
Арманға қиял жалғадым.
Тіршілік ашып жаңадан,
Тірліктің қуып жолдарын,
Есімде сол күн қалғаның.
Оралмай қайта арманым!

ӨЛЕҢ ЖАЗДЫМ...

Жүйкесіне тиген жұрттын, баршаның,
Жанынан да жақсы көрер маңсабын.
Тарлан тағдыр арпалыстым қанша рет,
Өлең жаздым, сапасына түсіруге қанша сын.

Санасыздың, сапасыздың, тарпаңын,
Тезге салсын ауылдағы қарттарым.
Мұңайғанын көре тұра солардың,
Өлең жаздым, дем беруге баршасын!

Сәбилердің бала жүрек бал шағын,
Сезіндім де сенімменен қарадым.
Өлең жаздым, тағдырымды біртұтас,
Өлшеу үшін тіршілікті өз басым!



Өмірді түсінем деп,
Көп бердім, алғаным жоқ.
Қинады қанша тағдыр,
Сонда да өлгенім жоқ.

Салатын ән арман бар,
Өзегін өртеп өтер.
Тындаса соны адамдар,
Айтатын кез де жетер.

Жасалса айып қолдан,
Маза жоқ таза жанда.
Орны болмас өкініштен,
Кешірілмес жаза барда.

Өткенге қарасам мен,
Өкініш толас бермес.
Барыммен санаспасам,
Жоғымды ешкім бермес.

.....

Майдан аштым өмірге,
Өкінішпен соғысып.
Қалу керек мәңгілік,
Бұзылмастай бір бейне!

СӨЗГЕ ТОҚТАУ – САНАҒА ОЙ

Келем бе бір аттасам алпыс жасқа,
Бақытым ұшқан құстай тұрмас баста.

Басыма бақыт-дәулет қонғанменен,
Уақыт өтіп барады тұрмай қаста.

Не пайда ақыл жуан туғанменен,
Озбырлық дүниені қуғанменен.
Токталып өткендерге ой жүгіртсем,
Тәубе етем берген бақыт сыйыңа мен.

Не пайда сонша малды жиғанменен,
Көрмесен мал қызығын жиған-терген.
Дүние жеткізбейтін қызыл түлкі,
От алып жүйрік мініп қуғанменен.

Ойласам, кезім келді тоқталатын,
Мал жидым күн көрерлік боп қалатын.
Өлгенше бір жақсылық қылмады деп,
Жетпесін қияметке жаман атың.

Ағайын-туғандарға тоқ қарадым,
Барымды қолдан бөліп тоқталмадым.
Сый-құрметпен бір шәугім шайын ішіп,
Байлықты еш уақытта жоқтамадым.

Бір арман, жазған ойым, айтқан сөзім,
Қажетке жараса деп қарадым.
Тереңге ой қиялын жүгіртсем де,
Таяздау шықты ма деп жоқ қарадым.

2007 жыл

АҒАЙЫН ЖАМАН БОЛСА!

Ағайын жаман болса, жаттан жаман,
Бірлікті бірегейлік теңемеген.
Кісіні жақын жүрген ары теппе,
Ешнәрсе ештеңе алып бермегенмен.

Ағайын жаман болса, жаудан жаман,
Тұрады кері тартып етегіңнен.
Әр іске ақыл менен айла керек,
Сөз тыңда, ақыл тыңда зердеңменен.

Асылды ажырату тас пен күмнан,
Білемесен, білгенді үк көргеніннен.
Астамшыл артық кетсең болар залал.
Өнерде қанша таза болғанменен.

Мыс болмас қара темір қақтағанмен,
Көрікті он суарып баптағанмен.
Саранға бір сөз айтсаң кері тартар,
Жақсының жан сезімін қайдан білген.

Ағайын жанға жайлы сенім артқан,
Сыйласып, бір-біріне сыйын тартқан.
Па, шіркін татулыққа не жетеді
Көргенде құшақ жайып көңіл ашқан.

«Сыйға – сый, сыраға – бал» деген сөз бар,
Ұмытпа өткен күнді – келер күннен.
Бұл дәурен өні-міні өте шығар.
От алып жанып-өшіп жүргеніңмен.

01. 09. 07.

МЫҢЫН АЙТ ТА...

Мыңын айт та бірін біл
Жетпіс жылғы шұбар тіл
Ана тілі сыйқын біл,
Қара тасты қақ жарған
Ата-баба сөзін біл.
Көк байрағым, әнұран
Мәңгі қалсын десеңіз
Шұбарлатпай тілді біл.
Терең-терең ойласаң
Кебенек киген ел оңбас,
Ешкі жиған ер оңбас,
Шұбарлап айтқан сөз оңбас.
Сақарада сары алтын,
Қашан қолға түсет-деп
Әрекетсіз сен қалсаң
Бәрінен де сол оңбас.

Сарандықты қояйық
Саналы ойға бет бұрып,
Мекені «сараң — демесін
Сабырлы жатқан елім бар,
Салқынқанды сара жол
Сабырлығын сақтасын
Халқым өзін баптасын.
Ой желігін терейін
Замана құрғыр сатпасын.
Аттың панасы — таға деп
Інінің панасы — аға деп
Баланың панасы — ата-ана деп
Үлкеннің сөзін жаттасын.
Өнеге алған үлкеннен,
Құр бекерге жатпасын!
Саралы ой, сапалы іс
Халқымда әр кез жақтасын!

АТА-БАБА СӨЗІ

Үлгі алған ата-баба айтқан сөзін,
Жазайын ойда барда асыл сөзін.
Көп оқып, өздеріңнен тәлім алған,
Із қарап, сонар болған қара сөзін!

Үлгі еттім ата-баба айтқан сөзін,
Теруге ыңғайландым тауып көзін.
Көңілден шықпай жатсам кешіретсің,
Бағалар халқым өзі, салар тезін.

Қадірін бұл өмірдің білмеген көп,
Қызықты үйден шығып көрмеген көп.
Не нәрсе талаптансаң табылмай ма?
Ырзығын қолға байлап бермеген көп.

Атаққа жүрмей-тұрмай ілінбейді,
Өзіне ерсі істері білінбейді.
Араласып алмай-бермей өскендігін,
Біреулер осыны зор өнер дейді.

Көрген мен көрмегенде көп парық бар,
Ашылмас жігіт адам сыннан өтпей.
Орынсыз ерсі іске арандама,
Еш істің мәнісіне көзің жетпей.

«Болғанда ақыл — таяқ, ашу — пышак»,
Жігітте қасиет жоқ ашуланшақ.
Абырой, бақыт сонан табылмай ма,
Сабырлы, әрбір іске болсаң жұмсақ.

Біреулер ақша бітсе талтандайды,
Жанына жан жуытпай қорсандайды.
Кеудесін кере тартып, буы шығып,
Арамдық қасиетке жан салмайды.

Жігіт бол, жігіт болсаң жарағандай,
Болмасты болдыруға шама қандай.
Тиімді, көпке пайда іс тындырсаң,
Халқың да ырза болар қалағандай!

2007 жыл

БИЛІК ТУРАЛЫ

Кей адамның қолынан келмес билік,
Ешкім оны ұсынбас саған сый қып.
Болса егер бақылы іскер, қабілетті,
Талабы мен білімі, ойы жүйрік.

Билік құмар біреулер жанын жеген,
Жоғарыдан не десе, мақұл көрген.
Кейбіреудің билікті әйелі алып,
Үйде отырып еріне ақыл берген.

Билікті түсінеді әркім басқа,
Деген ғой «Ақыл — жаста, асыл — таста».
Халықпен санасқанның беделі басқа,
Әрдайым абыроймен жақындасса.

Басқару онай емес, ардың ісі,
Билікке келе бермес әркім күші.

Адамдық қасиетті биік ұста,
Ақылменен бастаған, намыс, күшті.

Бар адамның шалқар көл ой-арманы,
Сөзінді тауып айтсаң болар мәні.
Өмірде көріп-біліп үйренген жөн,
Алдыңнан даяр тұрмас саған бәрі.

Асыл сөздер айтылған бабалардан,
Ұштасып не ғұлама даналардан.
Өз өмірім бітпейтін мәңгі күрес,
Сабақ алдым ой тосып жақсылардан.
Өмір не сын ұсынар маған алдан,
Тосып алам қыраттан, қырқалардан!

28.02.2006 ж.



Барға — ырза, жоққа — сабыр, күн көрер,
Қазақ елім өзге жұртты тең көрер.
Өртенсең де өкініште өшігуге болмайды,
«Тірі жүрсін, оған да кезек бір келер».

Осылай деп ойлағанмен о баста.
Мәз болып та біреу шашқан шашуға.
Алдағанға алданбайық, тағдырға.
Өмір деген осы екен деп расында.

Түсінбеймін не пәленің барлығын,
Мына басым қаңғырдың-ау, қаңғырдың.
Айналайын, өз дәрежең болмаса,
Бұл дүниеде несіне сен жаңғырдың.

Көп ойланып, аз күрсінген халқыма,
Қараймын да қайраттанам, шыдаймын.
Қайтер дейсін кара бастың толғағы,
Ерікті елім бүлінбесін қорғаны
Сатылмаса жері, мүлкі болғаны!

03.08.2005 ж.



Бақытты өмір арманы әр адамның,
Өткен өмір қайтадан келмесі анық.
Есептемей басқаның байлықтарын,
Қанағатын дүниенің білген артық.

Бар кінәні аудармай біреулерге,
Өз кінәңді мойынға алған артық.
Үлкенді сыйла, сыйлы бол кішілерге,
Мына өмірде сыйласып жүрген артық.

Сыйластықты білмейтін жастардан,
Өмір көрген ақылы бар шал артық.
Мешел болып жатқанша, төсек тартып,
Бір күнгі қимылдаған мүшең артық.

Мағынасыз ауыздан шыққан сөзден.
Сабырменен ойлаған ойың артық.
Сарғайған сағым дала, шағыл құмнан,
Көгерген ағаш, көлі, ылди артық.

Жалқауланып жатқаннан күні бойы,
Аз да болса істеген тірлік артық.
Ақылымен іс істеп, қателеспей,
Өмірді өз көзімен көрген артық.

Өткен күннің сапасын түсінбеуден,
Өмірінде жинасаң, білім артық.
Күші келмес сұққылаған инеден,
Сабы бар шаншыр бізің артық.

Бар ақылын басқаларға бере алмас,
Дүниені өз көзімен көре алмас,
Жаурағанға жылуы жоқ қара бас,
Ондайлардың арамызда жоғы артық!



Қашан көрем, көрмегенді жасымда,
Өмір осы, өтеді екен расымда.

«Тірі жүрсем, маған кезек бір келер»
осылай деп ойлап едім басында.

Терен ойлар, жақсы ниет басымда,
Жинай алмай жүрмін соны қосыма.
Енді міне, бір бақытқа жетерде,
Қаша береді, ұстатпайды тасында.

Мына заман, түсінбеймін, тісі бар,
Жақсылардың ақшасы бар, күші бар.
Еңбегімен тәй-тәйлаған адамды,
Бағаламас онда, тәйір, несі бар.

Түсінбеймін, не пәленің барлығын,
Түсінгенмен, не айтамын, тағдырым!
Қалта тесік, жыртық болса, қайтейін,
Байлықпенен теңеген соң барлығын.

Мен тақыр кедей емеспін, ағайын!
Ар-намысым, адалдығым – жырларым.
Мына орта жалаңаш боп қала ма?
Мен солардан, содан қорқамын!

1994 жыл

БІР СӘТКІ КӨРІНІС

Апыр-ай, тату жұбайлар,
Ақтармай сезген сыр-ой бар.
Айтқызбай білген сыңай бар,
Ашқызбай көрген шырай бар.

Сүйкімді екен, ақ жарқын,
Сүйді ме екен Арманын!
Табыса қалған жаңадан,
Жанарды көрдім арадан.

Құшақтай алса құмартып,
Осы бір шақты аңсаған.
Бадана көз бал-бұлдап,
Денесі босап, салбырап,

Қырғи тиген шымшықтай,
Құласа келіп қалдандап,
Тапқандай, өлде, жоғалтып,
Аймалай берді, аймалап...

Сәбидей титтей жүрегі,
Апыр-ау, неден түншықты?
Сезімнен туған махаббат,
Сотанақ болса, сол қайғы.
Ұятты болсын махаббат,
Ұятсыз болса, болмайды.

Жастықтың ойы сан алуан,
Табыса қапты жаңадан.
Тұсаулы торы мазасыз,
Бас шұлғып тұрды жылғадан.

18.12.2005 ж.



Дәрігерлер адамды алаламас,
Ауыр сөзбен жандарын жараламас.
Қартың да үмітпенен қарайды оған,
Шипасын күтер жанға, бала да, жас.

Дәрігер елге қажет ол бір маман,
Емімен жанға дауа бола алған.
Шипасымен төгеді жанға шуақ,
Дарытып жылылығын жалындаған.

Дарытумен шипасы жан алауын,
Адам үшін жасар барлық амалын.
Адамдардың өмірінің қорғаны,
Орындалсын ойға алған арманың.

Дәрігердің еңбегі ғой тым ауыр,
Айықса адам сонда жаны тынығар.
Ұйқы-күлкі бұзылады амал не,
Өйткені ол ауруларға жанащыр.

Ақылы бар жастарды бағалаған,
Жұмыстың сапасын саралаған.
Білімнің ғылыммен топтасып,
Жұмысың әр кезде бағалансын!



Алатау, басына шықтым, бауырына қарап,
Жақсының жанында жүрдім, адалдығына қарап.
Адамды дос деп ұқтым, сөзіне қарап,
Оқып, даналықты ұқтым, түп тамырына қарап.

Дүние — ұлы дария деп білдім, суына қарап,
Түншыға жүріп маржанын тердім, тұнығына қарап.
Құлақ салсаң жақсылар қазынасы, мәуелі бақ,
Шырыны қалды ма дедім, ыдыстың түбіне қарап.

Дүние көзім жетпеді, тереңіне қарап,
Өсиет сөзім қалса дедім, дәлелін тауып.
Көзім сонда жетер еді өлмеске анық,
Басында дәні тұрса балы тамып.

Арманда білгіш те өтер, өзіне жарық,
Сөздерін ұққыза алмай наданға барып.
Аяғы қалса тұлпардың басы қалар байланып,
Мен-менсіген надандар қайғырмайды ойланып.
Айлам сенен артық деп түлкі жүрер қу істі,
Ойлап тұрсаң құбылды замана жас әр кісі.
Түрткілейді пысықтар жүрісімен бар істі!



Өмірдің бір жолы бар болар ұзақ,
Бірде қысқа, біреуге құрар тұзақ.
Кетеміз бұл өмірден ғайып болып,
Ертеңге із тастайық жүрмей жырақ.

Қайрадым өзімді-өзім жанып тасқа,
Үлгі-өнеге болсын деп кейін жасқа.
Қара қылды қық жарған осы ағайын,
Татулықтың белгісі араласқанда.

Ағайын-туыс наз айтады,
Көңілдегі шындықты таза айтады.
Арқа сүйер туысқан бір-біріне,
Келіспесе, өкпелей баз айтады.

Мына өмірдің іргесін бірге қалар,
Ағайынның белгісі татулықта.
Дүниенің түбіне жете алмаспыз,
Қарға-құзғын сияқты көзді сатпа,
Қикым-боққа!

КӨҢІЛ КҮЙ

Көңіл күйің болмаса,
Суың ашы, ашың тұщы,
Дүние сұсты,
Жабырқау көңіл, жабырқау халің,
Айналаң мұнды.
Гүлің көріксіз, дүние еріксіз.
Аспаның бұлтты,
Сонда кім ұтты?..

Көңіл күйің жақсы болса,
Сынған дуалды көрмей,
Мұнды далаңа дес бермей,
Құлаған жанды сезбей,
Алыстағы гүлді көресің.
Дүние гүлдеп тұрғандай,
Жаныңды жақсының сезімі
Билеп тұрғандай,
Тек жақсылықты көресің.
Сонда сен сезесің
Көңіл күйдің күдіреті,
Тереңде деп білесің.

9.06.2002 ж.

КЕСІЛГЕН АҒАШ

Жол бойы ағаш өсірдік,
Өсірдік те өртедік, кестік.
Ойпырым-ай, бұл не сұмдық!

Шаршатты кемдік, кесірлік,
Аңсатты жасыл өсімдік.

Ойланбай күлдік, есірдік,
Өтірік өсек сапырдық.
Ойпырым-ай, бұл не сұмдық!
Жүйкесіне тиген баршаның,
Әлсіздік, өсек, өтірік.

Сұлулық кетті тіршіліктен,
Көңілде толқу, бір күдік.
Ойпырым-ай, бұл не сұмдық!
Аспанда қаптады қара бұлт,
Жерде қара күрт, бір сұмдық.

Дененің дірілі жол бойы,
Жайқалған ағаш, кесілді.
Бұл не сұмдық, өкінесің,
Кімге айтасың зарынды?
Тәңірім тәлкек еткен тәрізді.

Күйкі тірлік, күңкіл сөз,
Жүйкемді менің шаршатты.
Таусылма тағдыр, дүние тез,
Пәктікті көңілім аңсатты.
Аңсатты жанымды бар жақсы!

Таусылып дәмі кетпесін мәңгі,
Тұрлауы жоқ соңғы арман.
Ойпырым-ай, бұл не жалған!
Саналық берші пендене,
Сұраймын соны Алладан!

2001 жыл

МОЙЫНДАУ

Даналықты мойындау,
Дана болу емес пе?
Кемшілікті мойындау,
Кемеңгерлік емес пе?

Жоқты бар деп мойындау,
Бақытсыздық емес пе?
Барды жоққа шығару,
Ақымақтық емес пе?

Ақка кара жаққаны,
Адалдықты жыққаны.
Тоқтықты ойлар азамат,
Пана болмас ықтағы.

Дұшпансыз болмас ер жігіт,
Дұшпанынды біл бағалап.
Сараң болсаң, қаларсың,
Өзді-өзіңе болып жат.

ӨЗІ БОЛҒАН АҒАЙЫН

Жалпы, адам, кісі бар,
Ағайын, туыс исі бар.
Жақын тартқан кезімде,
Жарға итерген ісің бар.
Болып толған кей адам,
Болашақта несі бар?

Алдым тұйық, артым жар,
Тығырықта болдым тар.
Алдыңа келдім «аға» деп,
Ағайындығың тағы бар.

Сәлемімді әрең алып,
Былғары креслода шірендің.
«Мына жетім кім?» деген,
Ойыңды ұқтым, білгенім.

Көңілімдегі ісімді,
Айта алмадым, айтпадым.
Пиғылынмен сен менің,
Көңілімді қайтардың.

Ер жігітте не болмас,
Жақсы-жаман біртұтас.

Жалындаған жаныңды,
Қоятұғын жер болмас.
Бәрі бірдей жаз болмас,
Өзі болған ағайын,
Туыстарын танымас.

19.05.2003 ж.



Бақ-дәулет бар көктеуімде,
Қуанам, өкінбеймін өткеніме.
Махаббат сезім гүлін мәпелеген,
Бірге өзіңмен өмірім өткеніне.

Алғаш көктем орнатқан жүрегіме
Таңды қалай ұмытам өмірімде.
Бірде мені жұбатып, бірде алдаған
Ақылыңа ырзамын, жеткеніне.

ҚЫРЫҚ БЕС ЖАС

Қырық бес жас – жез киіктей жосылған,
Бір керіліп, бір қыйылып қосылған.
Қара қасты, қара шашқа оранып,
Ұстараның жүзіндей сезіміне асынған.
Сезімді сезініп, ләзатына бас ұрған.

Қырық бес жас – жаңалыққа құмар кез.
Берген уәде, айтқан сертте тұрар кез.
Күш-қайратың сарқылмастай бойында
Әр күнінді есеп беріп сынар кез.

Қырық бес жас – бір мазаны алар кез,
Алда елу сондықтан да жанар кез.
Жастық-шақта естен кетпес үшін де
Қыз қырқынға жақсылап көз салар кез.

Қырық бес жас – биіктегі қыран кез,
Қыран құстай қанатыңды қағар кез.
Батылдығың таудан ағар селдейсің,
Шың ұшында шайқалатын шынар кез.

Қырық бес жас – қамал бұзып шығар кез,
Шалқар биік шабытыңды ұғар кез.
Қалма күйкі тірлік қамалыңда
Талабың тау қозғайтын құмар кез.



Жанған жүрек – дірілдеген жапырақ.
Қалуға еш хақымда жоқ қоқырап
Мен туған жер – қасиетті Көкжиде
Құмды-қырат, көк жалды төбе топырақ.

Кезіп өттім елімнің кең алабын,
Мен – ұлымын сағымды құм даланың.
Сонау көкте бұлдырап қыр қыраны
Қалықтаса мен деп ойла қарағым.

Қарсы ағысқа тастай салдым өзімді
Асау мінез қарсылықтан көп ұқты.
Мен деп ойла жолдағыны жайпаумен
Бұзып жарған көктемдегі тасқынды.

Көргенім жоқ өлең жолдан тосылып
Құс жолындай ізім қалсын жосылып.
Ұлылықтың – ұлы болмай бірі боп
Қалуға мен тиістімін мықты боп!



Қалайша ойға алмай тұра алайын
Жүректен жалындатып жыр арнайын.
Құдаша жанарларды суырасын
Қайыңның арасында шынардайын.

Іленің иіріміндей иретілген,
Аспаннан жауар бұлттай түйретілген.
Көзінді төңкеріп бір қарағаның
Жүректе қалып қойды, кетпей естен.

Аз білдік биік шынның етегіндей,
Ашпадым менде сырды жете білмей,
Жаның мен жанарыңда жасын ойнап
Аман жүр жолыққанша енді бірде-ей!

ҒҰМЫРЫМДЫ СЫЙЛАДЫМ

Өмірдің жарқын жастық күнінде,
Жадырашы, наздана бір күлімде.
Өткенің қайта айналып келмейді,
Сол жастықты сағынасың түбінде.

Азын-аулақ кірбің тартқан көңілге,
Арқалатпа тастай ауыр жүгіңді.
Бір мезгілдік құлазыған көңіл ғой,
Алаңдама, артық кетпе өзің де.

Дүниені түгендеумен өткізбе,
Ғұмыр жетпес санасаныз бәріне.
Әрбір күнін бағалаған адамдар,
Өшпейтұғын із қалдырар түбінде.

Тағдыр қатал, еркелікті көтермес,
Ақылың бар, өзіңе сен, өзге емес.
Сана-сезім көңіліңнің биігі,
Сол биіктен қалар анық бір белес.

Кімді тағдыр бұралаңға салмады,
Кімді тағдыр жағасынан алмады.
Қарсы жүздім ағысына қарамай,
Көтерумен өзің салған салмақты.

Ей, өмірім, мен де сені сүйемін,
Қиын-ау деп қиналуды білмедім.
Көңілімді жұбатушы еді бір адам,
Сол адамға мен де бәрін сыйладым.

ҮМІТ

Өмірге келдім, өмірден өтем,
Алысып мына тағдырмен.

Өленді мен де жалын боп сүйдім,
Өртенерімді сезем мен.

Көгілдір сағым, көгілдір аспан,
Аясы толған арман-мұң.
Үмітім қалды үзіліп талай,
Өлең боп туып бар үнім.

Арманым бар өртенген өзен,
Қалса деп артта асыл сөз.
Құлшылық етем, тағдырға төзем,
Пендеңе берші ақыл кез.

Үмітім, тағы үзіліп қалма,
Сеніммен қайта қарадым.
Құдіреті биік адамға неге
Жасайды дүние тарлығын?

БІР ҚҰРБЫҒА

Қарағым, сырынды білем,
Жүргенін көңіліңнің налып.
Кеудемде ізін қалды,
Қалғанда өмірді танып.

Жақсылық болады жарық,
Ниетің дұрыс, ол қарық.
Жаныңды саудаға салма,
Өмірдің өзі судағы балық.

Өртендің өрт болып жанып,
Отырсың, неге жүрегің талып?
Жақсы жанның бірі едің,
Өмірде көрмеші тарық.

Бірде түсіме еніп,
Саған гүлімді беріп.
Басымды кеудеңе салып,
Отырмын өзіңе нанып.

АДАЛДЫҚҚА НЕ ЖЕТСІН!

Барды күндеп біреулер қызғанады,
«Мұқатсам» – деп аударып із қарары,
Жаманның жүрген жері қара түнек
Іші қыс, сырты жылтыр жоқ тарамы.

Амалсыз жүретұғын іштей жанып,
Досындай бар сырыңа болар қанық,
Көзіңе көрінбестен аяқ шалып,
Тырнайды жүрегінді «у»-дай қарып.

Жақсы көп арамызда бірге жүрген,
Жаман да аз емес-ау күнін көрген.
Қолына опасыздың олжа түссе,
Досы мен жолдасын да сатып кеткен.

Шыныдай сынып кетіп әр нәрседен,
Көңліңді жаралайды қатты сөзбен.
Жақсының берекесі жанған жарық,
Серік бол шамаң келсе сондай ермен.

Дүниенің опасы жоқ ойлап көрсен,
Тартынбас әділ адам шындық сөзден.
Қыранның бір түскен соң қармағына,
Түлкі де құтылмайды қулығымен.

Адал жүр, анық басып ақылменен,
Ұтылып ер намысын шалдырмайтын
Сөзді біл, жинап бойға, тыңда, үйрен,
Кетпесін мезгіл өтіп таптырмайтын.

20.04.2004 ж.

КӨКЖИДЕ МЕКТЕБІ

Ауылым, сенен ұшқан кептермін,
Арман қуып, жолаушылап кеткенмін.
Мектебімде сөз үйрендім әріптел,
Тұғырыннан ұшырған бір тентегін.
Балаң мінез, таудай талап жетектеп,
Алып кеткен білім қуған көк белін.

Жамыраған төрт түлігің төске өрген,
Сусындатқан өскен елдің өркенін.
Міне, бүгін жаңа мектеп салынып,
Жетпіс жылда жаңарды қайта мектебім.
Туған ауыл, мен өзінді сүйемін,
Жақсына да, жаманыңа күйемін.

01.09.2005 жыл

ӘЙ, ЖАСТЫҚ-АЙ!

Гүл жаңа ашқан,
Күн нұрын шашқан.
Жастық дәурен,
Мәртебең биік.

Жанған бір жұлдыз,
Судағы құндыз.
Жүзіп бір өткен,
Сен жастық.

Қайырымсыз қалған,
Сәулесін шашқан,
Ұмытылмас мәңгі,
Бұл жастық.

Ойда сарын,
Бойда қуат,
Сабырсыз өтер,
Сол жастық.
Еркелеп бүгін,
Есіме алдым.
Оралмас енді,
Бұл жастық!

ЖАСТАРҒА

Ұрпақтар аласарып барады,
Ойнақылы ойынменен.

Бойындағы қайратты,
Тек араққа жаратты.
Санада тек «ақша» деп,
Жеңіл өмірді қалады,
Сонда қалай?

Міне, бүгін басқа салған пешене,
Жұлдыздар көкте сөнгендей,
Жүрегім менің ауырды,
Жазықсыз қиянат көргендей.
Меңдеген сырқат, сор маңдай.
Әй, жастар-ай!

Өсиетінсіз бабаның,
Қасиетінсіз ананың.
Ақыл кені казылмас даланың,
Үкіметтің бойға сінген кеселі,
Әлсіздігі, өтірігі, өсегі,
Намысы бар елдерде,
Улы шаянды, ұры-қарыны,
Сүм алаяқтарды.
Ұлтын саудаға салған сатқынды,
Өлім жазасына кеседі.

Кіріп шайтан, Ібіліс,
Болғанда түрлі құбылыс,
Замана желі ескенде,
Өзгеріс көші көшкенде,
Елімнің сенімін ақтар,
Алмас қылыш алдында,
Сырты құрыш, жүрегі алтын,
Жастар керек халқыма!
Саналы, ойлы жастарым,
Қайда ақыл бастарың,
Сендерге тілек, көзде жас,
Жүректе қан, болдым тас.
Атамекен сатылып,
Қаламын ба енді жалаңаш?

Жерің үшін қан төккен,
Аруағы – бабам қайдасың?

Жерін сатқан ағайын,
Бұл өмірде оңбасын,
Арыңды былғап, жер сатып,
Бұл қорлықты көргенше,
Құдайым мені жалмасын!
Дауысымды есті, ағайын,
Ойына алып қамдансын,
Түркімен, Өзбек, Қырғызын
Туған жерін қорғасын,
Терезесі тең еді,
Мұндай сұмдық болмасын.
Қанағатсыз қазағым,
Жер сатылу тоқталсын!!!

2004 жыл

ТАРИХҚА ТАҢБА

Тарих пенен тағдырдың,
Байыбына жетем деп,
Айызымды қандырсам,
Өміріме өкпем жоқ.

Салмақтап өткен әр күнді,
Таразының басында
Пайымдайтын күн туды,
Алтын түгіл тасын да.

Айтып келем жасырмай,
Жалғандықтың не екенін.
Сатқындық пен сананың,
Зияны мен өтемін.
Айтар едім заңына,
Жерін сатқан сатқының,
Жүргендердің маңында,
Мансабы мен ықпалын.

Рақат пенен азалтан,
Алған сезім телегей.
Қарлы боран, дауылға,
Қарсы жүзем кемедей.

Өртену – өнер мұраты,
Даңк емес, шу емес,
Мақсатынды құрайды,
Айтып жатса кіл өңеш.

Қалдыру керек таңбаны,
Қағазға емес, тағдырда.
Шумағы, әрбір тармағы,
Сөйлейтін ғасыр алдында.

Белгісізбін деп өкінбе,
Белгісіздікке берме мән.
Тұмандап жатқан мекенді,
Сипалап табар керек жан.

Отанның тыңдап жүрегін,
Болашақ үшін есту хақ.
Іздеме бекер төте жол,
Халыққа айтар сөзді тап.

Тіріде көрмей көзі ашық,
Өлгенде қайғы жұтады.
Өртенген жүрек шыдамай,
Өмірім өтіп барады.

Бір адым кейін аттама,
Алдында сенің көрер бақ.
Өлмеуін керек тек қана,
Өлмеуі керек мәңгілік.

31.01.2005 ж.

ТҮН

Қараңғы түн тым-тырыс,
Жұлдыз жоқ аспанда.
Қиянға көз сап пайымдар,
Селт етпес көңілім алайда.
Ғаламат сыйын дайындар,
Сол селқос қалпым, қалайда.

Тәңірге барын берем деп,
Тыныштық сәтті табынта.
Айкүлақтанып елендер,
Өзге бір үнге зарыға...

Аққулар теңіз төрінде,
Үн қатты тағы да.
Қос жүрек тұман көгінде,
Бір-бірін іздер сағына.



Адам өмірінің бақыты —
Балалық шақ білгенім.
Бала бақытсыздығы —
Ғұмырына ақау салар пенденің.
Шындықты бетке айту —
Кеудеге сінген серігім,
Сондықтан болар —
Сірә де, сүріне бергенім.

Бойды жайлаған ұлы дерт —
Тереңде жатыр сеземін.
Қыран мен қарғаны ажыратпаған
Таза тақыр, білемін.

Қол-аяғым еріксіз маталып,
Ойымда құрсау.
Ақын жүректің жауы да —
Жанашыры да өзі-ау!

ӨМІРГЕ ШОЛУ

Әкем өліп, жасымнан жетім қалып,
Жетімдікті көргем жоқ өзім налып.
Үлкен бауыр сол кезде он жетіде,
Ақыл айтып қоюшы еді құшаққа алып.

Тоғыз жаста қолыма айыр алып,
Тесте салдым, колхоздың шөбін шауып.

Он екіде ат жалын тартып мініп,
Топта шаптым, дүрлікпен бөйге алып.

Жас болсам да қатардан ерте есейіп,
Көмек еттім анама еңбектеніп.
Қол создым өмірге мен күштарлықпен,
Үлкен айтқан сөздерге ой тоқтатып.

Болды күнім жалтақтап бала бүркіт,
Жемтігімді көргенде көзім тұнып.
Тасқа соқтым кеудемді талай рет,
Сабақ болды өмірде соқты жүрек.

Жыладым да отырдым кейде ез боп.
Көзден жасым шықпады денем мұз боп.
Дауыл болып теңізді толқындатқан,
Тасып жатты кеудемде қайрат-күш боп.

Ей, өмірім, қырат-белес жолдарыңмен,
Келемін, шаршамаймын талмадым мен.
Талса талар қарқыны өмірімнің,
Сонда да талай қырды асып келем.

1997 жыл

ІЛЕ

Солқылдап ағып жатқан бұратыла,
Тағдыры Ілеміздің жылата ма?
Қайыр басып табаны құмға айналып,
Бұйырмай туған жерден жоғала ма?
Ұшар құсым, сағынып қонар көлім,
Әрқашан да сағынар туған жерім.
Сен деп қана жүрегім тебіренер,
Қуанышым, шаттығым, қайғы-шерім.

1975 жыл

БАРАДЫ ШЕГІНІП САНАДАН

Бүгінгі күні жұлдызы жанғандар,
«Жекеменшіктіру» деген ұранмен,

Халықтың мүлкін сарапқа салғандар,
Нарық жұлдызын жарық етеміз деп,
Талассыз ғасырдан биік озғандар,
Күрделі осы іске рух дегенді қояды,
Қалайша ұмытқан дара талғамдар.

Азаматтық ой мен санадан азғандар,
Ар-намыстан жұрдай болып тозғандар.
Ұят қашқан, нәпсісін қоздырғандар,
Байлық іздеген бақытсыз жандар,
Құрт-құмырсқаның илеуіндей болып,
Бірін-бірі отқа итеріп аздырғандар.

Жеке бастың байлығын жоғары санағандар,
Қасқырдай рухты бөліп қарағандар.
Момақан халықтың еңбегін тонағандар.
Өздерін іскерміз деп бизнесмен санағандар,
Арсыз, мейірімсіз, күшпен қанағандар,
Барады шегініп санадан тыс сол адамдар,
Ой, заман-ай!..

9.02.2002 ж.

АҒАЙЫН-ТУЫСТАРҒА

Білмеймін, сіздер қайда, біз қайда?
Өмір өтер ағынымен әр жайда.
Кейде дөңде, болар шында, ақ қарда,
Терең күзде, құлазыған шатқалда.
Өтер өмір әр ауылда, әр жақта,
Жауаптымыз шыққан күнге, батқанға.
Ағайынды арашалап жықпауға,
Бауырларды сағынуға, жоқтауға.
Міндеттіміз – туыстықты сақтауға,
«Бауырым» деп елжіреген жүректі,
Алақанда аялауға, баптауға.

Тіршілікте алыс, беріс жоқ болса,
Туысқандық жоғалады, ағайын,
Тырнақ асты кір іздемей, одан да,
Сағынайық, табысайық әрдайым.

АҒАЛАР

Құдірет, шабыттансам қорқамын ба?
Қиялым әртарапқа жортады да.
Ағалар асқарымдай арқа сүйер,
Азайып бара жатыр ортамызда.

Қадір тұтқан, жол сілтер, ағаларым,
Өмірімде орның барда бағаладым.
«Қолда барда алтынның қадірі жоқ» –
деген сөзді тауып айтқан бабаларым.

Тасты жарған қас шындық мынау,
Бағаланбас бақ тайса күлесің-ау.
Сыйласаң аға да көп, іні де көп,
Қиналсаң, соның бірін табасың ба-ау?!

Тар жерде көрінеді кімнің-кімі,
Өмірдің сабағынан білдім мұны.
Адал іні, анық аға айырылмас,
Мәңгілік жаралғандай бір кіндігі.

Жеті үй, жеті жеңге, жеті аға,
Бұл жетіні құдайым қосты ғана.
Ауызбірлік, ынтымақтан айырмасын,
Жетілік үлгі болсын басқаларға.

ЕН ЖАЙЛАУДА ЕГЕСПЕС

«Әй, бұл өмір – дәл әкеңнің аузы» деп,
От көзіңмен қарасаңыз жауды іздеп.
Дос пен іні, бірге туған-туыстар,
Бірдей емес, арасында аңыз көп.

Жүрегіңіз болып кейде тас түйін,
Арман құм боп, мақтасаңыз бос құйын.
Өсек сөзге, жала жанды қазаққа,
Құдай әлі бермей жатыр бір тиым.

Артта қалған өңгіменің бәрі аңыз,
Қалам тартсаң аз да болса қалады із.
Қара мәлін қамқорынан айырылған,
Сенбесеніз, бас көтеріп қараңыз.

Аққа кара жағу деген түк те емес,
Дос пен туыс сөздерінің түбі егес.
Бөле-жала аш көздіктен шығады,
Олардың да көрген күні күн емес...

ДАУСЫМ ЖЕТПЕС

Бұл заман солқылдаған сапасы бар,
Сыйласпас бірін-бірі бағасы бар.
Күштіге күжірейген арқа сүйер,
Қалдырар марқа көңіл жағасы бар.

Тоналған мына халық жүрісі бар,
Тонаған жерін-мүлкін ағасы бар.
Заманым заң шығарды, жер сатылды,
Сатылған шетелдерге құмай жер бар.

Ақ иық өзі саңлақ тәуір де бар,
Қол жетпес ата-баба жерім де бар.
Қан сіңген, қанат қаққан қайран жерім,
Кеттің бе қолды болып басқаға дар.

Ұр да жық ақылы кем жарым да бар,
Жылуы күн нұрындай асыл да бар.
Егеске ерінбейтін кекшіл де бар,
Қу да бар, сауаттылы суқит та бар.

Ақ көңіл, ашық жүрек байғұс та бар,
Тереңнен ой ойлайтын мына заман.
Алдаған бірін-бірі тарландар бар,
Бура жал көрінбейді шөккеннен соң,
Уақтап кетті бүгін көп адамдар.

Батыста АҚШ, Шығыста Қытайың бар,
Көз тіккен біздің жерге жүр ғой талай.

Ойланып халқым енді көзінді аш,
Отырған парламентте бар ғой сумаи.
Ел қорға ата-баба қан төккен жерден,
Қалмайық айырылып бостан-босқа-ай.

2004 жыл

АЙТТЫМ ДЕРЕК

Құдайдың құдіретіне ақылым қайран,
Ғажайып таңырқайсың мұны көр тек.
«Қайғы жоқ төуекелде» деген рас,
Тәңірдің өзінде ғой алмақ-бермек.

Басына қара шыбын қонса бақыт,
Сұңқардың әуес болар жүзін көрмек.
Аспандап ұшар ұзақ тобыменен,
Құмары жерден барып түйғынды ілмек.

Күн өтпес саясында отырғанда,
Жапанда жапырақты үлкен терек.
Өлерде ер етегін қымтар өзі,
Оларға ақыл айту емес керек.

Әу баста жазулы ырзық әр пендеге,
Қолға алып тілегенмен екі шелек.
Аққудың дауысына ұқсамайды,
Дауысын шақырса да қаз бен үйрек.

Бүйрегін бұрмай қоймас туысқанға,
Болғанмен бармақ басқа, бірге білек,
Асылдың әрқашан да мысалы осы,
Қалмайды негізінде тартпай бүйрек.

Шамалап әр жағынан айтып тұрмын,
Нақылды қайда бізге түгендемек.
Шеңгелді ауылынан, көкжиделік
Тойшыбайұлы Ізтілеу айтқан дерек.



Арманның құсы әлемді самғап,
Өмірдің мөлдір тұнығын толғап.
Жанымды қайраққа жанып,
Тынығар кез келсе де анық.
Шаршамай қанат келемін қағып,
Тарихтың ізі адамға қанық.

БІРЕУДІҢ БАҚЫТЫ

«Қызыл түлкі» дейді ғой қыз баланы,
Алған да, алмаған да қызғанады.
«Аға» деген сөзіңнен айналайын,
Саған деген көңілім сыздаған-ды.

«Қыз» десе, кімнің көңілі қызынбайды,
Жүрек соғып, тамырлар дызылдайды.
Сен сияқты аққулар көлден ұшса,
Шіркін-ай, кімнің көңілі бұзылмайды.

Кімнің сен бақытысың күтіп тұрған,
Кімнің сен ғашығысың сүйіп қанған.
Сағынышын кеудеде жасыра алмай,
Кімдерге сағынышпен өн салдырған.
Білмеймін әлде бірді тамсандырған,
Жастығым өтіп барады қарсы алдымнан!

Қызыл гүл уақыт келсе ол да солар,
Бал ара ұшар бастан солғаннан соң.
Гүл қадірсіз басына қонбаған соң,
Бақыт қайдан оралар болмаған соң.
Уақытсыз соларсың бірді сүйіп,
Біріне жанбаған соң!

ТАБИҒАТ

Халқымның жаны-тәні туған дала,
Өзіңсің ұлылық та бар мағына.

Қазақтың теңдесі жоқ табиғаты,
Көріктім, жер жәннатым өзің ғана.

Көрем де сымбатыңа бас иемін,
Көремін болашағын, қасиетін.
Кенет бір дауыл соқса, боран ұйытқып,
Өзінсің менің тірлік жан сүйерім.

Мына өмір сүйген ғасыр уақыты,
Жермен бірге теңізде қара алтыны.
Болашақтың үлесін қалдырайық,
Сезімтал табиғаттың бар өлшемі.

Әлсіздігім сезілген кей кезімде,
Жас іркілсе кірпігімде, көзімде,
Туған жердің табиғатын қорлаған,
Айта алмаған сол адамға сөзімде.

Даусым жетпес бір адамның сөзі не?
Шеврон. Лукойл тағы, тағы де...

2005 жыл



Махаббаттың жоқ пәтуа, баяны,
Кеш жолығу, кеш табысу баяғы.
Мұндай, мұндай кездесулер, әрине,
Ешқашан да болған емес аяғы.
Қай тарапқа жетелейді ой мына?
Қайда жүрсем жел үрлейді қойныма.
Аңқау көңіл, ашық мінез, сенгіштік,
Отырам ба қайырымсыз бір сазда,
Құлата ма әлде биік бір жарға.

Далаң ерін біреулердің арманы,
Тас түйнектей қос анардың бар мәні.
Бірақ, сірә, сезбей оны сол жігіт,
Айырылып кеткен шығар жолдары.
Ұзады ару кеудесінде айтылмаған арманы.
Ару екен ақ күмістен жонылған...

04.02.2005 ж.

БАЛҚАШ

Балқашым әрбір күрак қамысым,
Жаз жайлауы қазы, үйрек, қонысы.
Ұшар еді жібермейді туған жер,
Жібермейді туған жердің киесі.

Аққу-қаздар, аққу-қаздар, түз әні
Уақыт қалай, «ө» дегенше озады.
Жібермейді туған дала бірақ та,
Жібермейді қимастықтың тұзағы.

Бұтақтарды жалаңаштап қоңыр күз,
Қырау шалды шөптің басын, көрініз.
Аянбадық, қажыса өмір қажысын,
Қалай айтса, соның бәрін істедік.
Боз қыраудай өтіп кеткен өмір күз,
Қолда қару дәл көздеген саятшы,
Атып салды, ұшып түсті қоңыр қаз.

Атқан екен, өлген екен, несі бар?
Құстың аты құс емес пе, патшағар.
Адам үшін жаралған соң аңдарды,
Атады ғой, атады ғой аңшылар...

ТЕҢЕУІН ТАПҚАН СӨЗ ҚЫМБАТ

Киімің жұқа болса жел өтеді,
Білмеген асыл сөзді қор етеді.
Жігіттер, бар кезінде ойна да күл,
Айналмай өмір-қызық тез өтеді.

Қолға алған бір ісінді тындырмаған,
Жалқаудың ертеңменен күні өтеді.
Өсекке үйірсек жан ақыр түбі,
Адамның ақ көңілін кір етеді.

Ұрыншак, шайпау жанның тілі удай,
Жүрегін шок басқандай дір етеді.

Көз көріп, қол ұстаса ақиқатты,
Нығайтып сеніміңді шын етеді.

Білімсіз надан жанның дабырасы,
Жарығын дүниенің тұл етеді.
Өзімшіл, ісіп-кепкен ақырында,
Бақытты өз қолымен тұл етеді.

Өнерлі, білімді жан кіші келіп,
Көңіліңді ақылымен көл етеді.
Ақ көңіл, адал жандар даналығын,
Шешіліп, жасырмай-ақ сыр етеді.

Жаманды арашалап отқа түспе,
Сыртыңнан сатып кетіп жер етеді.
Біреудің бақытына ортақтассан,
Адамдық мәртебенді жоқ етеді.

28.10.2005 ж.

ІШІ ҚАС, СЫРТЫ ЖЫЛТЫР КӨЗ

Дүние, мекен болмадың кімдерге,
Өмір шат, еңбек етсең білгендерге.
Келген соң мына өмірге ауа жұтып,
Болады әркім құмар әр нәрсеге.

Кейбіреу жақсылыққа жақын жүріп,
Жүреді адалдықпен түсіп көзге.
Арасы жақсылықтың түрлі-түрлі,
Даурығып жұрт айтқанға сене берме.

Кісіден жалғыз түйір дәмесі жоқ,
Қанағат риза болар еңбегіне.
Өсек пен өтірікке пейілім бармай,
Өзгермей тұратын бар мінез менде!

Өмірде әділетті адам болып,
«Кем» деме, соны халық біле-білсе.
Қойныма жылан салып отырамын,
Іші қас, сырты жылмаң көз көрінсе!

28.10.2005 ж.

СЕНІМ

Сенімдерден құралар мына өмірім,
«Сенбеймін» деп айта алмаймын, сенемін.
Сеніп жүрген адамдарың алдаса,
Қорлығы сол мына тұрған өмірдің.

Қоштасудан сиреп қалған адамның,
Жүдеу тартқан көңілінен қорқамын.
Жұптасудан тұрса-тұрсын мына өмір,
Қоштасудан тұрмаса екен ертеңім.

Бір басымның қайғысынан қорықпадым,
Ойы өріссіз, ойсыздардан қорқамын.
Сезімі жоқ жүректерден сақтағын,
Сенімі жоқ адамдардан қорқамын.

Кеуделерде от боп мөңгі жанайын,
Сенім болып есігінді қағайын.
Ұшып келген көктем құсы секілді,
Есігінді аш, кеудең толсын, ағайын!

Сағынышы аққуы боп көк айдын,
Құсы болып ұшайыншы тоғайдың.
Жайлауы боп жадыраған көңілдің,
Толтырайын кем-кетігін, ағайын.

ӨМІР ЖҮЗ БІР СӨЗДЕН ҚҰРАЛСА?!

Жылау, Жөргек, Бесік,
Сөз, Қадым, Дәрігер, Тымау,
Жүгіріс, Ойыншық, Алу,
Аула, Әткеншек, Бала-бақша,
Мектеп, Екілік, Үштік, Бестік,
Доп, Төбелес, Гипс, Төсек,
Кедергі, Қан, Сынық мұрын,
Аула, Достар, Араласу, Менмендік,
Институт, Көктем, Бұта,
Жаз, Сессия, Үлгерім, Қабырға,

Пиво, Арак, Мұзды джин,
Кафе, Сессия, Диплом,
Қиял, Махаббат, Аспан,
Қол, Ерін, Ұйқысыз түн,
Үйлену, Ата, Ене, Қапқан,
Жанжал, Клуб, Достар, Стакан,
Үй, Жанұя, Жұмыс,
Күн, Шуак, Жаз, Қар, Қыс,
Бала, Жөргек, Бесік,
Есеңгіреу, Ашына, Төсек,
Бизнес, Ақша, Жоспар, Құлдырау,
Теледидар, Сериал, Күлкі,
Саяжай, Шие, Мейрамхана,
Ақ шаш, Бас, Сақина, Көзілдірік,
Немере, Жөргек, Бесік,
Есеңгіреу, Қантасу, Төсек,
Жүрек, Бүйрек, Буын, Дәрігер,
Сөз, Табыт, Қоштасу, Жылау!



Халқынның жарай білгін керегіне,
Санамен сараптайды оны ел де.
Адаспа сен өмірден қателесіп,
Шыққын сен көздеген әр биігіңе.

Теріс кетсең, түзегін бар мініңді,
Әркімге жая берме жан сырынды.
Жасаған жақсылықты айта берме,
Түсіне де бермейді әркім мұны.

Елмен табыс, кетпегін одан жырақ,
Кеткенде сен табасың қайдан тұрақ.
«У ішсен, халқынмен іш» деген сөз бар,
Еліндей қайда болсын саған қуат.

Жақсы ісінді қашан да ел қолдайды,
Басқа жұрт туған елдей бола алмайды.
Бетке айтады ағайын мінің болса,
Өз еліндей табылмас саған жайлы.

Білген мен үйренуге намыстанба!
Ақыл-кеңес айтқанда сырттап қалма.
Өзім білем дегенге салынбағын,
Ақыл керек өмірлік ағыстарда.
Терең ұғын, түсінгін, қалыс қалма!

Я НАҒАШЫ

(Сағынбайдың 60 жылдығына)

I

Ау-халқым, жұртым армысын
Ағайын туыс бармысың.
Сендер деп аңсап өтермін,
Біткенше менің әл-күшім.

Жазықсыз жаным қиналса,
Тіреу болар талмысың.
Ақын боп менің жүргенім,
Халқым ау сенің алғысың.

Туған елім Балқашым,
Сексеуіл, жиде бармысың.
Сағынып қалған жүректен,
Төгілтіп салар әнбісің.

II

Артында қалып ұзақ жол
Халқыңмен бірге өстің сен.
Беліне шықтың алпыстың
Серіліктен көштің сен.

Арманға жалғап арманды
Қызықты белден бастың ғой.
Демінен талай сұлудың
Нағашы сырын аштың ғой.

Өнеге алып өмірден
Шүкірлік еттің бағынды.

Ісіңе елің сүйсініп
Түсіңе білді жаныңды.

Ағайын туыс дос жаран
Артады саған сенімді.
Асқар тау болып өмірде
Көтерші өзін көңілді.

Өз ошағың өз төрің
Сол ошақты жылыта бер.
Халқың бірге өмір бір
Құдай берген жасты көр!

III

(Ай жеңеше сізге де бір ауыз сөз)

Кешегі маңғаз жеңешем
Ботасын ерткен нармысың.
Жылуын қамтып ошақтың
Аман есен бармысың.

Сәкеңнің мына қойнында,
Жарқырап жанған шамбысың.
Бақытты тасып, жанардан
Өртеніп жатқан жанбысың.

Қызғалдағы көктемнің
Сезімге толы гүлмісің.
Сағынып жүрек іздеген
Сағынышы болып жүрмісің.

Мәңгіге өшпес бақыт боп
Жүректе қалған нұр жүзің.
Алыстан жеткен қуат боп
Қайталай берсін назды үнің.

Ошағың, ортақ, өрісің
Сәкеңе өзін сүйендің.
Тағдырдың ащы тұздығы
Махаббат шіркін өшпесін!

КҮЗЕМБЕК ЖЕЗДЕМНІҢ 80 ЖАС ТОЙЫНА АРНАЙМЫН

(Әзіл-қалжың аралас)

Өлеңім Күзембектей жездемізге
Жабысқан көк тақия шекесіне.
Көзінде көзәйнегі сүзе қарап
Ұқсаған Бақанастың текесіне.

Баласы Бегімбектің сөзің аян,
Ашуды берген құдай аямаған.
Қосылған малдарыңды елден көріп,
Аласың қолға таяқ болып шаян.

Ішкенің вино-арак тоқтамадың
Ақыл айтса ағайын боктағаның,
Арағыңды қойдырған Жанат жиен
Бұл күнде «тоба құдай» — деп қарағын.

Күзеке ауыр жаспа сексен деген
Айырылып қуатыңнан бөксең деген.
Келмейді қырық жасың қайта айналып,
Күніне үш шақырып кемсеңдесен.

Білдің бе кім екенін досың анық
Білдің бе кім екенін қасың анық.
Жүргенде кеуде сүйреп әрең-әрең
Бұл өмір өте шықты судай ағып.

Өмірдің көтердің ғой тасын алып
Жүрсің бе ашуыңды басып алып.
Бірін-бірі күндеген ағайын-ау
Жүрмеңдерші сыйыңды шашып алып.

Күзеке сексен жасың тоқтау алып,
Құлақ сал бұл сөзіме есіңе алып,
Өр көңіл тақаппарлық өршілдікпен
Жүрсің ғой қайындықты сатып алып.

Жүрегінде әр жолдың ізі қалып
Бақытыңа қуандың ба мың бір әріп.
Өмірдегі кей кезгі тепкілерден
Көңілдің сезімдерін жонып алып.

Бүгінде тоба құдай қатардасың
Жеткізген бала-шаға аман басың.
Бас қосып сексендегі тойыңды жасап
Ағайын туған-туыс қасындасың.

Құдайдың бұл да саған берген бағы
Арманға жеткенің ғой айтсақтағы.
Қасқа басың жалтырал тірі жүріп
Демей берсін бір Алла өзі дағы.

НҰРМОЛДА

*(Екі мәрте Социалистік Еңбек ері
Нұрмолда Алдабергеновтың 100-жылдығына арналған
мүшәйраға)*

Қараңғы — түн қайғы, тас ол да сенің үлесің,
Найза-қылыш қолында киген етік кебісің.
Тайғақ кешу тар заман үзеңгіде жүрісің,
Ойлап соны қарасам заман өткен неше сын.

«Совет»-деген заманда ер көңілді Нұрмолда.
Еңбек етті халқыңа, аямады жаның да.
Алдындағы қора-мал аман болсын баққаны,
Ерте кетіп үйінен, түнде келді шайына.

Біртуар жан болғаны сол еңбектің арқасы
Халқы солай сыйлаған ер-азамат тартасы,
Екі мәрте Социалистік Еңбек ері атанды,
Жүз жылдығы ұлы той Жетісудың марқасы.

Қазақта той көп жасасан, тойың-тойға ұлассын.
Бәйге тіккен мінеки мүшәйраныз жарассын.
Өзінді-өзің сыйлаған мінездерің жанассын.
Ата-баба аруағы әр уақытта қарассын.

Қолға қалам ұстаған мені де Құдай қолдасын!
Елу елдің қатарында тең тұруға құптасын.
Кеше өткен сайлауда «Нұр Отан» — деп қолдаған
Халық сенімі ақталсын да жақталсын.

Пенсиялары көбейіп, зейнеткерім мақтансын
Мұғалім мен дәрігер оларда сорлап қалмасын,
Табыстары көбейіп мақсаттары орнасын.
Бала-бақша көлемі бес-алты есе көбейсін,
Қазақтың санын арттырып, жөргек ақы сақталсын.

МАТЖАН АҒА

Сізді сыйлау — ол — бөлек сезім бөлек,
Қарсы келіп көрмедім сізді «сен» деп.
Қауышып көкірекке жарық бердік
Ұсынған ақ көңілді анық төр деп.

Тамырлы тектілік бар тұлғаңызда
Сабырлы мықтылық бар ойыңызда.
Қазақтың асау қаны тулап жатыр.
Ағажан айтарлықтай бойыңызда.

Өзен боп дарияға ұластыңыз
Түскенде боз қырауы қырқада күз.
Айтулы алтын тойды атап өттік
Келесі Гауһар тойда жолығамыз.

Қуанар сәлем беріп елесеңіз
Жетпіс бір жасқа келді демесеңіз.
Көз қырын ағамызға салып қойып
Құлпырып отыр міне жеңешеміз.

Ешуақытта саспағанда таспаған.
Әдеп дейтін шекарадан аспаған.
Қарапайым жан ғой біздің Мәкең
Еңбек жолын ұстаздықтан бастаған.

Маңайына жия біліп жастарды
Алға қарай қадамын нық басқанды.

Орда бұзар 30-ға жетпей-ақ
Шенгелдіде орта мектеп басқарды.

Қай кезде де бір қалыпты боласыз,
Өзіңізге қатаң талап қоясыз.
Өзімсіңген адамдармен әуелі
Зілсіз ғана өзілдесіп аласыз.

Ұл-қызыңа асқар таудай панасыз,
Кең пейілді дарқандатқан даласыз.
Аман саулық әл-қуатың сарқылмай
Жүзге дейін қырандайын самғаңыз.

2007 жыл

ТӘҢІРБЕРГЕН АҒА!

Жарасар әзіл айтып еркелеген
Өмірді күліп ойнап көркем еткен.
Алдында арыстандай аға болса
Кідірмей өтер едім сан өткелден.

Жан аға інің бүгін тағы мұңды
Зақымдап жүрек, бүйрек, баурымды.
Бойында үшқыны бар адалдықтың
Мен сіздің бағалаймын ағымыңды.

Ешкімге азаматсың бас ұрмаған,
Арының қазан аттай басылмаған.
Тағдырдың жақсы жаман дәмін татып
Өттіңіз талай-талай асулардан.

Мықтыға құлап түспей жәй құптаған,
Жүрегі ешкімненде қаймықпаған.
Қол беріп амандасып қалған кезде
Уысы саусағыңды шықырлатқан.

Өшпестей із қалдырып артыңа тек
Немере, шөберенді алданыш ет.
Жетпіске желе тартқан кәрі қыран
Шөпшегіңнің тойына аман-сау жет.

2008 жыл

ӨМІР ЭЛЕГИЯСЫ

Мен үккан бұл өмірдің дастан әні,
Сәбидің жылауынан басталады.
Жылап кеткім келмейді бұл өмірден,
Сонында қоштасудан тұрса дағы.

Автор.

Шыр етіп жарық көргенде неге сонша жыладым,
Ананың сезбей мейірімін жылағанды қоймадым.
Жаңа туған нәресте неге мұнша бұлдандым
Тар бесікті менсінбей керіліп, созыла туладым.

Күн нұрына құштар боп ана мейірімінен нәр алдым,
Бөбек болып еңбектеп өзімді-өзім алдадым.
Махаббатқа бөленіп басқа жанды көрмедім,
Айтқанымды істетіп бақытты күнді иемдендім.

Жастық шақтың арнасы жазықсыз өстім демедім,
От жалын боп лапылдап шокқа да күйіп өртендім.
Тоғыз жасқа келгенде әкеден жетім қалғаным,
Өтерін білсем де өмірдің тағдырдың құлы болмадым.

Ержетіп мүлдем есейіп толық сана кіргенде
Алды-артымды ойладым, ой қызығына тоймадым.
Самалға тосып кеудемді өз бақытымды іздедім
Жақсы мен жаман арасын ой жүгіртіп түзедім.

Бәрі жақсы көрінген қызыққа толы өмірден,
Бірде күліп, бірде жылап сыбағамды жеп көрдім.
Арғымаққа мініп алып артқы топтан адастым,
Бай-дәулетке жетемін деп өткен күннен алдандым.

Кейде бәсең көңілім, көргеннің бәрі өмірім,
Көз жұмулы, ой толғау бір Аллланың құлымын.
«Жаста болса ұлғайған жапырақтарда сарғайған
Тағдырым қалай болдың» деп өткеніме үнілдім.

Бірде бал, бірде «у» берген, өмірім солай жалғасқан,
Бірде бақыт, бірде қайғы тоғысқанда арласқан.

Биік шыңда, терең күз бүгін міні қарасан,
Бір күнгі жарық дүние артық екен әу бастан.

Алпысқа жақын келгенде ой толғады мені де,
Салмағы ауыр жүгімнің, артамын қалай бөтенге.
Намысым бар жігерім, арым таза өмірде,
Тереңге ой сап өлеңім, мәңгілік қалса дегем де.

Басқасы тәйір не болсын, жансын мейлі өшпесін,
Уайым бүгін қайғы әкеп, Аллаһ жамандық бермесін.
Жақсылық болып жанымда, көңілді шуақ желдетсін,
Құдай қолдап әр кезде бақытымнан үзбесін!

Қалам алдым қолыма, өлең жаздым — ол тағдырым,
Сәби күнгі жылаған күндерімді есіме алдым — өткенім.
Мына өмірге келсемде жылап, сонда да мен кетемін,
Күліп тұрып, тағдырды сойып тұрып, жеңіске де
жетемін!!!

01.02.2008 ж.

ТҰМАН ДОСЫМ, ІЗДЕЙМІН СЕНІ!

Өмір тәтті, тағдыр қатты. Қатты демей недейн,
жақсы менен жайсанның тура жолын кес-кестеп,
кедергілерін құрып тастағанымен қоймай,
жаны жайсаң азаматтарымыз бірінен соң бірі
о дүниеге аттанып жатса. Адам баласының өмірге
іңгөлап келген сәтінен бастап өткізген әр күні
соңғы бекетке бастар соқпақ тәрізді, кейде
солай да!

Дей тұрсақ та, ақыл-ойы кемелденген, жасы жетіп
қартаймай, бойынан әр-қуат таймай, қылшылдаған
жас кезінде жарық дүниемен ерте қоштасып
жату өкінішті-ақ. Ондайда жанарыңа жас
іркіліп, жүрегің сыздайды. Азаматтың тұлғасы
Алатаудың мұзарт шыңындай, жан дүниесінің
тазалығы таңның мөлдір шығындай аяулы досым
Тұман Қасымбекұлының пәниден бақиға аттанғанда

жан дүнием көшкен елдің жұртындай құлазып қалды. Жүрегім бір сөт соқпай қалғандай болды.

Ол кезде мен Талғар ауданы Шенгелді ауылында сол ТМРСХО бас сәулеткер болып қызмет істейтін едім. Демалыс алып әлде бір жаққа бару мүмкін емес. Себебі жұмыс бастан асатын. Осындай қарбалас уақыттың бірінде сонау Балқаш ауданы, Қарой совхозында тұратын досым Тұманның іздеп келгені барма үйге.

Мәз-мәйрам болып қуанғаным сонша құшақтай берем қайталап. Сонымен екі күн үйде қона жатып әңгіме шерттік емеспе, қатты сағынып қалыппыз. Тағдырдың тартысында жүріп кездеспегелі біраз жыл болып кетіпті. Айтылар әңгіме таусылар емес... Сондағы сенін жымия отырып ұзақ қарағаның маған соңғы кездесу екенін білсем ғой. Екеуміз бір-бірімізді қимай ұзақ тұрып қоштастық.

Бірде:

— Мен үйге барған соң хабарласам, келсеңші, кешікпей кел, — дедің.
Үш күн өтпей суық хабар аларымды білдім бе?!
Қаралы хабарды жеткізген азаматқа:
— Не дейді? Не дейсің сен? Қашан, қалай? — деп қана айта алдым. Әрмен қарайғы әңгіме мәнсіз еді...

Соңғы отырыс, соңғы бейнең мәңгі көз алдымда.
Жаның жанатта болсын, Досым!



Ағысқа қарсы қарай жүзіп келем,
Тереңнен ой маржанын сүзіп келем.
Сен менің шаттығымды толықтырған,
Нағыз дос Тұман сені іздеп келем.

Тіріде тапбасымды мен де сезем,
О дүниеде табысармыз, кімдер білген.
Сағынған достық сезім өшбесі анық.
Тыңда мені құлақ қой, айтып берем.

Сендей дос таба алмадым мына өмірден,
Тағдырдан ашы таяқ жеп те келем.
Сұмырай сұм ажалға қарсы тұрар,
Жарығы сонау күннің «Біз» деп білем.

Қиын деп өмірден біз жерінбедік,
Арманға жету үшін ерінбедік.
Бақанапта, жастықтың базарында
Қатар жүріп бүтінді бөліп жедік.

Көңілге жақсы ойларды тоқығанбыз,
Балқаштың жалын алдық отынан біз.
Сайранын жастық шақтың бірге кешіп,
Көкжиде мен Қаройды жол қылғанбыз.

Жүрек – қақпа айқара ашылған да,
Тоқтау бар ма аруға ғашық жанға.
Күйеу жолдас, асаба және болдым
Серікгүлге Тұманжан қосылғанда.

Болып едік жанашыр әрі қорған,
Дос едік айырылмастай бірге болған.
Ант ішіп төспен-төс қаққан кезде
Анамыз қасымызда бірге болған.

«Балаларым достық жол қиын деді,
Достықты бағалаңдар сыйын енді.
Адалдық пен достықты бірге сақтап,
Мол бақыт бастарыңа қонсын» деді.

Ай өтіп, жылдар зулап өте берді
Сол достық мәңгі бізбен бітеу еді.
Отыз екі жасында бақи болып,
Жиырма төрт жыл іздедім досым сені.

Қалайша мен мүжіліп көнеремін,
Достың да досы болдың, бөлек едің.
Аман-есен ұл-қызың орынын тапты,
Аруағың ырза болсын, досым менің.

Жанғанмын, өшерімді мен де білем,
Өшсемде із қалдырып кетсем деп ем.
Білмеймін ұқсаттым ба, жоқ па әлде
Отырмын жүрегімді жегіп бүгін!!!

23.02.2008 ж.





Екінші тарау

АРЫМ ТАЗА,
ӨМІРДЕ ЖАНЫМ ТАЗА

Өмірге келдім, өмірден өтем,
Алысып асау тағдырмен.
Өленді мен де жалындап сүйдім,
Өртенерімді сезем мен.

НЕ ЖЕТПЕЙДІ?!

*Не жетпейді, атақ па әлде мансап па?
Қанағат жоқ өмірден көп алсақ та.
Біреу түйсе ту сыртыңнан жұдырық,
Ал біреуді жүгіртеміз сан-саққа.*

*Не жетпейді, байлық па әлде мансап па?
Қанағат жоқ, қанша рахаттансақ та.
Ішті тырнап, қара мысық қызғаныш,
Ал, біреуді жүгіртеміз жан-жаққа.*

*Не жетпейді, бедел ме әлде мансап па?
Қанағат жоқ біразға келіп қалсақ та.
Жақсы адам одан жаман болмайды,
Не бір сұмдық лагнеттерді тақсақ та.*

*Шындық іздеп күніменен-түнімен,
Жүрегімнің түкпіріне үңілем.
Мен қуансам, шындық үшін қуанам,
Мен түңілсем, жалғандықтан түңілем.*



Өмір жайлы жыр қосам жыр кеніне,
Мәз боламын өлең оқып жүргеніме.
Бақыттымын тіршілік түнерсе де,
Тыныс алып сәл өмір сүргеніме.

Аурудың тасыған көп қан тамырын,
Қиындықтың мен таттым талай дәмін.
Мүмкін мен де өмірден аттанармын,
Тыңдайсындар бір күні ақырғы әнін.

О дүниеде түспейді көріңе күн,
Аққу мойнын бұрмайды, не керегін.
Сондықтан да алдында бұл аурудың,
Дір-дір етіп үрейге берілемін
(Өзді-өзімнен сан рет жерінемін).

О дүние білмеймін мұң қаптаған,
Өмір тарлық етеді бұлғақтаған.
Қара жерді менімен қатар басып,
Жүргені үшін адамдар қымбат маған.

Бір кездегі күлкідей сыңғырлаған,
Өмір өтіп кетесің мың қақпадан.
О, өмір, сүйем сені, сүйемін мен!
Әрбір өткен күндерің қымбат маған.

ДОСТАРҒА

Өмірдің өтеріне сенгің келмес,
Қолыңнан еркінменен бергің келмес.
Дүниені дөңгелетіп өтсең дағы,
Қара жер қойнауына енгің келмес.

«Қара тас мамық болар ұйқың келсе»,
Сұлудан сұлу асар сүйгің келсе.
Қолындағы бүркітің тышқан ілмес,
Туған жерден араңыз алыс кетсе.

Көңілдегі тәтті ой үйлес келмес,
Басыңдағы бақытың тайып кетсе.

«Дос-жолдастар» дегенің суыр болар,
Інге кірген суырдың көзі көрмес.

О, өмір, өтеріңе сенгім келмес,
Бір бастағы қиындық түк те емес.
Шын достар жанын салып ара түсер,
Ақ ниетті адал досқа ешкім жетпес.
Елуіңе енсеріп жеткен кезде,
Сағыныштан шыққан сөз барып жетсейші!

СЕН МЕНІ ОЙЛАНДЫРДЫҢ, ОЙҒА АЛДЫРДЫҢ

Сен мені ойландырдың, ойға алдырдың,
Бейкүнә сәби жүрек бар қылығың.
Жаңбырдан соң ашылған қызыл гүлдей,
Тетігі сен боларсың осы жырдың.

Қонакпыз жолаушыдай бұл өмірде,
Шашылған ырыздықты бөліп жеуге.
Өмір теңіз, ескексіз қалып қоймай,
Алдағы күндеріннен үміт үзбе!

Болғанда сыртым бүтін, ішім түтін,
Сырымды тең бөлісер қараңғы түн.
Мазалап сансыз ойлар күрсінткенде,
Тамшы боп тамшылар ма қайғы мен мұң.

Өмірге сен де келдің, біз де келдік,
Біріміз кеш, біріміз ерте көрдік.
Сәл ғана уақыттың өткені-ай,
Құштар ғып бір өзіңе еткен тентек.
Сен мені ойландырдың, ойға алдырдың!

ТІЛЕК

Өсе келе қол жеткізер талайға,
Білімдіні жас кезінен бағала.

Автор

Туған жердің бір гүлі,
Секілдісің жан балам.

Мектебінде үлгілі,
Бола алдың ба, толғанам?!

Табар көңіл қалауың,
Қуар жолын білімнің.
Бөлісіндер, ағайын,
Қуанышын ұлымның!

Балалық шалқар шаттығын,
Шырқатып әнге қосып бір.
Аялап өмір ақ гүлін,
Алдыңда арман тосып тұр.

Шындайды өмір мектебі,
Болашақ күндер толыссын.
Өмірде ертең шептегі,
Адам болу – борышың.

Мектеппенен қоштасып,
Басташы жаңа ғұмырды.
Өмірменен достасып,
Бағалай біл білімді.

Ата берсін таң күліп,
Ақ махаббат гүл жарып.
Содан түскен нұр жарық,
Берсін қуат мәңгілік.

Артында сара жол қалсын,
Халқыңа үлгі боларлық.
Аллам саған жол берсін,
Шың басында қаларлық!

ОЙЛАНҒЫН БАЛАМ!

Таза бұлағың тұрсыншы тұнық,
Жүрмесін халқың жігері сынып!

Автор

Еңбек ет, балам, өмірге өзің келген соң,
Сол үшін Алла жаратқан жерге пендесін.

Бағала, сыйла, әділет тұт халқыңды,
Халқың да сені құрмет тұтып сый етсін.

Біреулер жүр көтеріп құр кеудесін,
Етекте тұрып құздағы жұртқа «еу» десін.
Біле ме олар табылған дәнді терменен,
Халықтың өзі өртенбей қолдан бермесін!

Еңбек ет, балам, әділет ұстар сен десін,
Өзгертер бәрін ақылмен өзің пендесің.
Өнерден қалма, өзгеге көңіл бөлген соң,
Құт-береке орнасын жерге, елге сен!

Жеріне жайсаң төкпесін көрін, қарағым,
Бейбіт елдің кетірмей сөнін жарағын.
Батыс пен шығыс құтырған иттер самғауда,
Ойланған дұрыс, ішінде иттің не барын.

Арманда, балам, қиялың құрғақ болмасын,
Өткелін ізде өмірің ұзақ талмасын.
Жерге жан бер, ұрпаққа нәр бер шамаңша,
Көтер кеуденді ғасырың азбасын, тозбасын.

Шелектеп жинап, шүмекпен ішіп ырысты,
Шеңгелден гүл, тастан құйғын құрышты.
Жерге дән сеуіп, жүректерге нұр беріп,
Өмірдің мөлдір тұнығын талға бір істі.

Көтере алмай өмірдің ауыр салмағын,
Тіршілік аз күндік, жоғалтып алма арманын.
Бабалар өткен біздерге тастап мал-жанын,
Ескер, балам, басқалар ортақ болмасын!
Отаныңды қорға!
Отаның, халқың, өз басың!!!

«ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНЕ АРНАУ

«Жетісу» газетінің тілшілерімен
кездесу кезіндегі арнау

I

Табиғаттың талғамы, Жетісуым мекенім,
Өзіңнен нәр алдым, өзіңнен көркейдім.

Облыстың жаршысы, шындықтың өзегі,
Өзіңнен оқимын «Жетісу» газетім.

Ынтымақ-бірлікке шақырушы құралым,
Халқымның мінбесі, айтылар жыр-өнім.
Облыстың айнасы, жақсылықтың жаршысы,
Бабалардың сөзі бар тәуелсіздік ұраным.

Басыңнан қаншама тарлан тағдыр өткенін,
Білемін, өзегің үзілердей қайтадан көктедің.
Тілің өткір, ісің бар халқымның көз-құлағы,
Сондықтан, сені оқимын, өтетін өткелім.

Ана тілдің жаршысы, жанашыры өзіңсің,
Облыстың бар шежіресі оқылар көзісің.
Тоқсан жылдық тарихың тоғысар күн туар,
Арың барда адаспас жолың таза Ұжымсын!

II

Қалмаңыз қатарынан басқалардың,
Тартынба, болса қиын жасқанбағын.
Шындықты табу үшін күреске түс,
Ал онсыз тұрақтамас басты арманың!

Іркіме, бостық қылма газетіңе,
Еңбек ет, қалам ұшта өңіріңе.
Бағала, сөздің шарқын ұғына біл,
Еліңнің кіргін нағыз сеніміне!

ШЫЛЫМ ШЕККЕНДЕРГЕ

Түтіндетпе ортаны,
Қарайтпашы өкпені.
Әзер демін алады,
Тыйтығына жеткені.

Ауадағы оттегі,
Адам оның бөлігі.
Бұл белгілі ақиқат,
Тесе берме өкпені.

Қайда барсаң көк түтін,
Кеңсені жайлап барады.
Уландырып қаланы,
Далаға да тарады.

Аузында бар темекі,
Жақтырмаймын жандарды.
Жылтылдаған қызыл шок,
Қорқытады түндегі
Анаша тартып үйренген,
Болашақты күндеді.
Терең түсін болашақ,
Түбіңе жетер темекі.

Айналаға қарандар,
Аңдып өссін адамдар.
Өмірге күштар, ынтызар,
Өңкей сәби балалар.
Желкілдеген, о, жастар,
Темекі-арақ улантар.
Өздеріңнің, өзгенің,
Денсаулығың бұзбандар!

ТОЙ ТУРАЛЫ ОЙ

Сен жалғыз үймін деп қорықпа,
Жұрттан ұят – ардан қорық.
Ойға алған ісінді бастап,
Ол аяқталмаса содан қорық!

Аман-есен елуге жетіпсің толып,
Жарылсын ақ түйенің қарыны.
Жоқты тап деп ел саған айта ма?
Аямасаң болғаны барды.

Тойдан тоятын кісі аз болады,
Қызығымен жүріп мәз болады.
Жақсы басқарған той,
Жақсылыққа толады.

Тамадан тілді болсын,
Бос сөйлемей ақылға інді болсын.
Тауып айтып жүрекке жылы сөз,
Баста ми, көкіректе сана болсын.

Тас түскен, ақыл іскен жерге,
Күбісі тең болғанда піспегіне.
Айраны шашырамай майы тұнар,
Суменен айналдырып піскенінде.
Бөрінің ретін тап, ойлан іске?!

2002 жыл

САҚТАН БАЛАМ!

«Сақтансаң, құдай сені сақтар» деген,
Халқымда ежелден бар мақал терең.
Сақтанып жүрген жақсы әр нәрседен,
Ұсынар алдыңнан сын өмір деген.

Ажалдан қалған сәті көп адамның,
Астында қалып сұмдық не жаланың.
Талайлар қиянатқа барады арланбай,
Былғау мен былық іске адал-арын.

Бөрінен таза болғын, жөн демекпін,
Өзіңнің арыңменен еңбек еткін.
Сақ болғын, айналаңда дұшпаның бар,
Жасауға даяр тұрар «кереметін»!

«Сақтықта – қорлық жоқ» қой білсен, ұлым!
Өмірден өкінбестен түсін сырын.
Адалдық барда жолың таза сенің,
Сезерсің бастан өтсе мәнін мұның.

Қалма сен қатарынан басқалардың,
Тартынба, болса қиын жасқанбағын.
Шындықты табу үшін күреске түс,
Ал онсыз тұрақтамас басты арманың.

Қатарыңнан қалмау үшін тірлік ет,
Адамдарға жақсылық жасау бір міндет.
Асыл арман тұрған кезде алдында,
Қандай адам қиындықтан түнілмек.

2005 жыл

АЛТЫНБЕК (СӘРСЕНБАЙҰЛЫ)

Өмірінің нағыз толған шағы еді,
Саған сенген қаншама халық бар еді.
Оппозиция құрып, сенген сеніммен,
Өмірге дара жол сілтеген нар еді.

Өз Отаның өзінді атса не дейін,
Дала кезіп, тас керен боп кетейін.
Дәруіштегі жапа шеккен далада,
Отансыз боп, Отансыз боп өтейін!

Қызыл мен ғой, қызыл қаны аққан жер,
Бұл не қылған батпан қайғы, батпан шер.
Адамды адам атпаса екен, ол — адам,
Қалай Отан бола алады атқан жер!

15.02.2006 ж.

22 НАУРЫЗ

Ақпан кетті ақ тонымен бел асып,
Наурыз келді жасыл желек жарасып.
Масайрайды күн көзіне шуақтап,
Бар тіршілік, жан-жануар таласып.

Ата-бабам тойлап өткен Наурыз!
Сол тойлардан қасиетті қалды із.
Міне бүгін ұрпақтарың қуанып,
Ән шырқалды, би биленді, қараңыз!

Бостандықты өлмей бермес бабамыз,
Сол арманды жалғастырды балаңыз.

Мына өмір қажымасын, талмасын,
Көк жалауды көкте ұстап қаламыз.

Шарықташы, шаттана бер, Жастарым!
Бұлт торлаған ұмытылсын азабың.
Егеменді елім менің көркейіп,
Кең даламда алшаң бассын Қазағым!

Төріміз кең, кішіпейілді халықпыз,
Ауыздығын қолдан берер алып біз.
Неге кейде шашыраған жұлдыздай,
Тілгілейміз ет-жүрекке салып із?!

Кейде біздер жанып-өшіп қатамыз,
Қу тіршілік жетегінде кетіп біз.
Сөзін тындау, ата-баба жолдарын,
Кейінірек, кештеу ұғып жатамыз!



Дұшпансыз ер, жаусыз халық жоқ,
Бірлік бар жерде халық тоқ.
Мұратқа сен де жетерсің,
Аспаның ашық, кимін көк.



Патшаң халық үніне құлақ асса,
Халық патша үніне құлақ асар.
Осы ғой қалдырған із артымызға,
Тарту ет, бақыт сыйла халқымызға.



Амал қанша,
Жанбай қойса бағы ұлдың.
Осыны айтып,
Қай күндері шағындым.
Елжірейді,

Аққу құстың жүрегі.
Сыңарынан
Айырылған жалғыздын.

Қыран қанат
Самғай ұшса сенімен
Өмірге іңкөр
Жан жүрегім өзінмен.
Толғанамын,
Төбіренем бірақ та,
Өмір – өлең,
Болса әуен сендермен.

Таңғы шуақ түндерден,
Мәуелі бақ гүлдерден,
Көңілің көктем ән-жырдан
Өмір, неткен көркем ең!

АРМАН ЕТКЕН ТӘУЕЛСІЗДІККЕ 15 ЖЫЛ

Он бес жыл болды, Тәуелсіздік келгелі,
Он бес жыл болды, бақыт құсы енгелі.
Бағалайық бостандықты ел болып,
Еліміздің өркендесін ертеңі.

Тілімде де болды енді бостандық,
Кезінде рас, бәрінен де жасқандық.
Қазағымның ұмытылған сөздерін,
Ана тілде ардақтаудан бастадық.

Жанды бүгін жанбай қалған шырағым,
Төкті жерге егемендік шуағым.
Дербес елмін «қазақ» деген қайсарлы,
Алыс елдер табысыма тамсанды.

Тәуелсіздік енді елімде мереке,
Тәуелсіздік – құт, қазына, береке,

Жылдан-жылға гүлденсе деп тілеймін,
Көрсетумен елім нағыз мереке.

Егемендік келді міне еліме,
Бейбітшілік нұрын шашты жеріме.
Арман еткен Тәуелсіздік мың жылғы,
Шықты міне байтақ қазақ төріне.

Көріп тұрмын жүздерінді жайнаған,
Шырқалғанда өз тілімде әнұран...
Бабалардың арманы еді аңсаған,
Тәуелсіздік берік болсын, Қазақстан!

16.12.2006 ж.

ЕЛУ ЖАС

Сыйлағанда 50 жас маған гүлін,
Жазған жырым – жан сырым, адалдығым
Он жеті мен елудің арасында,
Өкінбестей тағдырға ойнап-күлдім.

Сандуғаштай бақтағы сайрап өмір,
Қас-қағымда өтерін жақсы білдім.
Жастығымда жақұттай жайнап тұрған,
Тұлпарымды болдыртпай айлап міндім.

Көрген қызық қарымын қайтара күн,
Қайтіп енді жасарып, жайқалармын.
Думаны мол, жыры мол отты жылдар,
Текке өтті деп мен қалай айта алармын.

Ашылды да қауызым ерте менің,
Өміріме сән беріп еркеледім.
Асыр салған айдында «аққуымдай»
Шіркін, жастық, не деген көркем едің?!

Бал сезімнің бағына еніп мен де,
Сал-серілік құрғаным әлі есімде.
Болмасынды тыңдағы болдырам деп,
Шарап ішіп шалқыдым сол кезімде.

Сәуле жарық тұрғанда өз басымда,
Ешкімге де есемді жібермедім.
Сүрінсем де кеудемді биік ұстап,
Ешқашан да еңсемді түсірмедім.

Бастан қуып жын-шайтан елестерін,
«Бақыт деген – байлықта емес» – дедім.
Дала өнін тындадым, сұңқар үнін,
Сұрағы көп өмірім емес пе едің?!

Көрген өмір қызығы бар осында,
Тоңасың ба, от болып жанасың ба?
Мен сынығы асылдың тасқа қайра,
Тот баспайтын қасиет бар асылда.

Бас қосайық бірігіп кел, ағайын,
Шалқытайық той жасап думандайын,
Жасарады ер жігіт елу жаста,
Шарықтатып көтерсе көңіл-күйін.

Адалдығым, ағайын, туған елім,
Өзімді-өзім жоғалтпаған екенмін.
Елу жасқа келген тойым, мінекей
Мен бұған да шүкіршілік етемін.

Дәм-тұзымды тарту етем келіндер,
Төрім дайын, қонағым бол, ағайын!
Отыз жылдай отау тіккен, алдыңа
Галинадай шашу шашар келінің!

2002 жыл



Ұзақ жолға жете ме менің күшім?
Бойымдағы қайратты жиып көрсем.
Жайбарақат бостығым керек емес,
Халқым үшін, дос үшін, туыс үшін.

О, ақын, оқшау тұрмай сілкін енді,
Боз қырау шашың түгіл, мұртыңа енді.

Егеменді ел болып аттағанда,
Босағадан шақпасын шаян сені.

Қара күрт па, қаптаған күрт-кұмырсқа?
Улы жылан, қарандар, түр бұрышта.
Ел ішінен құрылып жаңа елдікте,
«У» таратып жүрмесін әр бұрышта.

Күйінесің, кімге айтасың күйінді,
Тәңір бізді тәлкек еткен тәрізді.
Ұрпағымыз өтей алмай жүрмесін,
Біздер алған оңды-солды қарызды.

Басымыздан қандай шақтар өтсе де,
Байлығымыз нандай сақтар көп те еді.
Халық үшін қолдың ұшын бермеген,
Қара басын ойлағандар көп пе еді?

Әрбір жылдың салмағы бар өлшемді,
Тек Алладан арашаны күтеді.
Білімі аз, жұмысы жоқ ауылда,
Болашағы жастарымның не болды?

Елі үшін жоқ қой қазір жан берер,
Аз бүгінде жері үшін тоңған ер.
Жыртық көңіл жабырқаған көшеде де,
Алып-сатар саудагерлер, бас кесер.

О, ақын, сілкініс керек шабыстан,
Жер жүзінде қантамырдай шатасқан.
Несие алдық, не жақсылық, АҚШ-тан?
Көсегені көгерте ме кім білсін,
Алған қарыз Шығыс пенен Батыстан.
(Көгертпес бізді өзгенің сыны сатысқан).

Халық үшін жазылады жырымыз,
Туған жерге қарыздармыз бәріміз.
Барымызды шашып-сатып жат жұртқа,
Қолдағыны ұқсата алмай жатырмыз.

Тонасақ та уақытты, тоналтсақ та,
Сенім арт ақыл менен парасатқа.
Екі өкпені қолға алып жүгіріп біз
Құпиясын біле алмай болашаққа.

Көгертпес бізді өзгенің сыйыда,
Әлемде ел көп бөтен пиғылда.
Еңіреп туған ел үшін, қазақ үшін,
Саралы ой, сабырлы ақыл, қимылда.

Қайтесін, қисық-қыңыр, қате ойланып,
Жүрмесін туған елің саған налып.
Шарапқа неше толып тұрған түрлі,
Өтсеңші дүкендерді, өт айналып.

Жүтқызба ашы дертті бойға алдырып,
Өмірдің қоқыр-соқыр жиынында,
Тұрасын сен де ертең бас айналып,
Өртеген жан, сана-ой бекер қалып.

2001 ж.

АЗҒЫНДАҒАН ДОС ҚАЙҒЫ

Азған досың жауыннан да қатерлі,
Себебі ол, сырдың бәрін біледі.

Автор

Сонау өткен өмір жолы өзге еді,
Сол кездерде бақытты едік біз, тегі.
Ойламадық, өмір жайлы өзгеріс,
Сатқындықты салады кім тезге енді.

Қош бол, достым, қош болғайсың енді сен,
Сүюші едік, бір еді ғой жанымыз.
Тағдыр жазған бітті уақыт өлшеуі,
Кездессек те табыспаймыз енді біз.

Қош бол, достым, келе алмадық бірлікке,
Қайғырамын қапа болып тірлікте.

Таңсық емес өлім менен өмірің,
Қалай сүрдің сол өмірді білдің бе?

Қош бол, достым, тар жолдардан бірге өткен,
Талай мұнды, талай шерді жыр еткен.
Қалың орман мына дала қарашы,
Сызға сінді достық із жоқ, біз бөтен.

Көп ойландым, осы жолды жазуға,
Душар етгін, достыққа ор қаздың да.
Дос көңілі бір ататын насыбай,
Неге саттың достықты сен досым-ай?!

Достықты сен айырбастап алтынға,
Ақын жүрек болды міне қапалы.
Жиіркеніштен жан күйзелді сатқанға,
Қош бол енді, дос деп айту жат мұнда.

Қош бол, достым, байлық мәңгі тұрмайды,
Армандаған асқақ ойлар болса да.
Кімдер сені душар етті, білмеймін?
Сенің жаның түсінбеген достыққа.

Қош бол енді арамызды су шайды,
Қараңғы түн, жолықтұрмас бұл қайғы.
Азғындатып осы жолды тандаған,
Өзге емес, өзін болдың біл жайды.

Ажыратпау мыс пен қола, алтынды,
Достық деген алтыннан да артық-ты.
Азғындығың, арамдығың, сол қайғы,
Отаным да сүйе бермес мұндайды!!!

ТЫҢДАШЫ МЕНІ

Түсіне бермессіздер Ізкен жанын,
Ұғына алмассыздар халқым бәрін.
Әр жүрек әр тарапқа сүйрелейді,
Менде де жүрегі бар ақындардың.

Шаттығымнан болса да басым қайғым,
Өзімше мына өмірге ғашықтаймын.
Өмір өзі көрсетер алдағыны.
Бітуіне тағдырдың асықпаймын.

СОЛ БІР КЕЗ

Дала кезген, қала кезген өтті кез,
Соның бәрі сияқты енді жат мінез.
Қайран менің шалқактаған жастығым,
Асып-тасып шалқар сезім отты кез.

Сиректеген сезем жүрек дүбірін,
Бұрынғыдай жер жарамайды көңлім.
Адам мәңгі өмір сүріп көрген бе?
Күз жапырақ көрдім тағы дүбірін.

Қаңғыбас боп жер кезуден тоқтағам,
Бүкіл қызық көрген түстей боп тамам.
Сарғаюдың сары алтыны осы ма?
Енді қайтып жігіт болу жоқ маған.

Гүлдеп барып өту үшін келгенмін,
Гүл шашуға мүрсат берші өмірім.
(Қан тасыған, жүрек қысқан кезінде,
Ойланамын қысқа ма деп ғұмырым).



Бара алмадым, бағыңа қона алмадым,
Шығарып та өзінді сала алмадым.
Тағдыр қоспай көңілдің қос тілегін,
Жалтаң қағып сен жаққа аландадым.

Қатал тағдыр өзіндік уақытымен,
Болмайды өмір мәңгілік сеніменен.
Бір күн тоңып қаламыз қара жерде,
Он екі қар ақ мата бөзіменен.

Мен саған бара алмадым кезіменен,
Өтті уақыт қинайды мезгілімен.

Саған деген көңілім ала күйын,
Сүйдім сені мезгілсіз кезімде мен.

Жас та жатыр елуді алып-күшып,
Жүрегімді барады кеудем қысып.
Бірақ менің білгенім өзім үшін,
«Махаббатты» болмайды кесіп-пішіп.

Қайран көңіл бір сен деп болдым асық,
Қалам кейде сүрініп асып-тасып.
Сен шошыма, шыным осы саған деген,
Кеудем толы от-жалын, болдым ғашық!

БАЛАҒА

Бала есейді қолғанат,
Санасыз болса, болдың дат.
Өз қолыңды өзің кесе алмай,
Боларсың туғанға тіпті жат.

Саналы балаң болғаны,
Туғанға туыс қолғанат.
Қайырымы тиген құдайдың,
Береке көңіл, рахат.



Саналы бала – әкесін пірі тұтар,
Санасыз бала әкесін құл ғып жұмсар.



Жақсы әке баласына – «тек» дейді,
Жаман әке баласына – «кет» дейді.

ЗАМАН-АЙ...

Бұл заманда жағымпаздық басты өнер,
Шындық деген бола алмайды тас кемер.
Қазіргі бақ қайсар рух елде емес,
Арын сатқан жағымпазды ескерер.
Соны ойласам, екі көзге жас келер.

Кеудесінде жалғандықтың дәмі бар,
Қажет болса мұз үстінде қызынар.
Қалта толы «Доллар» деген аты бар,
(Оларды ертең адалдықтың асы ұрар)
Нокта салып, бөгет етіп қоймасак,
Халқымыздың мүлдем көңілі басылар.

Аттағанша жалғандықпен ашыла,
Өлген артық ар-намыстың қасында.
Билік басы, атта отырған ағайын,
Күлкі болдың қасың түгіл досыңа,
Ел сенімін ақтағаның осы ма?

Салқын көңіл, асқар рух түнерме,
Самал қажет кара бұлтты түрерге.
Рухсыздық, қайырымсыздық бары әлі,
Бәлкім ертең ұлтымызға зор қайғы.
Ойлан, халқым, мазмұнды өмір сүрерге!

ТЫҒЫРЫҚ

Ұқсап туар бар дағы,
Ұқсап өлу жоқ екен.
Даңқын, атақ барлығы,
Жардан құлатар сөз екен.

Тауым биік болса да,
Әнім асқақ шықпаса,
Ән салуым кем бе екен?
Бәлкім ақын болсам да,
Тыңда ізім қалмаса,
Жыр жазуым кем бе екен?
Өз күшіме сенгенмен,
Өмір-өзен сенде екен.
Мен көнгенмен не шара,
Өмір заңы дөңде екен.

Бір серпілсем деп едім,
Тығырыққа тірелдім.
Алып шығар ақылым!
Мен өзіңе сенемін!

2001 жыл

ӨЗІҢЕ СЕН

Өмір қиын, кімді сүйіп, кімге сенбек,
Жығылғанда кімдер сүйер сені демеп.
Сен кетсең соған кімдер қамығады,
Кім сенің қадіріңе табынады?

Сен қуансаң, қуанып мақтанар кім?
Басыңа бөле келсе құтқарар кім?
Сенің қайғың басқаға керегі не?
Зарла, жыла, көңліңе бастырып мұң.

Онай ма, алдамайтын жолдас таппақ?
Реті келсе сені бәрі сатпақ.
Сенің жақсы күндерің бола қалса,
Қызғаныш пен өсекке сені тақпақ.

Кім сенің қайтармады көңліңді,
Кім салмады қайғыға өміріңді.
Кім сенің пайданды ойлап қам қылады,
Кім сені шын көңілімен жандырады?

Іздеме достық жанды құрбым текке,
Табылмас шын сенісер іздесекте.
Өмірде өзіңе сен өзге емес,
Алып шығар ақыл-ой шырқап көкке.

АУЫЛДАҒЫ КАФЕ ІШІНДЕГІ ОЙ

Ескі кафе, ескі достың бірі жоқ,
Тек ойда, көз алдымда елес көп.
Қайта оралта алмаймын өткенімді,
Қалған-ай, өткенім бір белес боп.

Мына бұрыш, ана жер одан — әріде,
Гүл берген жас қайда сондағы, әлгіде.
Сыйлашы жылы бір лебізбен достар-ай,
Сағындым сендерді, қайдасың бәрінде.

Жайнаған жандардан, іздеген сол арман ба?
Армандап жүрген, сан арман болған да!

Өткеннен бүгінім адасқандай болып,
Отырмын ескі кафеде, бәрі де жалған ба?

Жан-жаққа аландап қараймын, қайдасың?
Таппадым өзінді, санамда, ойдасың.
Көк түтін, дөрекі ықылас, бейтаныс,
Бәрі жат, досым-ау, сен өзін қайдасың?

Баяғы сол бұрыш, сол стол,
Қасымда өзін жоқ ойымды бөлісер.
Жанымды қоярға жер таппай,
Іздедім ескі дос бір жүрер!

Өмірдің мәні де, көңілдің сәні де,
Уақыт өзгертіп, өзгерер бәрі де.
Өзгермес адалдық махаббат сезімі,
Қалады жүректе, қалады мәңгіге!

Мейлі, сен қазір жоқсың қасымда,
От болып жанамын, жалыным басылма!
Бұрқанған теңіздей бір күні туласам,
Жетемін, досым-ау, жетемін қасына.
Шақырам бәрінді ескі стол басына.
Тағы да, тағы да!
Табылшы сол кезде қасымда!

ӨКІНІШ

«Өткенге өкінбе», – деуші еді қазағым!
Өкініш болдың өтіп бір кеткен өмірім!
Оралдың ойға, жанымды менің тербедің,
Жаныңа тиер жақсы бір күндер кеуденде.
Сақталады екен өшпестей болып білгенім.

Армандап сені, аялап өткен күндерім,
Оралмай кеттің, сағыныш болдың түндерім.
Адасып қалдым «махаббат» деген тәңірден,
Жоғалтарымды кезінде неге білмедім?

Айлар да өтті, жылдар да өтті, «сен»-дедім,
Басқаны, жаным, көзіме ешбір ілмедім.

Аймалап, жаным, өнімде емес, түсімде,
Гүл беріп саған, гүл беріп саған жүргенім.

Жаным-ау, мына лақтыр бәрін кеудеден,
Нар болып сілкін өткенім өтсін өзімен.
Мен үшін өмір тарылған емес, өлі кең,
Жетемін деген жеріме әлі жетем мен.

Өмірдің өзі қысқа ғой, жаным, күзде мен!
Жоғалтқан сонау, сезімді қайта іздегем.
Жалғанар жіптей қайта өткіз ине көзінен,
Қысқа да болса, үзбегін, жаным, үзбегін...
Өткеннен бүгін «өмірдің жолын іздедім».



Солуы мүмкін қызғалдақ біткен ертең тан!
Сөнуі мүмкін жарқырап тұрған мына шам.
Өшпесе екен деп күлшылық етем төңірге,
Өмірім болған, махаббат болған өленім!
Жарқырап шыққан мына күн!!!

Өсуі мүмкін жауқазын гүлдер бөктерде,
Көзінді салма, алдамшы өмір, өткенде.
Тастағы өскен, бәйшешек гүлге қолың соз,
Қайсарлық бар, төзімді келер өзі де.

Мен, сірә, іздемедім мына өмірден жеңілдік,
Жеңілдік түбі, әйтеуір болар бір қорлық.
Қинала жүріп қимастық тапқан мына өмір,
Тәтті де болар, есімде қалар мәңгілік.
Мен іздемедім мына өмірден жеңілдік.



Жалғыздық оны биледі,
Жанардан жасы үзіліп.
Өмірден күдер үзбеді,
Қалса да көңілі бұзылып.

Самалға тосып кеудесін,
Даладан тыныс тапқаны.

Сағымдай алыс көрінген,
Бақытына налып жатқаны.

Сарғайған мына жапырақ,
Астында табан тапталды.
Жұбатқан болып көңілін,
Орманнан үнің қатқаны.

«Налыма бақыт жолында,
Оралар бақыт тағы да.
Батпасын, қалқам, мұң ұзақ,
Жалғыздық деген жанына.

Өмірдің кейбір тұнығын,
Шайқаудан өмір жаралған.
Теңіздің інжу-маржанын,
Бәрін де бірдей ала алман.

Тереңде жатқан маржанды,
Тереңге бойлап алады.
Тереңдет, қалқам, ойынды,
Ойдан бақыт қонады.

Төзім менен талпыныс,
Жеткізер сол бір бақытқа.
Жылама енді, мұнданба,
Оралар нұрлы уақыт та!»

Үнін тындап орманның,
Көңіл түсті орнына.
Іздеп жүр әлі бақытын,
Кездесер бір күн жолыңда!..



Көше толы өтіп жатыр көп адам,
Көп адамның ішінде жоқ бір адам.
Көзім талды, іздегенмен таппадым,
Сағым ба едің сахарала жоғалған.

Не болды, не боп барам осы мен,
Іздегенім табылмады қас күнім.



Әкесі Тойшыбай, анасы Исабала.



Көкем канатынын астында.
Солдан: Жетпісбай, көкем Кендірбай, Ізтілеу, Алқан. 1980 ж.




Сарбаз.



Солдан: Тұман досы. Жекен.



Тойшыбайдан тараған әулет.



Жігіт ағасы.



Отбасында. Үлкен ұлым
Данияр. Галина.



Жаны жайсаң жездесі Күзембек.
Солдан: Куанышгүл келінім, Күзекен, Сырғабала әкпем, Алкан.



Солдан: Сағымбай жездесінің отбасы.



Анасы Исабала күмбезі
басында.



Марат Абылайұлы Тілеубердин қолынан марапат.



Кажыгүл ата асындағы жүздесу.



Армындатып ак өлең оку.



Іле жағасы — жан тынысы.



Әйгілі Алтайдын Бұқтырма паромы үстінде.



Салбурын, Көкжал алу.



Алтын Емел аясында Ерікпен.



«Көшпенділер» фильмінің түсіру кезінде кездесу..
Солдан: С.Бодров, Джейсон Скот Ли, Данияр.



Ерғалидың отбасы.



Жалындаган жас Данияр.
«Көшпенділер» фильминде.



Кайран жиырма бес!



Ата мен эне.
Солдан: Дамир, Кабанбай ата, Эмма әже, Виктория келін.



Алқанның ұлы мен
қыздары.



Інілер мен келіндер.
Солдан: Сабыр, Гүлнар, Гүлбадам, Ербол, Қуанышгүл.



Дамир мен Викторияның отау кұруы.



Немерелер.
Диас пен Димаш.

Аңсағаным, арманым ет ол менің,
Үрейменен өтіп барады бос күнім.

Қарғыс атсын табылмаған сол күнді,
Өткіздім бе мезгілінен уақытты.
Салмағы ауыр өтіп жатқан күнімнің,
Неге жаның ашылмайды, неге мұң?

Бұралаңға неге сала бересің?
Жылағанда жұбатпайсың неге сен?
«Сенемін»-деп сергелдеңге түстім бе?
Қамсыздығым ақ көңілді сор басым!

ЕСКЕ АЛУ

Кең даламда кеудене құлап тұрмын,
Жанарыма қарашы, жылап тұрмын.
Тауға-тасқа соққанда мына басты,
Алып күш боп жағаға лақтырдым.

Ес жиғызбай санамды есенгіреттің,
Ауа жетпей денемді сан теңселттің.
Бәрі де есте, сен куә, ей, саран түн,
Жалын боп, өртедің, өртендің!

Уақыт өтсе де мезгілімен,
Жазылмады көңілде жара көптен.
Бүгін тағы түсіме еніп жүрсің,
«Анашым» деп қасыңа келіп жеткем.
Ренішпен қарамай төмен кеттің...

Көңілдің жыртық парағы мына,
Санамдасың, ойыма оралдың «Ана».
Сөулесін шашты атқандай таң да,
Маңдайдан сипап ояттың «Ана».

Жанымды үге бердің-ау «Ана»,
Уақыт мезгіл өтсе де осы.
Аруағың қоршап жүрген де болар,
«Әулием» қара кемпірдің қосы...

АЛДАМА

Жүрегімде жоқ орын алдауға,
Сен арбама, алдама-алдама.
Сендегі махаббат шын болса,
Кел, жаным, уландыр жалданба!

Мүмкін кеш бақытты болуға,
Албырттық жастық жоқ, сонда да.
Жүректе жылу бар өшпейтін,
Кел, жаным, уландыр алдама!

Махаббат жасына қарай ма?
Ақ білек, қына бел, шар айна.
Жүрекке бір салмақ тастадың,
Шыдасаң, шыдаймын жарай ма?

НЕСІНЕ ӨКПЕЛЕЙІН?

Өмірге несіне өкпелейін,
Бостан-босқа қайғыны шекпе деймін.
Бас ұрмадым ешкімге жалпаштанып,
Ешкімді де көрмедім көпке дейін.

Тағдырыма несіне өкпелейін!
Жүгі ауыр, салмағы көп демейін.
Өзімнің тандап алған жолым осы,
Әкел тағы уыңды жеп көрейін.

Бақытыма несіне өкпелейін,
Ауырғаным болмаса көпке дейін.
Тұғырымды қоршаған туған-туыс,
Сіздерге де «рахмет» деп көрейін.

Айды аспаннан алам деп, о, тәңірім,
Қол созбады жұлдызға ой-сабырым.
Бәрі де артта қалады баянсыз боп,
Серік болсын өлеңім жыр алыбым!

ЫСТЫҚ АЛАҚАН

Менің есімде ыстық алақаны Анамның,
Жоқ қасымда, жоқ мына өмірде!
Мен түсіне де алмаған шығармын,
Сол алақан сыйлаған мына өмірді.

Менің есімде ыстық алақаны Анамның,
Нәр берген, қуат берген мына өмірде.
Менің есімде ыстық алақаны Анамның,
Жігер берген, үміт берген көңілге.

Бәрі де есімде жалындап, жанғаным,
Өмірдің жолында, соңында қалмадым.
Жанған отты баса алмайды дұшпаным,
Себебі, мен сол алақаннан нәр алғанмын.

Енді ойлана қарасам мен,
Ана махаббаты жатады екен тереңде.
Ей, балаларым, бақытым менің,
Кесіп өтпе «Ана махаббатын өмірде!
Мәңгі сақта, мәңгі сақтаңдар кеудеде!»

СЕН МЕНІ БІЛМЕЙСІҢ!

Сен мені білмейсің, жаным!
Тамырымды бас, тал-шыбық демей.
Қадалған мәңгі бұтағым болсаң,
Бір жүрегі бар терегің болам.

Санама алып салқының болам,
Дауылдан қорғар қалқаның болам.
Тамырым ұзақ тереңде жатыр,
Самалдай есіп ерніңе қонам.

Сене алсаң, жаным, негізің болам,
Тағдырын қосса егізің болам.
Бәрі де болам, өзім де болам,
Өксінтпес өмір өзенің болам!

БАЛАҒА ТІЛЕК

Әке болу бақыт қой бұл өмірде,
Жүресің ойнап-күліп, тоқ көңіл де.
Әкелеп балаң шықса қарсы алдыңнан,
Қол созып құшақтаса, жек көрем бе?

Көңілің көтерілгендей сезінесің,
Бақытқа шомғандай көрінесің.
«Өмір бер, Ата-ана баласына» —
Алладан тілейтінім осы болсын.

Дені сау, ақылы толық бала болсын,
Айдарлы, ақ мандайлы дана болсын.
Халқына еңбек етіп, қорған болар,
Бәйтеректей шыңдағы пана болсын.

БІР БАСШЫҒА

Халықпен неге мұнша ойнағансың,
Халықты «елтірі» деп ойлағансың?
Ақыл мен білімдінің досы десем,
Екен ғой нағыз арам ойлағаның.

Аяққа таптадың ғой арымызды,
Көрсетпей күнімізді, таңымызды.
Сен бір ит төбе үстінде ұлитұғын,
Былғама, тезірек кет маңымызды.

ЕСІМДЕ

Мына өмірден қиналып бір безгенде,
Шешу таппай ойланып ел кезгенде.
Еске аламын балалықтың нұр шағын,
Бала көңілін қайғы бұлты езген бе?

Есімде жарық бақыт күткен күнім,
Армандап, тілек тілеп шыққан үнім.
Есімде мұңға батып бозарғаным,
Сүйем деп ұялғаным, қызарғаным.

Есімде бақыт таңын қарсы алған күн,
Соңғы қоңырау, есею ақ мектебім.
Жұлдыздарға таластық біз екеуміз,
Сен «Шолпанды», ал мен болсам «сен!» дедім.

Өтті уақыт, өтті жылдар көктемім,
Бақыт таптым, мен басқадан көктедім.
Қуат алар жүрек таптым өзгеден,
Басқа бақыт керек емес «жок» дедім.

КӨҢІЛ

Сағат сайын күтер көңіл жемісін,
Піспес, сірә, жеміс бағы өлген соң.
Білек сыбан, шыда бұған қайыспа,
Зұлымдықты өзің қарсы ал, келген соң.

Мөлдіреген жүрегіннен сәуле шаш,
Кірлетпе оны, шаң-тозаңнан ары қаш.
Жалын жігер күшті талап етеді,
Шарықта сен, шық биікке көңіл бас.



Ұққын келсе сен халық жүрегін,
Ойға алғын сол халықтың тілегін.
Оның ашы қасіретті күнін жаз,
Неге керек ойын-күлкі тілегің.

Мына тірлік мереке ойын емес,
Қайғысыз адам болу, ол бір елес.
Жақсы адам сырттай күліп жымияды,
Қайғысы іште жатыр шығар емес.

Тұманды тым көңілсіз өмір жолы,
Өмірге кім келеді көрер соны.
Ішкен соң зәр арақты есіреді,
Мас кісі уақытша тым көңілді.

Көтерші өз-өзінді, өз көңілінді,
Бойлатшы сана, ақыл-төзімінді.

Бақыт іздеу арсыздыққа жатпайды,
Ізде, талпын, ізде бақыт көшінді.

Адам деген сырттан ізгі көрінер,
Жақсы-жаман сөйлескенде білінер.
Азғындықтың жолын іздеп не керек,
Адалдыққа бұр ойынды, екі аяқты бөрілер.

Үміт, қасірет, қайғы мен шер,
Талайларды қажытады, сенделтер.
Ол адамды қажытады керемет,
Түбі, бірақ, жеңетұғын —
Шындық, бақыт, пәк жүрек.

1998 жыл



Талас та тартыс өмірім мынау өтетін,
Тасқынға түскен тастардай домалатып кететін.
Бірақ, бірақ, қарсы тұрып алысам,
Күл-талқан боп қалғанша жаным нетемін.
Суын да іштім, өмірдің уын да іштім,
Ішім жүріп өмірді туғып өстім.
Атқан таң самалына ғашық болып,
Нәзік жүрек, таза арман қуат еттім.
Мақсат тұттым арманым елесіме,
Жетем дедім үмітпен белесіме.
Ақыр бір күн әлі-ақ кездесермін,
Аққудай өмірімнің төресіне.
Жазда кейде көрінер қыс боп маған,
Сіресіп қар, шымыр аяз қыстаған.
Сыркат алып кеудемді қысқан кезде,
Ыстық қаным, жас жүрегім мұздаған.
Салқындама сары уайымға салынба,
Көтер көңіл, өз-өзіңе табын да.
Ұста көтер екі жүзден күр қалма,
Қан көтерер бойда қызу барында.

ДҮШПАН

Дүшпаным күшті екен деп бас ұрмаймын,
Қолда қалам қаруым жасырмаймын.

Ағысы күркіреген мен бір өзен,
Шексем де қайғы-қасірет жасымаймын.
Жыр жазамын кей кезде көңіл түсіп,
Кейде өленім шығады шала пісіп.
Көңілден күнде аққу ұшырсам да,
Кей-кейде қынсылайды бала күшік.
Өмір қысқа, ойға алғанға жетем бе?
Талай қиял, түрлі ойға кетем де.
Қолда қалам, ой түседі қағазға,
Ақын болып бұл өмірге жетем бе?
О, тәңірім!
Медет берші, жырымды мен жазайын,
Сол арқылы өмірден сыр ашайын.
Бар дауыспен жыр тауға шығып алып,
Әлемге жыр шашайын, нұр шашайын!

1991 жыл

ТУҒАН ЕЛ

Есімнен кетпес, сірә, туған жерім,
Кір жуып, кіндік кескен өскен елім.
Өлердей өз теңіме ғашық болып,
Сендікпін, сүйдім-күйдім дегендерім.

Көкжидем, өскен-өнген мекенім,
Қарайды күн күлімдеп мөлдір көктем.
Шуласа орман-тоғай, ән құстарың,
Аймалап мен өзінді талай өпкем.

Біздің ел отырады суды бойлап,
Көк орай шалғынына бие байлап.
Жастықтың жалындаған шақтарында,
Жүруші ек, атқа шауып, күліп-ойнап.

Тоғайы талды жиде селдір-селдір,
Ағаштың арасында өскен кендір.
Жүрекке ғашық отын кеттің жағып,
Сәулетай, жаққан отты өзін сөндір.

Көктемде сарғалдағы қырда жайнар,
Қысында қырғауылы итпен ойнар.

Жазында айдын көлден аққу ұшып,
Күзінде көкте қалқып тырна шулар.

Атыңнан айналайын, ата-мекен,
Мына заман зілі бар бата ма екен?
«Ауылымнан ағайын көшті» десе,
Қабырғама қамшыдай батады екен.

1998 жыл.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВҚА

Өлең оқи білетін қазақтың Мұқағали
Мақатаевтың өлеңін оқымағаны кем-
де-кем болар. Қазақтың кара өлеңіне
кара тон кигізіп сыйлаған. Бір аунап
түссін. Мұқағали Мақатаевтың аруа-
ғына арнаймын.

Автор

I

Сенгеніңмен, өмірді сүйгеніңмен,
Сен де бір күн өтесін бұл дүниеден.
Шындық айтып зарлаған Мұқағали,
Дос та таппай өтті ғой бұл өмірден.

«Қыз да болсаң, дос бол!» — деп Фаризаға,
Жігіт таппай достыққа қиналғанда.
Түсініспей, түсінбей жанда жара,
Өмірді өткіздің ғой, қайран аға!

II

Биік шында, терең күздарда,
Ағын суда, қатқан мұздарда.
Көңілімді кейбіреулер бұзғанда,
Еске түсед(і) жалынды жырларың, Аға!

Қайталап іштей қаһарға мініп,
Өзіңе тартып, өзіндеі болып.
Өмірге қарсы күрес те ашам,
Қайталанбас бір көзіндеі болып!

КҮЗ

Күзгі күннің қысқа таяу кезінде,
Жап-жалаңаш, бір бұтақтың өзінде,
Қалады ғой дірілдеген жапырақ,
«Түспеймін мен» дегендейін қалтырап.

Жапырақтай өткен өмір мазағы,
Ауырады жаным менің, азалы.
Осы аурудан кетсе егер жазылып,
Ұмыт болар мына өмір тозағы.

Сөнбесін күн, көңілімдегі жұлдызым,
Таңым жаңа атқандайын күндізім.
Қорықпаймын мың қысса да бұл өмір,
Қорқамын мен, босқа өтер деп бір күзім.

Мен саспаймын осы аурудан өлем деп,
Ойланамын ұқсата алмай келем деп.
Халық айтар: «Артта қалған белгі жоқ,
Тәтті қиял, ғажап ойлар кетті тек».

СЕН ЖЫЛАДЫҢ

Мен білмеймін, не күтіп тұр күні ертең,
Не болса да, не болса да күнелтем!
Ақ жүрегін мені ұқса болғаны,
Басқасы не, басқасы не, кел Еркем!

Толқын соққан күзгі самал жағаның,
Тұрдың дағы, ойға баттың, жыладың.
Ал мен болсам қайталадым ішімнен,
«Соқсын толқын, болсын дауыл шыдадым».

СЕН ЖЫЛАМА

Қалқам,
Сен несіне, сен несіне жыладың?!
Білем мен де қайталанбас бұлақ үн,
Өмір катал, тағдыр жазған осылай.
«Бөлен жерде қалды сенің тұмарың»,
Мен білемін, сен сол үшін жыладың.

Жылама сен керегі жоқ дәлелдің,
Ақ көңілін, адал жүрек дәлелін.
Қос аққудай бірге жүріп өткізсек,
Мына өмір, мына өмір әлемін.
Сен жылама, керегі жоқ дәлелдің.



Сүрініп кетпе, досым-ау!..
Сүрініп кетсең, болғаны,
Басыңа бәле орнады.
Адамның аяқ астында,
Сорлауы да болмауы,
Сүрініп кетпе, досым-ау!

Сүрініп алып кей кезде,
Есіміз қайта келгенде,
Жоғалтқанды іздейміз.
Табылмастай-ақ ол бейне,
Іздеме, досым, іздеме!

Адымдап бассаң алдыға,
Алды-артыңа сан қара.
Құлауың мүмкін алдың – жар,
Алданба, досым, алданба.
Сүрініп жүрген тағдыр бар,
Сүрінтіп жүрген тағдырлар!!!

СҮЮ ДЕГЕН ОСЫ МА?!

Жан ауырды жарқыным,
Жасыра алмай алқындым.
Сүю деген осы ма?
Басылмайды қарқыным.
Жасыра алмай тіл қаттым,
Барса келмес сапар ма?
Түсім қашып түн қаттым.

Бір нәрсені жоғалттым,
Бір нәрсені ұрлаттым.
Сүю деген осы ма?
Келші бері, қымбаттым!



Тамаша өзіл, ән-жырмен,
Отырсаң біраз көңілді.
Селдетіп кеткен жаңбырмен,
Серпілтіп мына өмірді!

Қоршаған толы дос-жаран,
Әзілге-өзіл жарасқан,
Дұшпансыз мына қасыңнан,
Жауыңның өзі жасыған!

Дүниенің тұнық мезгілін,
Өзіңнен қалай жасырам.
Селдетіп өткен тасқындай,
Серпіліп кейде тасынам!

Өмірдің осы мезгілін,
Қысқа ғой жаным жасыман.
Бұлты көшкен аспандай,
Жадырап кейде ашылам!
Ашылам, жаным, асығам!



Арпалысып алақұйын өмірмен,
Тасқа соқтым басымды.
Тас жарылды, басым бүтін миыммен,
Өмір солай үйретеді күшімен.

Тарыған мезгілім көп көңілде,
Үйретті ғой илеуіне өмір де.
Төс айылдың қайысындай созылып,
Иілесің кейде тұрып күйіне!..

Осал болсаң, жаншып тастар қара тас,
Қара таста мейірім жоқ, қарамас.
Өмірімді жалғастырап ұрпағым,
Тарлан тағдыр бола алмайды біртұтас.

13.12.1999 ж.



Өмірдің өзі жұмбақ бір,
Оның өзі қызық-ақ.
Аштықпен емдеп ауруды,
Токтықпен жүрміз бұзып ап.

Өмірдің өзі жұмбақ бір,
Өтеуін де қызық-ақ.
Қабілетің болмаса,
Отырасың бұзып ап.

ЖОҒАЛТСА!

Әкесі ұлын жоғалтса,
Жоғалтады арманын.
Баласы қалса әкесіз,
Жоғалтады заңғарын.
Анасы қызын жоғалтса,
Жоғалтады шаттығын.

Қызы анасын жоғалтса,
Жоғалтады тәтті үнін.
Жігіт жарын жоғалтса,
Жоғалтады бақытын.
Туған жерін жоғалтқан,
Жоғалтады барлығын.

Сенімінді жоғалтсаң,
Теріс кетер бар ісін.
Өлдім-өштім десең де,
Оңбайды, сірә, жүрісің.
Жоғалтпа, сен сенімді,
Сенімің өзін, сен түсін!

ЕСІРТКІ

Бұл дүние қалжырады, өлгелі тұр,
Жастар да мезгілсіз жетпей сөнгелі тұр.
Нұры жоқ бейнелері қалтыраған,
Жер асты қараңғылық көмгелі тұр.

Есірткіге жастар жүр төжім етіп,
Онан қалса, «арақ, шарап, секс» десіп.
Есіл-дерті есенгіреп ауысқан,
Кім де болсаң кел, кел дейді алыстан.

Жастар, жастар болашағы өмірдің,
Неден бастап, кімнен нені үйрендің?..
Атыс-шабыс, зорлық-тонау бөрін де,
Сендер кімнен, сендер кімнен игердің!

Жауыздықтың жан азабы сендерде,
Махаббатты ұмыттыңдар бездің де.
Ізгілікті жеңді ме әлде жауыздық,
Айтыңдаршы: бұлай қалай, бұл неге?

ТУҒАН ЖЕР

Алыстап кетсем де өмір жолында мен,
Тартасың мені өзен, орман, далаңмен.
Сені көрмей тұра алмаймын туған жер,
Сенде жүрген күндерімде бақытты ем.

Ауылым жүрген жерім жасыл күрак,
Кең далам жаз жайлауым болдың пырак.
Жатар ем аунап-қунап көгалында,
Тастадың лақтырып мені жырак.

Ол кездер кетті ұшып күс сияқты,
Мен келем өткен ізбен түс сияқты.
Сүйемін, сені сүйем туған жерім,
Үрген ит, маныраған қой, дала даусы.



Мен өмірді сүйемін, сүйемін, жаным,
Қызығына тоймаймын күйсем де, жаным.
Бірақ, бірақ білемін бір күндері,
Қызу дене салқындап тоқтар қаным.

Сондықтан да жан, өрген, таусылма, жаным,
Бұлттан шығып найзағай жарқылда, жаным.
Көктемнің жадыраған күні болып,
Ен қойныма жұбантшы, жатсынба, жаным.

10.11.1998 ж.

ҚАРА ЖІГІТКЕ

Махаббаттың азабынан бейнет көрген,
Сүюден де ол безген, қажып сөнген.
Мұздай оның жүрегі жылымайды,
Шаттанбайды, күлмейді сезінгенмен.

Ауыр тартқан мінезі өзгермейді,
Махаббатқа қайтарылмас сөз бергені.
Қорғасындай салмақты сөздері де,
Өмір оны өзгертті, өзгермелі.

Жалғыздықты әр кезде ол іздейді,
Бұл дүние періштесі — біз дейді.
Жүрегі оның күл болып сөнген жалынсыз,
(Әлдекімнен бір жылуды іздейді).

Жасыл орман ортасында, бір ағаш,
Қурап қалған су дарымас жалаңаш.

Көктемейді мәңгілікке ол тағы,
О, достарым, қалмандаршы жалаңаш!!!

ҚОЛ

Айттың маған: «Жылдам екен қолыңыз,
Болмайды ғой тым жылдамдық мұныңыз».
— Ия, нұрлы періштем, — деп қалдым, —
Абыройлы, тап-таза екен жолыңыз.
— Хош бол, — дедің, бөгелмедің тездетіп,
— Асықпашы, болмайды ғой мұныңыз.

Бұлқына алмас ақ білектен ұстаса,
Мына қолмен сол кеудені қыстаса.
Бар бақыттың басы қолдан нәр алар,
Ей, қарындас, ұсынған қолды тастама.



Өмір өтіп барады бір сарынмен,
Аласарып барады арман неткен.
Дел-сал болған көңлім мынау менің,
Жалған десе дүние жалған ба екен?

Шалалығын көрсеттің мына өмірдің,
Шала жанған отындай суға түскен.

Шуылдаған құлағым, ауырған бас,
Күйзелген жан, ағады жүректен жас.
Денемде дерт, көңлім құлазуда,
Қайратым бар жан едім еш мойымас.

Жан ауырды, күйзелді, ауру басты,
Айығар күн бір сәтке алыс қашты.
Күйбеңменен күнімді жалықтырдың,
Тыныс бітіп, мінеки, налып тұрмын.

Ей, өмір, асықпай неғып тұрмын,
Жазығым жоқ еді ғой ешкімге де.
Елу жас толмай-ақ жалықтырдың,
(Мен өзімнен осылай налып тұрмын).

10.12.1998 ж.

ҚАСЫМДА БОЛ

(Мұқағали ізімен)

Қасында жүрмін,
Қасымда болшы, сүйіктім!
Қасымнан кетсең,
Іздеймін сені күрсінем,
Іздетпе, жаным.
Өмірдің қатал заңы бар,
Қасымнан кетпе,
Қасымда жүріп барымды ал!

Қасында сенің,
Желпініп кетсем еліктеп.
Еркесі дерсің,
Далада өскен еркелеп.
Бөтен ой болып,
Жабырқап қалма, жаным-ау,
Өзіңнен артық,
Өзгеге бөлер, көңіл жоқ.
Ойым да сенде,
Шаттық та сенде,

Бақыт та сенде,
Мұным да сенде,
Сабыр да.
Сенемін саған серігім болдың мәңгіге.
Тірегім менің, өмірім менің өзінде,
Кір түсірмеші сезімге?
Сезімім менің,
Жанарым менің көзімде.
Қарашығы бол-дағы,
Дамылдаған,
Қашанда жанарымнан,
Табыл, жаным,
Табыл маған.

12.11.1998 ж.

ӨКПЕЛЕМЕ

Жаным-ау! Өкпелеттім, несіне өкпелеттім,
Өкпелетіп қалайша көктемекпін?
Бір сенімде жаралған қос жүректі,
Қалайша мен екіге бөл демекпін.
Бекерге мен сені өкпелеттім.

Өз өзіме ұрысамын текке демен,
Айтарым көп алдында көптен көргем.
Амалым не, жастықтың жас тұлпарын,
Тастадым тасқа қамап көңілменен.

Жанарым, жанарымнан кетпе менің,
Сезімсіз, сенсіз жаным текке өлемін.
Самайда бір тал шашым ағарыпты,
Белгісі болғай дедім, берген серттің.

Көңілдің ойнақтап бір шатқалында,
Дамылсыз кірпігімді қаққанымда.
Бұлтты басымдағы серпіп тастап,
Жарқыра, жаным, сені тапқанымда.
Тартайын жан азабын, тән азабын,
Өзінді өкпелетсем, енді сонда.

ӘЗӘЗІЛ АРАҚ

О, жаратқан жасаған,
«Не демейді мас адам?!»
Қанша ішпеймін десең де,
Шыға келер тасадан.
Бірін-бірі сүйрелеп,
Жығылып жатыр жас адам.

Өлекседей сүйрелеп,
Әрен жетті үйіне.
Арын сатса араққа,
Жеркенесің күйіне.

Қимылсыз жатыр ғой,
Мынауың өлген бе?
Ит емес, адам ғой,
Мас болған бұл пенде.
Тасташы арақты,
Арақтан әкеміз өлген бе?!

18.11.1998 ж.

САҒЫНЫШ, СҮЙГЕН ЖАРҒА

Жаным-ау, Сен деп келем, Сен деп келем,
Ақ, адал арманым тең деп келем.
Айырмасын Құдайым бақытымнан,
Армандап, аңсап көрген, шөлдеп көрген.
Жаным-ау, сен деп келем!

Сен мені білесің бе, білесің бе?
Жаным-ау, қарамай келем міне үресінге.
Аяғымнан шалғанмен құламаймын,
Өмір мені үйреткен күресуге.
Мен өзіңнен көктедім, көгердім де,
Болғанмен қанша мұңды өткенім де.
Өмірдің ұзатыпсың жібек жолын,
Бақытымды дамылсыз іздегенде.
Сен соны білесің бе?

Жаным-ау, мен сені сағынғанда,
Қарамай жауындарға, дауылдарға,
Кеудедегі сағынышты жасыра алмай,
Қарсы қарап жүземін ағындарға.
Қимылдаған кеудемде жаным барда,
Жаным-ау, мен сені сағынғанда,
Жаным-ау, жалғызымсың жалғанда да,
Еркеле, наз гүлімсің, жаным барда.
Өліп кетсем егер де амал бар ма?
Басқаларды көрмеймін өзің барда.
Отың барда жан күйдір, жалын барда,
Өртен жаным өзің барда, өзім барда.
Сағыныштың сағымын сағынғанда,
Саған ұшам, қалмайды сабыр жанда.
Қарамай қара нөсер жауындарға,
Жаным-ау, мен сені сағынғанда,
Махаббат сағынудан жаралған ба?

19.11.1998 ж.



Мен керек те шығармын бір адамға,
Сол адамның көңілін таба алам ба?
Жанға жайлы тиетін жалғыз сөзді,
Мен оған айта алдым ба, айта алдым ба?

Өмірдегі істеген кейбір істі,
Қалған өмір ендігі кайталама!
Қиядағы қырандай қалықтасам,
Ұлы дерсің елімнің айтар дара.

Откенді еске алғанмен, кайталама!
Жаңылғанды жас жүрек айта ала ма?
Шарықтасам мына өмір жандана ма,
Мына жайлау кайтадан жайқала ма?



Сүй жаным, махаббаттың нәрін берем,
Сүй жаным, мені, жаным, бәрін берем.
Сүй жаным, сүйе берші, аймалашы,
Өмірдің мәніменен, сәніменен.

Арман-ой жетелейсің, калықтайсың,
Кей кезде ұйқы бермей шарықтайсың.
Сағынған күндеріме қолым созсам,
Алдымда сен тұрасың жарықтайсың.

Қуанам сені, жаным, сүйгеніме,
Отына махаббаттың күйгеніме.
Сүй жаным, сүйе берші, аймалашы,
Жеткізші көңілдегі түйгеніме!

КӨҢІЛ

Ойласам жастық өмір өткендейсің,
Қызығы көп күндердің кеткендейсің.
Біріне ата, біріне аға болғаныңды,
Мойындамай, ей, көңіл, неткен дөйсін?

Шуылдап топта шапқан дүрлік күндер,
Оралмасқа өмірден кеткендейсің.
Сары ала қаз бауырын төсеп жатар,
Көк майса, көк ала көл, сен не дейсің?

Шуағы мына күннің тайған кезде,
Кеудедегі жалын жаным, сен не дейсің?
Қиыр-шиыр жолымның сүрлеуінде,
Арман кеуде, пәк сезім, сен не дейсің?

Тынымсыз, мағынасыз бір ойменен.
Мына өмірде өлеңім от бергейсің.
Торымаған жемтігін арландайын,
Қыран болып өмірде ілсем деймін.



Сен сездің бе?
Өмірдің ұзақ түндерінде.
Көз жұмулы ұйқыға енгенімде.
Көз алдымда.
Сонда да сен тұрасың.
Сен соны сезбедің бе?

Ертеңгі ызғар күзгі таң кездерінде,
Шық түсіп, қырау шалған мезгілінде.
Сөуледей жал-жұлт еткен шыққа қарап,
Ойладым мен, өзінді білесің бе?

Санамды, сабырымды бәрін алдың,
Бәрін де алдың, ойымда өзің қалдың.
Өткізген сенсіз мына өмірімді,
Өмір деп санадым ба – қайда қалдым?

Қайда қалдым, жаным-ау, қайда қалдым?
Оралмайды өткен күн, қайда жаным.
Қайта, шіркін, көрінсең бір көзіме,
Айырылмастай өзіне байланармын.

Қателігін кеш ұқтым, тағдырмысың,
Сергелдеңге түскенде мына басым.
Жіп байланбай күрмеусіз келте жаман,
Шешуін бұл түйіннің қайдан табам?

1976 жыл

ӨМІР МЕН ӨЛІМ

Толқын мен толқын жарысып,
Терең мен терең егессе,
Өмірмен өлім алысып,
Өзегін өлім тежесе.

Терең мен терең егессе,
Саяздан терең қалмай ма?
Өмір мен өлім егессе,
Жеңетіні болмай ма?
Жеңсе еді өмір әрқашан,
Мен жеңісті қарсы алам.



Білмейсің, жаным, сен қашықтасың,
Сен жаққа мен ылғи да асыққанмын.
Мендегі бар сезімді алып кеттің,
Бос кеудеге кел мұнда асық, жаным.

Дүниенің ағы мен қарасында,
Қалдырдың қапыда аласұра.
Бірақ-бірақ, түсіндім кейінірек.
Ағынан басым болды қарасы да.
Қарасына жетеді мендегі күш,
Сен жасыма, жасыма аласарма?

Сонымен өтті жылдар арасында,
Екі көзде ұйқы жоқ нанасың ба?
Сәуледей мазаны алды сол бір шуақ,
Ақ жаңбыр нұрын төккен табасың ба?

Көбейді міне, жаным, шаштың ағы,
Сенемін шұғылалы шағым барын.
Нәсері көңлімнің төгіп өтсе,
Күндей боп көңіл шіркін ашыларын.

Ұшқындап жаным кейде ашынамын,
Сені іздеп, кеуде соғып аһ ұрамын.
Қысқа жіптей күрмеуге келмеген соң,
Дауыл болып алай-дүлей басыламын.

Қасымда болсаң, жаным, ашыламын,
Көбейте берме енді шаштың ағын.
Аққу күс та оралар мекеніне,
Орал, жаным, күтемін, осындамын.



Тәнім сау, жаным – жара жүрмін жырақ,
Қуаныш бола алмадың сен де шырақ.
Ағындай симай аққан қанасына,
Бұлқынып шықсам деп ем мен де бірақ.

Өмірде жетпеген соң дегеніңе,
Арман боп қалады екен сол кеудеде.
Тот баспас, ар-намысым, адалдығым,
Жеткізер ақыр бір күн дегеніме.

Қанағат қып тұрамын мен өзіме,
Сабырлық сақта деймін көңліме.

Сонда да айтындаршы өткен күндер,
Келе ме қайта айналып мына өмірде?

Уақыт зымырайды, тоқтамайды,
Белгісіз өткен күнім ноқталайды.
Болса да өмір тасқын, тағдыр тәлкек,
Махаббатым өзімді сақтағай-ды.



Бір сөзді тағы айтқалы бастадым-ай,
Болмайды дүние қызық жастағыдай.
Жасыңда ойна да күл, ей, жігіттер,
Мына өмір қайта оралмас бастағыдай.

Бұл өмір білгізбейді өтерін де,
Әркімді алсын ажал мекенінде.
Қол үзбе ел-жұртыңнан ер азамат,
Жүрем деп дүниенің жетегінде.

Туған елің қалғанда алыс жақта,
Созған қолың жетер ме атақ-баққа?
Қанша жүйрік болсаң да басқа жерде,
Өз жабысы саналар арғымаққа.

Болғанда бір күн оңда, бір күн солда,
Үнемі дүние шіркін тұрмас қолда.
Қарасазын жырлаған Мұқағали,
Жатыр ғой Алатаудың шоқтығында.

Қол жетпес, тұлпар мінген ер болсаң да,
Қалады жетсе ажал басың жолда.
Жүрелік аз ғана күн ойнап-күліп,
Қызығы жалғаншының бары сонда.

Ойнап-күл дүниенің жарығында,
Уақыты есептеулі барының да.
Туған ай толған соң ол да сөнбек,
Тұрмайды ешбір нәрсе қалыбында.

АСЫЛ АРМАН

Кімде жоқ кірбін көңіл, асыл арман,
Кейде мен шыдағаннан үн шығарман.
Кей кезде көңіл шіркін көкке шалқып,
Кей кезде толқыныммен жарды ұрам.

Күрсінсем кейде, жаным, ұқ үнімді,
Мінеме, сыйла маған жарық күнді.
Тағдырдың маған салған бір сыны де,
Тіреткен көңліме қия құзды.

Өзіңсің мәңгі серік қасыма алған,
Қайда бастап барасың ғашық арман?
Қайда апарсаң сонда апар, жықпа жарға,
Үмітімді үзбеші, асыл арман.

10.12.1999 ж.



Елемей қыстың суық ызғарында,
Сырғанақ тептің талай мұз-қарында.
Қамығып екі көзің жаутандайды,
Өмірдің солдан соққан ызғары ма?

Сыңсыған көлден ұшқан аққу-қаздар,
Өмірде жылы-суық қыс-жазы бар.
Көз алдымда бой жеткен қарындасым,
Бақыттың оты талай алда маздар.

Болмайсың еш нәрседен үйінде кем,
Қыз бар ма қызыл-жасыл киінбеген.
Абайлап алды-артыңды сақтана біл,
«Қыздарға қырық үйден тыйым» деген.

ҚЫЗДАРҒА!

Жарасар жасқа батыл өктемдігі,
Қалдырып жүрме жазға көктемгіні.
Қасыңа жігіт түгіл шал жуымас,
Басыңнан қыз дәурені өткен күні.

Аспанда мен бір бүркіт қыран-дағы,
Қыздар-ау, сендер түлкі жырадағы.
Шарықтап қия шында жүрсем-дағы,
Қиғаштап қанатымды бұрам-дағы.

АУЫРАДЫ ЖҮРЕГІМ

Алдамашы сен мені бұлай, жаным,
Алдасан жүрегім жылайды, жаным.
«Ауырады жүрегің неге?» дейсің,
Жүрегімді ауыртқан — сенің қарағаның.

Ауырады жүрегім жалғандықтан,
Кезің жоқ қой мендегі арманды ұққан.
«Ауырады жүрегің неге?» дейсің,
Сені сүйіп өмірде қалғандықтан.

Айрылмастай болдым мен арылмастай.
Сені сүйдім өмірде айнымастан,
«Ауырады жүрегің неге?» дейсің,
Неге, жаным, мен сені сүйдім бастан.

Өз-өзімнен өртендім күйіп-жанып,
Төзімнің де шектелер болды уақыт.
«Ауырады жүрегің неге?» дейсің,
Бара жатыр жүрегім тасқа айналып.

АСЫҒАМЫН

Асығамын — жету үшін арманға,
Асығамын — шығу үшін тым алға.
Асығамын, бір тірлікті аяқтап,
Асығамын, бір тірлікті бастауға.

Асығамын, қалмау үшін сапардан.
Асығамын, қалмау үшін қатардан.
Асығамын, қиындықты жеңіп ап,
Жаттау үшін, жазу үшін жаңа өн.

Асығамын, ақтау үшін арымды,
Асығамын, баптау үшін бағымды.

Асығамын —
Салу үшін ақиқаттың көпірін,
Асығамын, сақтау үшін барымды.

Жер бетіне сыймайтындай таласып,
Өлгеннен соң бір кез жерге жарасып.
Жатасын ғой, моп-момақан ауылда,
Бақталастық, асығыстық жоқ онда.

Асығамын мен неге?
Асығамын мен қайда?
Асығыстан не пайда?
Қаласың ғой бір сайда?



Ақ таңым алау беріп атқанымен
Күнімен шуақ беріп жатқаны мен.
Не бердім бұл өмірге дәл бүгін деп,
Көкжиекке алау күн батады екен.

Қиялым көңліме кірсе дағы,
Өмірге есеп беріп жүрсем дағы.
Аяқты шалыс бассан байқаусызда
Дұшпаның сак-сак күліп жатады екен.

Бір сынап көрембе бағымды тағы
Жүректе жалын іздеп бағынбады.
Өзімді жетектейді, ап кетеді
Өмірдің асау толқын ағындары.

Жақсылық, жамандықпен араласып
Кей кезде құлап қалам шала басып
Кетсемде кей кездері сағана асып
Келемін тағдырыммен жағаласып.

Келсемде алпысқа жақын басып
Жүрмінбе сағым қуып қара басып.
Абайсызда жанымды билеп алып
Құйын боп армандарды ала қашып.

ДӘРІГЕР-АУ

Қуамын деп арман атты түлкімді,
Қуатымды жоғалттым ба мың күнгі.
Ауруымды жасырғанмен қинаған,
Жасыруға болмайды екен мүмкінді.

Күндер, күндер сағым түстей жоғалды,
Көп бермеді, ал өзімнен көп алды.
Күйбеңменен өмір өтіп барады,
Бір ауыз сөз сенен басқа не қалды.

Арпалысам таусылғанша өзіммен,
Сарқылғанша әл-қуатым төзіммен.
Асыл арман босқа кетпес ішімде,
Ақтарылып, ақтарылып төгем мен.

Қуат берсін Алла жар боп ісіме,
Өмір қысқа қайта кесіп-пішуге.
Жұлып тастап мына оңбаған кеселді,
«Алла қуат берсін» саған десеңші.



Жастық шак, күмістейсің жарқылдаған,
Болса да жақсы таныс атың маған.
Алдымда болашақтың жұлдызы түр,
Көз тартып мұнарасы алтындаған.

Көрсем деп, мен сол күнді армандағам,
Талдым деп, шаршадым деп тартынбағам.
Көрдім мен жастық шақта талай қызық,
Денемнің сау жері жоқ шарпымаған.

Уа, тағдыр, көрсеткенің жын болмаса,
Тәуелсіз ел ертеңі шын, болмаса.
Алдағы жарқылдайтын замандарды,
Көзіме елестетші тым болмаса.

ХАТ

Сақтаған ем саған деген махаббатымды,
Қолыма алдым қасиетті хатыңды.
Қос қолыммен алып қыстым кеудеме,
Ай сипатты алтын жазу атыңды.

Хатыңды алып, қалдым ұстап басымды,
Сипағандай болдым мақпал шашыңды.
Күндей күліп тұрғандайсың жымыңдап,
Кірпік қағып, керіп қиғаш қасыңды.

Оқып, оқып, тағы да оқып хатыңды,
Бір күрсініп жұмдым қара көзімді.
Күт махаббат, күт сүйгенім екі жыл,
Кездесеміз, мен сүйемін өзінді.

1970 жыл



Тал шыбықтай бұралып,
Тал жібектей ұналып.
Кетерде мені қимадың,
Көзіңнің жасын тимадың.

Көп егілдің жібермей,
Мойныма сен оралып.
Ренжідің маған да,
Кетпедің деп, мені алып.

Жауап бердім мен сонда:
— Көп кешікпей келем, — деп.
Екі жыл екі күндей ғой,
Не де болса көрем — деп.

Толқынымен өмірдің,
Тенселіп кетіп барамын.
Жүрегім менің сыздалы,
Сағынып сені қарадым.

Нұр жүзінді, қалқатай,
Көремін жаным түсімде.

Құшақтаймын ақмандай,
Жайқалған бақтың ішінде.

Атқан таңмен сарғайып,
Боласың ғайып көзімнен.
Күндіз қызмет ол ғайып,
Ал түнде кездесемін өзіммен.

1970 жыл

СЕГІЗІНШІ НАУРЫЗ

О, қыздар, ақ жүрегін ақтарған,
Бақыт таптым сендер жазған хаттардан.
Мың түрлі құс, мың тілменен сайраған,
Сендер болып үн қатады бақтардан.

Туған жердің топырағында бірге аунап,
Бірге жүрміз гүл ұсынып бау-баулап.
Махаббатым бала күнгі тұтанған,
Қазір менің жүрегімде тұр лаулап.

Көктем күні шуағым мен шұғылам,
8-ші наурыз әйелдер күні ұғынам.
Мына күнді қадірлетті деп білем,
Жүрегімді тербеп тұр ғой тұнып өн.

Сұлу қыздар ақ жүрегін ақтарған,
Ақ құссындар айдындағы ақ таңның.
Гүл шоғындай ұсынамын жырымды,
Бұлбұл үні естілетін бақтардан.

* * *

Мына кеште, көні, қыздар,
Шаттық күйі шалқысын.
Аққу дидар сұлу жандар,
Би билесін, қалқысын.

Жыр шашайын, сырласайық,
Көктемнің шуақ айында.
Бір жасайық, гүл құшайық,
Осы наурыз тойында.

Өмір, өмір, бақытты өмір,
Көп қой сенің сыйлағаның.
Анамыздай жомарт көңіл,
Келші бері қарсы аламын.



Сен елес пе, әлде мұңға айналдың,
Ішкен едік тұнығынан қайнардың.
Түсіністік тұнық бұлақ басында,
Сен жоқсың, болған іске қайранмын.

Өзегімді өртеп өткен мына күн,
Мен өзіңе, сен бар жаққа телмірдім!
Көңлімді жұмсартқанмен, о, өмір,
Илеуіне сен ақыры көндірдің.

Мендегі арман әлде мұңға айналған,
Бастау алған сонау тұнық қайнардан.
Мен сол күнді қайталанбас аңсадым,
Кездестіріп қалам ба деп сайлардан.
Күндерімді өтіп кеткен ойға алам.

АУЫЛҒА БАРҒАНДАҒЫ ОЙ

Жаздың ыстық мезгілі де өтіпті-ау,
Салқын тартқан күз де келіп жетіпті-ау.
Асау тай мен бестілерді үйреткен,
Сонау күндер, сонау жерде қалыпты-ау.

Туған ауыл, өскен жерім Көкжиде,
Теріп едік мөлдір қара көп жиде.
Көйлегімді дорба қылып арқалап,
Жүруші едік көңіл толып біз бірге.

Қайран достар! Балалық шак, бал дәурен,
Білмедік те өтті уақыт сергелден.
Анау шалғын, мына төбе басында,
Жалғыз тұрмын, кеудем жалын өртенген.

Талай достан айрылдым мен қаншама,
Бірін қыздар, бірін тірлік алып кетті асыға.
Қу тірліктің жетегінде жүргенде,
Қырық өтіп, елу келді. Ей, көңілім, шаршама!

ЖЕКЕ ШУМАҚТАР

Ұйықтап өтсем өмірде,
Ұйқым тіпті қанбаса.
Тірлігің не?
Өлгенің не?
Ешбір ізің қалмаса?



Әр кеудеде өшпес арман,
Жеткізбейді қуғанменен.
Өмір күзі келгені ме? —
деп қаламын кейде мен.



Сүй жастық шағынды,
Сүй жастық күнінді.
Сүй жастық жылынды,
Сүй барлық өмірді.
Бәрі де өтеді,
Бәрі де кетеді.



Салқыны ұстап мына қыстың,
Дем бермей кеуде қысады.
Жазы қайда көңілдің?
Жадырап еркін құшатын.



Көңілдегі көп істің,
Бірі де бітпей қиналып.
Арнадан шығып сан ісім,
Өзендей кейде буланып.



Сағындым ауылымды,
Туған жер бауырымды.
Сағындым қыр самалын,
Өзіңнен нәр аламын.



Ей, адамдар, алды-артыңа қарап өт
Бізде өзіндей пенде болдық керемет.
Бойда – қайрат, баста – дәурен тұрғанда
Қара жерді жастанамыз демеп ек.



Ауылдағы асылдармен бірге менің жүрегім
Киен менен қасиетіңе табындым.
Жаным анам, жалау болған жанымды ұқ
Мен жүдесем ауылды ойлап жүдедім.



...Өткен күнге жүгін, мейлі жүгінбе
Айта алар ем, қалдырмастан түгін де
Сол сұмдықтар жаңаша бір сипатпен
Байқап тұрсаң ауысқандай бүгінге!



Қолда гүлің солмай қоймас,
Тағдыр қаза келмей қоймас.
Өтер-кетер – бәрі бекер,
Кімге дүние болар жолдас.



Жаман болса алғаның
Қазаның қайнап толмаған,
Сыйламаса ағайын
Ешбір жолын болмаған.



Мына бүгін өзгешілеу, өзгеден
Әлде бұрын бұндай күнді сезбегем.
Жүрегімнен балапан боп ұшты да,
Сезімімді әнге қосты, кезді өлең.

Бұл сезімді жеткізе алман сөзбенен
Сезімді көре алмайсың көзбенен.
Көктем келді, көктем келді гүл алып
Сағындырып бір қыс бойы келмеген.



Жұқа болсын, жыртық болсын қалтамыз,
Сыйластықпен кеңейеді арқамыз.
Атандырып, құрмет тұтқан қонақты,
Ат-көлігін қоса алдына тартамыз.

Ұзартайық солай өмір өрісін,
Сыйласумен өтеп тірлік жемісін.
Аталардың қолын алып әрқашан,
Әжелердің кигізейік кебісін.



«Жауынмен – жер, батамен – ел көгерер»
Деген сөзді текке айтпаған көнелер.
Десең көктеп, көркейемін сен егер,
Адамдардың ақ көңіліне сене бер.

Тобымен кел, бәйгіден дара келмей,
Өмірге де бере біл, ала бермей.
Жақсылық пен жамандық бітіспейді,
Түйіспейді екеуі магниттей.

Жамандықтың қолы ұзын, айласы мол,
Айласы мол, өзіне пайдасы мол.
Жақсылықтың жүреді тонын киіп,
Сол отырар орынға жайғасып ол.

Алданамыз, сондықтан ұрынамыз,
Жамандық құбылмалы ұры нағыз.

Сол шіркіннің кескінін кештеу танып,
Жақсылыққа сәл кештеу бұрыламыз.

Жамандықтан жолына сыз өтеді,
Сыз өтеді, жүректі мүз етеді.
Ал жақсылық қас-қағым қалғымастан,
Арыменен адалдықты күзетеді.

1998 жыл

АР

Тер төгумен, еңбекпен сый ап келем,
Жел көтерген жеңілтек сияқты емен.
Әзәзілдей нәпсіні арашалар,
Тәрбие бар менде «ұят»-деген.

Ар мен ұят күшті ғой өлімнен де,
Ақылы барлар жем болмас көрінгенге.
Айуанға ұқсайды кейбіреулер,
Ар-ұяты айрандай төгілгенде.

Арсыз адам тым жақын айуандыққа,
Айтқан оны талайлар аңыз ғып та.
Ардан безген арамза алқынбасын,
Уа, адамдар, ондайды ауыздықта!

Ар жолымен ілгері аттап келем,
Арсыздарға неліктен тап-тап берем.
Өмір деген дария ұлы өткелден,
Алып шығар «Ар» атты аппақ кедем.

1998 жыл

ҮЙЛЕНЕРДЕ

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме.
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей көңіл берме.

Жасаулы деп, малды деп, байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.

Ары бар, ұяты бар, ақылы бар,
Ата-ананың қызынан қапы қалма.

Жоқ болса әйелінің жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кеселі.
Майысып бейне гүлдей толықсыған,
Кем болмас «Алтын тақтан» жар төсегі.

Үйіңе таныс құрбың келсе кіріп,
Сызданба сен қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні о да сүйсін,
Шайынды ақ көңілмен жасай жүріп.

Құрбыңның болсын жайлы өз мінезі,
Абыройлы қалжыңменен келсін өзі.
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,
Әйелінді атпасын оның көзі.

ДОСЫМА

Өсті елім, мен де өстім,
Өтті жыл да сағымдай.
Балалығым балғын шақты,
Тұрамыз ба сағынбай.

Еш кетпес-ау есімізден,
Сол бір қызық күндеріміз.
Сен көгенге, мен келіге,
Жасырынған түндеріміз.

Сен сол кезде, жан досым ең,
Көрем сені соған тең.
Талпыныспен қырға шыққан,
Сол Ізтілеу досың мен.

Есейдім мен, ер де жеттім,
Өнеге алып өмірден.
Өлең сөзді ермек еттім,
Дос деп тауып көңілден.

Сондықтан да мен саған,
Достық сөзді арнадым.
Еске алғанда досыңды,
Оқысын деп жазғаным.

ДУШПАН

Көп қой менің дұшпаным бағымда,
Көре алмайды бақытымның тағын да.
Аздап қана ашсам ғана көзімді,
Жегідей ғып жамандайды жанымды, ә?

Жақсылығым болса іштен тынады,
Кемшілігім үшін талай талады.
Ит боп үріп тамағымнан алады,
Жалған дүние – қызғаныштан тұрады.

САБЫР

(Мезгілсіз бақилыққа аттанған бауырыма арнаймын)

Асау өзен жуасып баяу ақты,
Бұлт бүркеніп ай жылап бара жатты.
Қара дөңнің үстінде мен отырмын,
Бауырымнан айырылып қара басты.

Суалды бүгін тамаша таза бұлақ,
Сабырым еді, еңкеймей бірден құлап.
Сүюші еді елің, сүюші еді жерің
Жер-Ана болды мәңгілік енді тұрақ.

Бауырым дарабоздай дара тұрдың,
Ақкөңіл, ақжарқын мінез құрдың.
Асығыс кеттің бақилыққа аттанып
Жүректі жаншып, жігерді құм қылдың.

Білдім бе сарыуайым төнеріне,
Сол жұлдыз өкінішпен сөнеріне.
Жолымда жолықтырмай өкіндіріп
Қаройда суға батып кетеріне.

Өлердей өкінемін болған іске
Қайғының оты өртенді өзегімде.
Дәм таусылып, Алладан қабар болып
Қоштастың қырық бес жас өмірінде.

Жаралған таңғы шықтың өзінен
Тірі жанның қалдырмаған көңілін.
Сезбеші енді қара жердің сыз демін
Топырағың торқа болсын, бауырым!

БІР КҮН ӨТТІ

Апырау жылжып тағы бір күн өтті,
Біреу жылап, біреуі күліп кетті.
Екі ғашық қосылып ақ махаббат,
Қуәсі боп тағыда бір күн өтті.

Шуақ беріп, жан езіп бір күн өтті,
Аспанды жұлдыз тастап тіліп кетті.
Сағынышқа оранып, мұңға батып,
Қаншама ақын, жүректен жыр түлетті.

Тағы, тағы мінеки бір күн өтті
Ұзақ ойым ұстатпай шегі кетті.
Келер бақыт демеймін жоқтар бізді
Өшірмей жүректегі шоқтарды ізгі.

Тіріге тірлік болып бір күн өтті
Мұңыммен, сырымменен үндес етті.
Жан бермей, жан таласып көнбес едім,
Өлімнен тірлік іздеп күндес етті.

Тулайды кей кездері, намыс кегі,
Шақырсамда өткен күн алыс кетті
Арманым әлде менің шексіз айдын
Самал мен қозғалмайма көлдің беті.

Көңлімнің айдыны толқып өтті
Аспандағы көп жұлдыз тарап кетті.
Тағдыр маған силаған сол бір күнді
Өрісі кең өнегелі өмір етті.
Апыр-ау жылжып тағы бір күн өтті.

ҚАЙРАН НАРЫҚ!

Қалдыма күн шыға алмай ай қамалып,
Адамдар мұңайады ойға қалып.
Біреуді тентіретіп, бірді бай қып,
Қойдың-ау қалтыратып қайран нарық.

Отырған байлықты ойлап барға қарық,
Қайтеміз не істейміз бүгін налып.
Бағасын үшесе қып нан мен судың
Көтеріп жіберді-ау мына нарық.

Халқым да мұңайады ойға батып
Болдыңғой арды сатып, сақал сатып.
Ойлайма жоғарыдағы сараң басшы
Отырған бес саусақты майға малып.

Қайда кетіп барады мына нарық,
Құр сөзді, құр уәдені аймаладық.
Бетті бұрып нарықты түземесек
Мына халық жан сақтар қайда барып.

Азық-түлік, мұнай, газ мына жарық,
Бағасы тоқтаса екен кері айналып.

13.11.2007 ж.

ЗАМАНА

Көңілім алаңдаулы, алаңдаулы,
Себебі мына нарық заман даулы.
Шарықтап баға өсіп жан қуарып
Қайтейін ағайындар ашуланды.

Неліктен елім даулы, жерім даулы
Келді де жат-өгейлер жерімді алды.
Бәйтке о дүниеде жер таба алмай,
Боларма балаларға көрім даулы.

Болғанда мына ғасыр өзі даулы,
Татулықта шыға алмас тауым болды.

Туғандарда жат болып бір-біріне
Қамқорлығы сатылған заман болды.

Заман даулы, апырау жаман болды,
Өз туғаны өзіне жау да болды.
Аңқылдаған ақ ниет адал жандар
Танылмас бірі-біріне қауым болды.

Жастарымда шығарды амалдауды,
Андығаны, танығаны ақша болды.
Ертеңіме қараймын күмәнменен,
Ертеңім көрінбестей сағым болды.

Көңілім алаңдаулы, алаңдаулы,
Көңілге көп армандар қаланады,
Не бір уайым, өкініш жоғалады.
Ағарады, көңілдер ағарады,
Жүректе көптен жүрген күйкі сезім
Біртіндеп өше-өше жоғалады.
Жаңарады бәріде жаңарады
Бақытты таң самалы соғар әлі.

14.11.07 ж.

САУДА

Заман азды, заң да азды, адамда!
Соны ойлап отқа түсем, жанам да.
Ізгілік аз, кетті ниет қарайып,
Адалдықты саудаға сап табанда.

Сауда қуып бұзылды ғой заманда,
Кемерінен асып кетті талайға.
Арамдықтың маңын аттап баспайтын
Ей адамдар: болашағым не ойда?!

Қарсы жүзем ағысына өмірдің
Әлде менің қате ме өз ұғымым.
Түлкі мінез қулық-сүмдық көргенде
Атылады көкейімнен тығыным.



Жүрген жокпын өзімше қапаланып,
Отырсақ та бүгіндер жапа жағып.
Ер сүрінсе жығылмас көтерілер,
Қара халық қиналды тезек жағып.

Несібесі бар емес пе бір қатымдық
Үстінде нар көтермес жүгі артық.
Қозғайтын сезімім мен жүрегімді,
Онаша жан тербейтін мұңым артық.

Жалтаң бақыт келеме жалтаңдатып,
Қойдың ғой бас көтертпей қайран нарық.
Көмір, газ, мұнай астық қайда дейміз
Жетпейме өзімізге жатсақ малтап...

05.01.2008



Ақындық дарынымды қуат тұттым,
Демеймін ақындықтан бірдеңе ұттым.
Жылап келіп өмірге сәби болдым,
Келмейді кетерімде жылап кеткім.

Таймасын бұл өмірден менің таңым,
Өмірден өкініптау нешеме ақын.
Армансыз жер қойнында жатар едім
Жырымды қабыл алса мына халқым.
Ұшып жатыр желменен жапырақтар
Күзгі салқын жауратып, қалтырап тал.

КІМ БІЛЕДІ?

Не демес бұл өмірде кімдер-кімді,
Кейбіреу ақжарқын дер ер мінезді
Ал біреу тілге тиек жырғып айтар,
Өмірде думандатқан күндерімді.

Ал біреу жан еді дер өркөкірек
Жүрмеушет басын иіп төменірек,

Мінезі кейде дауыл, кейде шуак
Жан еді дара жүрген ақын жүрек.

Кейбіреу жаттап оқыр жырларымды
Әдемі тұнып жатқан тұнығымды.
Сағынып қайта-қайта бетін ашар,
Таңғы шықтай тәрізді сырларымды.

Білмеймін кімге-кім боп қаларымды,
Жанға шуак артымда із қалады.
Сонары сол шуақтың сонарланбай
Адамдар басып жүрсе болар дағы.



Жалынбаймын тағдырға еш демедім,
Өленде еңсем биік өшпегенім
Сезімді шығаралмай іште өлгенім.
Әлде менде жоқ шығар есті өлеңім.

Жазғаным өз жырым, өз өлеңім,
Керегі жоқ байлықтың ештеменін.
Ақын емен ақынға жақынмын ғой
Сырымды айттым басқа еш демедім.

Өлеңім жолда қалмай кестеледім,
Осы көштің соңында кеш келемін.
Самалы, демі шығар жырларымның
Ертерек сонау аргта өшпегенім.

Өзімді өзге жұртпен тең көремін
Өзімшіл өзге мінез өзгермедім.
Арым мен адалдықты таза ұстап
Биікке ерте шығып көшпегенім.

Өзіме қиналғанда демеу болған
Артымда армандаған жырым қалсын.
Өмірде жолын тауып көсілмеген
Арманның тәтті дәмін қайдан алсын.

Әр ақынның қадамы ұзын-қысқа,
Біреу барға, ал біреу жоққа да ырза.
Тәтті бір үмітпенен үміттенем.
Менінде жүзер кемем ертең алға.

Арманның үміті езілмесін,
Ақынмын, ақындығым сезім менен.
Кезіктім бұл бақытқа кештеу кезде
Салқынды қоңыр желді күзінде мен.



Мұңымнан, сырымнан үндесе алдым,
Тірлікте тағдырыммен сырласамын.
Көрмесем мына өмірді өзім танып,
Жалғанның, жалғандығын білмес едім.

Көрдімде ақ пейілдің жонылғанын,
Көл-көсір содан көңіл басылғанын,
Кездестім арамдықтың түрі өзгеріп.
Таранып аққу болып жуынғанын.

Терең ой сансыз құбылыс сана тілім,
Арсызға ар жолында тап-тап бердім.
Қасиетін ата-баба ойға салып
Қайта жанып намысты қайрап көрдім.

ӨЛГЕСІН ҚАЗЫП АЛА МА?

Күрсіне, кейде күлімдеп,
Атса да таңның арайы,
Тірліктің қуып жолдарын
Тағдырдың тиді таяғы.

Түстімде қырат белеске,
Шығара білдім дөңеске,
Қос өркешті шыңына
Қол созғаным емес пе!

Біреу артық, біреу кем,
Арайлап атқан таңыда.

Бірінде барда, бірде жоқ,
Үңіле білгін нарқына.

Тоқырап кейде көңлім
Тағдырдың кеттік қамында.
Ұғар кім жанын ақынның
Өлмеске мәңгі санама,

Талай бір жазған сырлы жыр,
Оқылмай өттең қалама.
Аллаға шүкір егерде
Өлгесін қазып алса да.



Ең аяулы нәзік жан ғой қыз деген.
Жолын ашса – дүниеде бізге кең.
Өмір теңіз қалып қоймай ескексіз.
Сана сезім бірге болсын бізбенен.

Семья құру болған емес жайменен,
Терең түсін, қиындығы мол-деген.
Бақыт деген өзін қолдан еккен гүл
Күрес жаным, бақытты болу өзіннен.

Бақыт тілеп, атасы мен анасы,
Еш уайым болмасын деп баласы
Ғұмыр кешкен, өздерінің бақытын
Өздеріннен көру үшін қарасты.

ТАҒДЫРДЫ ӨЗІҢ ИГЕРМЕЙ

О, пенделер, ойлан мені тыңдашы!
Өмір жолы ұзақ емес,
Тал бесік пен жер бесіктің арасы.
Қас-қағымдай мына қысқа өмірде
Бір-біріңе ғашық көзбен қарашы.
Тағдырды, өзін билеп игермей
Терең өткел суға батып қалмашы.

Әлемдегі сұлулықтың барлығы
Жүректегі тазалықтан тұрсашы.
Мына ұққан бұл өмірдің дастаны
Тек Махаббаттан басталшы!
Бірде бал, бірде «у» берген
Ей, Тағдыр, жақсылыққа басташы!

07.03.2008 ж.



Қара кемпір жатсынбаған күшағын
Келін болдың, аққу күсқа ұксадың.
Тәрбиелі ата-анадан ұшқан күс
Отыз бес жыл отауымды тұтаттың.

Автор

Домбырадан тиексіз күй шықпайды
Сүймесе жұбайларда сый болмайды.
Сенім мен бірін-бірі түсінбеген
Қанша отын жақса да үй болмайды.

Ас дайын жарын күтіп құлпырады,
Жанынды жылылыққа толтырады.
Қонағын ізетпенен қарсы алып,
Жақсы әйел ер атаған зор қылады.

Саналы ер алған жарын гүл қылады,
Жаман ер жақсы аруды қор қылады.
Тұртпектеп әр нәрседен мазасы жоқ
Ақылсыз әйел тулап бұлқынады...

16.02.2008 ж.

МОЛДАХМЕТ

Жымиып жайлап қана күлетұғын
Кісімен әзілдесе білетұғын.
Салмақты қалпынан еш айнымастан
Жай басып жалпақ алып жүретұғын.

Әзілдеп көңілденсе күлдіретін
Риза болса лебіз білдіретін.

Алдында үлкендердің кішірейіп
Көп істі дабырламай бітіретін.

Қоярдай отырғызып Хан қасына
Сыйлысың мықтылардың ортасында.
Мен өзіңе аға әрі қайнағамын,
Нағашы қарындастың арқасында.

Баянды болсын бақыт үйіп берген
Қашанда бірге болшы сүйікті елмен.
Лайық министрге жігітсің ғой
Көрейік бұданда зор биіктерден.

Тірліктен кейде күйбің безінемін
Жырымды оқып кейде көз ілемін.
Тындасам өзін берген әуенінді
Тағдырдың салмақ жүгін сезінемін...

АЛТЫН ТӘТЕ

Нық отырған қақ төрінде сығаламай жабықтан
Шалқар білім шарбатына жастайынан қаныққан.
Ұстаздықтың ұлылығын түбірімен дәлелдеп
Алыптардың бірі өзіңіз, шыққан дархан халықтан.

Балаларға жалпы өзіңіз жылылықты үйреттің
Өзіңе ұқсап тебірентіп, толғандырып сөйлеттің.
Әр сабақта жаналық пен даралықты айқындап
Талай күмән-шұбаларды тас-талқан ғып күйреттің.

Класқа енсе бірде күліп, бірде қабақ түйетін,
Әр баланың қарымына жете көңіл бөлетін.
Жас кезінен өнерді де серік еткен жан еді
Қазақ тілі, әдебиетіне қоса әннен беретін.

Алтын атың мәлім болды алты Алашқа тегінде
Қыран-қаңқыл, аққу-сұңқыл құдірет бар үнінде.
Ақ тілегім жетсін бүгін сізге арнаған өлеңім
Халық мұғалімі, Ленин ордені жарқыраған бүгінде.

ҚАНАПИН УӘЛИХАН

Бірде ашып, бірде жұмған уыстай
Емін-еркін араластық туыстай.

Автор

Шымырлап өмір-өзен ағыстары
Жастық шақ қазір бізден алыстады.
Зуылдап жиырма төрт жыл өте шықты
Уалихан сендерменен танысқалы.

Бәлсінбей ел сенімін ақтайтұғын
Жақсыны сырттан ғана мақтайтұғын.
Басқалар күйіп-пісіп жүрген кезде
Жан беріп, жан алысып жатпайтұғын.

Белгілеп жүрсін бе — шығар белің
Азаматы Катонның ұранды елің.
Өте сыйлы жан болдың бүгін елге
Өмірдің асып алпыс кезеңін.

Жүріп өткен ізгілік жолдарыңмен
Табысқан Күлекендей арманыңмен.
Көптеген жауапты істі атқардыңдар
Мамандығың инженер болғаныңмен.

Жасыңнан жігіт болдың жалындаған
Ешқашан жолдасына тарылмаған.
Дүние қумай дос жинап өткен артық,
Күні-түні қонақтан арылмаған.

Парасатпен келетін байламға кіл
Салиқалы істерің ойларда тұр.
Шеңгелді менен Алатау бауырында
Өшпей тұғын іздерің сайрап жатыр.

Қалықтаған қырандай сонардағы
Ұрпағымен жалғаспақ ер арманы.

Екі қыз, бір ұлыңның қызығын көр
Немере мен шөберелер жалғасады.

Жүрек-сырын мәңгілік шертiңiздер
Мызғымайтын құрыштай бекiңiздер.
Тарлан тағдыр ұшығын бiрге басып
Екеуiң бар арманға жетiңiздер.

29.03.2008 ж.



Үшінші тарау

ЕСКЕРТКІШ

Тереңнен тартып ізгілік,
Тереңнен ұтым алғайсың.
Қимарданмен жалғанды
Жазғанға қарсы тұрмайсың.



*Өзгелерге ұқсамайтын,
Әркімнің бір жыры бар.
Өзгелерге айтылмайтын,
Әркімнің бір сыры бар.*

*Баз біреулер бара жатыр,
Ұқпағасын ғашығы.
Сағынышқа айналсын деп,
Жарға деген ашуы.*

*Біреулердің ең ақырғы,
Сапары бұл кім біледі.
Қариялардың белі бәлкім,
Соны сезіп бүгіледі.*

*Қайдам, қайдам омырауды,
Жуганменен тамшылар.
Біреулердің кеткеніне,
Қуанған да бар шығар.*

*Ой, өмір-ай, сен бір үлкен
Сапарсың зой қашаннан.
Біреулерді шығарып сап,
Біреулерді қарсы алған.*

АЙЫРМАСЫН ҚУДАЙ ЖАРЫҢНАН!

Баллада

Ауыр ғой, сәулешім, ғажап қой,
Бір болдык бұтақтар өсірдік.
Ауыр-ақ, сәулешім, азап қой,
Екіге бөліндік, екі өмір кешірдік.

Жарасы жүректің жазылмас,
Мөп-мөлдір көз жасты төгейік.
Өмірге жалын боп келген соң,
Жалын боп өмірден өтейік.

Тіршілік барда мен біргемін,
Қан менен жанымыз бөлінбес.
Жоқсың сен — сонда да біргемін,
Махаббат өлмес те жеңілмес.

Есінде сақтарсың қашан да,
Өзінді ұмытпан сүйгенім.
Сақтадым мәңгілік жүректе,
Мәңгілік көңілге түйгенім.

Тағдырдың мұңынан оянбас,
Түнекте қалған соң не дейін?!
Қараңғы сүп-суық аязда
Жабусыз қалсам мен қайтейін?!

— Мұздаған дененді жылытуға,
Тамырыңа қанымды құяр ем.
Табыссам қайтадан өзінмен,
Түнекті қолыммен жияр ем.

Айырылу соны кездесу,
Кешірші менің сүйгенім.
Санадан тыс өткен күндерде,
Өзімді өзіңе сүйредім.

— Хабарсыз жоғалсам мен егер,
Дүниенің жарығы аз болғаны.

Жанымның тұманда қалғаны,
Өмірдің тозғаны, тозғаны.

Сонда сен қасымнан табылып,
Жаныма нәр берсең болғаны!
Тебіреніп, тербеліп жасыды ол!

Айырмасын құдай жарыңнан,
Жанымен, қаныңмен, сіңейік.
Аз күнге кетсең де жол жүріп,
Сағына, сабыла күтейік!

2005 ж

СОЛ СОҒЫСТЫ БАЯНДАР ҚАРИЯЛАР!

Баллада

Соғыс ардагерлері, сіздердің алда-
рыңызда бас ие отырып, осы аз ғана
жүректен жарып шыққан шумақ
өлеңімді өздеріңізге арнаймын.

Автор

Соғыстың да басы бар, аяғы бар,
Еске түсті: «Ұлы өзен, баяғы жар»
Село біткен таланған, жер жетімек,
Сол соғысты баяндар қариялар.

Үй түбінде өлі шал ұсқын қашқан,
Бала жатыр, бесігі оны басқан.
Азап соры қалды ма біз кешпеген?
Тірі ұялтты, қорлады, үсірді аштан.

Қырғын-қырғын өмірде өтті жылы,
Сұр шенелді қан басып, оқ шайнады.
Кеудемізде жанымыз жаурап талай,
Сары аязда жүректі өрт жайлады.

Ұлы майдан маңайы астан-кестен,
Жер де естен айырылған, аспан да естен.

Айқай-шу, түтін-тұман, зулаған оқ,
Бір ғасырдай - әр минут бастан кешкен.

Тұрдық жаудың тұқыртып жолын бөгеп,
Сын сағатта, Отан үшін жолында өлмек.
Ала алмады оны ешкім тәсілменен,
Ала алмайды жайменен, жасынменен.
Қайран Отан қайсарлы осы ұландар,
Жауға қарсы қарысқан ақылменен.

Өлексешіл жауыздың өкілдері,
Оңбенімді атып барад (ы) өкіргені.
Мыңнан танк андыздап келеді алға,
Тіршіліктің шырағын өшіргелі.

Тас-түйін қабағы катуланып,
Танкис отыр ашудан басы уланып.
Жалды дөнес окопты көрді алдан,
Оқтайланды кідірмей басуға анық.

Бір тоғысып ақылың, ерлік-айлаң,
Бауламасаң табарсың ерді қайдан.
Гүрс етті алғаш гранаттар,
Екі жағы тең емес екі майдан.

Туған өңір, туған жер, карашы енді,
Қырғын майдан бір сәтке дала сенді.
Өздері де қақырап бара жатыр,
Қарқыны зор, қайтарып қара селді.

Күшейді дауыл, тілек сол — басу берме,
Бұрқыра кек жүректі ашу керне.
Қызыл өртте соғыстың қалды басы,
Ал соңы — жеңіс дабыл ұрған жерде.

Енді, міні, көріп тұрмын жеңісті,
Ер көңілі бір шындықпен келісті.
Әр жанарда жанады екен жұлдыздар,
Әр қадамнан кеңейеді екен жер үсті!

Жер теңселген осынау тегеуріннен,
Қүдіретін ерліктің демей білген.
Мүмкін жырым әлсіздеу — бос ырғағы,
Жеткізе алмас ұлы бұл оқиғаны.
Бірақ:
Ерлік жайлы сан ұрпақ оқиды әлі.

03.02.2005 ж.

ЕЛІМДІ КЕЗІП КЕЛЕМІН

Поэма

I

Менің де бар тереңім,
Тереңге ой сап келемін.
Құлақ салып тындасан,
Өткеннен айтып беремін.

Елімді кезіп келемін,
Кең байтақ жасыл беленің.
Ешкім де бөгет болмайды,
Тоқтаусыз тасы өлеңім.

Елімді кезіп келемін,
Жайқалған астық, жер өнім.
Арнасы тасып өзендер,
Байқатпай түпсіз тереңін.

Қолында ақ таяғы,
Кәрі өзендер баяғы.
Иілген белі еңкейіп,
Көсілмей қалған аяғы.

Қарияға кезіктім,
Кеудемді тұрды езіп мұн.
Сонау күннің белгісі,
Екенін мен де тез ұқтым.

Тоқсанға келген шағында,
Толқыды көңілі тағы да.
Ресейлік Иван досының,
Іздеп бармақ бағына.

Сонау отты жылдары,
Айтылған бірге сырлары.
Окопта бірге жатыпты,
Соғыстың түйреп ызғары.

Бір пулемет ортада,
Батыр жүрек қорқа ма?
Бірге жауға оқ атты,
Аязды түндер қаңтарда.

Жолында жауды қырғандар,
Дұшпанды басқа ұрғандар.
Достықтың берік символын,
Ерлікпен елге жырландар.

Тірлікте кешкен ыстық от,
Өлгенше сөнбес өмірде.
Бәрі де көз алдында,
Мәңгілік қалды жүректе.

Жеңбекке жауды асықты,
Бойдағы қанды тасытты.
Қаһарлы сол бір соғыста,
Жаулардың мысын басыпты.

Дүние түгел тартысқан,
Бомбалар жарды әр тұстан.
Аждаһадай атылған,
Ажалмен ашық шарпысқан.

Сол соғыстың үстінде,
Ғасырдың желі жылаған.
«Отаным»-демей сол кезде,
Қалмаған, айтсақ бір адам.

II

Шайқаста көзін ілмеген,
Жауларын түріп іргеден.
Атақ, мансап, құмарлық,
Түстеріне де кірмеген.

Жігерленіп қоймаған,
Тыныштықты ойлаған.
Бейбіт болсын болашақ-
деп қаруды сайлаған.

Өзен-су, тау мен тастарын,
Қорғады жаудан қас-қағым.
Қорғады сүйген ел-жұртты,
Кірлетпей ашық аспанын.

Соғыста аян баршаға,
Күндері өтті қаншама.
Жеңісті әкеп орнатты,
Жау керемет болса да.

Содан бері алпыс жыл,
Бастарынан өтіпті.
Отыздағы жігіттер,
Тоқсанға да жетіпті.

Тоқсан жасы бар бойында,
Алпыс жылдық жеңіс тойында,
Сол Иванға барыпты,
Бірге тойламақ ойында.

Соғыстың салған жарасын,
Көзіңмен көрсең нанасың.
Бұзылмасын тыныштық,
Құшақтап адамзат баласын.

– Жүзіңе мәнмен қарадым,
Болашаққа оймен қарағын.
Батыр болсаң ел үшін,
Ұлдарым менін, жарадың.

Келмесін қайтіп сол соғыс,
Болмасын қырғын, қан төгіс.
Үзілмей бейбіт тіршілік,
Берекелі бітсін қаншама іс.

Аман бол, ұрпақ, аман бол!
Тыныш болсын заман сол.
Ұрпақ өссін көркейіп,
Қазақта болсын адам мол!

Қариялар жүрсін жүгіріп,
Немерелері еріп тізіліп.
Орнатқан біз бейбіт күн,
Кетпесін халқым үзіліп!!!

ҚАСАРЫССА ТОҚ ТАҒДЫР

Толғау

Қасарысса тоқ тағдыр,
Адамның қолын шегерер.
Жәрдем болса Алладан,
Шешпегені шешілер!

Автор

Қандай болды заманым!!!
Заманым солай болған соң.

Тайғақ болды табаным,
Құдайдан жәрдем болмаса,
Төзуге жоқ-ты амалым.

Заманым түгіл, ел азды,
Ел ішінде ер азды.
Балығы кетіп көл азды,
Оты кетіп жер азды.
Жаңбыры болмай шөл азды,
Ауылдан көшіп ағайын,
Шаңырағы қоса азды.
«Коммерсант»-болам деп,
Қаладан бақыт табам деп,
Арандатып жол азды.

Қыз болғанда не пайда?!
Болмады сабыр-салмағы.
Қызды көркем көрсетер,
Мінезі де қалмады.
Ада болып қылықтан,
Шайтан қуған жандары.
Ананың сөзін тыңдамай,
Ақылы қыздың ауғаны

Ақыр заман белгісі,
Арын сатып жалданды.

Балаң әдеп үйренбей,
Тілін алмай үлкеннің,
Өзі білгіш болам деп,
Ер намысын былғаған.
Ата-анасын сыйламай,
Жастығы жеңіл мінезін,
Өз бетінше жинаған.
Қайырсыз дәулет сол болар,
Өзін-өзі қинаған.

Сыйламасаң анаңды,
Ақырда басың қор болар.
Әке ақылы қонбаған,
Көңілі жалаң тар болар.
Халқым сөзге нанбаса,
Қанағатың болмаса,
Өзінді-өзің алдама!
Жапалақ қонған бақшаға,
Бұлбұл сайрап тұра ма?!

1994 жыл

ӨЗІМЕ

Толғау

Сыйластық береке-бірлікте,
Татулық қымбат ойласаң.
Кішілікке бейім боп,
Тәкаппарлық қумасаң.
Қайырын сұрап әр істің,
Қисық кетпе, теріс жол.
Қанағат пен шүкір ет,
Боламын деме асқан зор.
Мәңгі қалар бір жан жоқ,
Өлімнің жолы баянсыз.
Қалам ұшта, өлең жаз,
Мәңгі өлмейтін арттағы із.

I

Жай адаммын, қазақпын,
Ауылым өлеңнен алыс.
Бірақ мендегі жүрек,
Өлеңге күштар, қалмады қалыс.
Тереңге бойлап, тебірене алсам,
Сезімге бойлап сендіре алсам,
Жазықсыз жанның жылағанына
Көңілін аулап, жұбата алсам.
Сөз тізбегін сонардан тауып,
Соқпаққа жаңа жол салсам.
Шөлдегенді өлеңмен суғарып,
Өмірдің рахатына қансам!
Жазғаным жанына тисе,
Бір адам басын исе.
Ырза боп ақ көңілім,
Мен сонда айтар едім,
Тағдырды жетеледім.
Жанымды мекен еттің.
Өмірге ырза болып,
Бұл дүниеден өтер едім!!!

II

Абысын тату, көңіл ақ,
Ағайынға не жетсін.
Бауырың, іні, қарындас,
Ағаласа не жетсін.
Құдандалы жекжатпен,
Сыйласқанға не жетсін.
Дос-жолдаспен қауышып,
Сырласқанға не жетсін.
Сүйкімді өз қылығы,
Ұл-қızıңа не жетсін.
Айналайын толғанып,
Ашуыңды басатын,
Немереге не жетсін.

III

Сөзге құлақ салмаған,
Кісіде қасиет болмайды.

Жаратып салған жүйрігің,
Бәйгеден озып келмесе,
Жігерінді күм қылған,
Онан да береке болмайды.
Дәулет біткен мастанса,
Көрінгенмен қас болса,
Жігітте қасиет болмайды.

2007 жыл

ҚҰДА

(Еске алу)

Ақын Құдайберген Қазыбекұлының
рухына арнаймын.

«Ізтілеу құда, — дедің бір тост алғанда, — осы ақынның бәрі сахарада тұрған жалғыз ағашты батыр, қайсар да батыл, кең бір бақытты ағаш ретінде көрсетіп жатады. Оның бақыттылығынан бақытсыздығы артық болып көрініп тұрады маған. Сол жалғыз ағашты мен бақытсыз, сорлы ағаш қып көрсетіп өлең жаздым, тындап көріңіз, құда!»

Өлеңіңізді өте әдемі, әсерлі оқып шықтыңыз. Тамаша жазылыпты, қандай тапқырлық, талант десеңізші! Сол бір оқылған өлеңіңіз көз алдымнан кетпеді. Себебі, басқа ақындарда жоқ мағыналы сөздер еді.

«Жалғыз ағаш» өлеңің есімде,
Оқыдың өленді құдалық кешінде.
Тереннен шыққан асыл сөз,
Шеберлікпен шегеленіпті төсінде! — демекпін.

Автор

Айырылысу амалсыз құдадан!
Қандай амал табарсыз?!
Көз алдыңнан жоқ болса,
Бұл жалғаннан хабарсыз.

Дәл алпыс бір жасында,
Тағдырдың көрдің «жаласын».
Өз өмірің біткен соң,
Не керек саған жал-басың.

Қатын, балаң, қарындас,
Зарлап бүгін жыласың.

Рахымсыз тағдыр шіркінді,
Аямай қайта қарғасын.

Тағдыр деген осылай,
Қайырылмас бұйрық алғасын.
Құданның көңілін қалдырып,
Қамытып құрттың айласын.
Тілге тиек болады деп,
Іздеп сізді келіп едім.
Перішгесің бе, қайдасың?
Сен үшін жанын қиярлық,
Амалын таппай аңдасып,
Қалды бірталай жолдасың.

Ай тұтылып, күн күйіп,
Жер қайғырар демедін.
Сергелден болып сенделіп,
Ел қайғырар демедін.
Әкесінен айырылып,
Ұл қайғырар демедін.
Ақ денеден айырылып,
Жан қайғырар демедін.
Тастан түйген асыл сөз,
Мәңгі қалар дегенім!
Артта қалған сөздерің,
Жоғалмайды іздерің.
Өзіңнен қалған сыбаға,
Қай сөреден іздейін?!

02.02.2007 ж.

ҚАПШАҒАЙ ТОЛҚЫНДАРЫ

Баллада

I

Ойға батып толқиды,
Сағынышын айта алмай.
Қанша жастық қалды екен,
Қапшағайда байқалмай.

Сезімдерге беріліп,
Сенімдерін аттатпай.
Талай ғасыр жалғасар,
Махаббатын жоқтатпай.

II

Қапшағай толқындары,
Дауылсыз күрсінбейсің.
Жүрегім, мол сыр барын,
Айта алмай дүрсілдейсің.

Долы жел үрлеп соқса,
Долданар асау толқында.
Қос жүрек бірге соқса,
Қос көңіл қосылмай ма?

Қапшағай айдынында,
Шағала қалықтайды.
Махаббат байлығында,
Өмірім жалықпайды.

Нұрындай жарық айдың,
Сәулесі толқынында.
Махаббат бесігіндей,
Тербеді мені осында.

Ақ желке кемелерім,
Дауылсыз шайқалмайды.
Әкеліп мол толқынды,
Жағадан қайтарады.

Менің де толқыным бар,
Аударып төгіп алар.
Тулаған толқындардың,
Аса алмас шегі болар.

ЖЕР САТУ

Толғау

Баба-аруақ даналар,
Қайда дерсің көз жасы?
Жатыр мынау көк белде,
Не тіледі өз басы?..
Бақыт тілеп кетті елге!

Іске асты ма тілегі?..
Орындалды тегінде.
Қайда дерсің жүрегі,
Ата-баба жерінде.
Егеменді ел болды,
Көк байрағы желбіреп,
Ұлы далам менің де!

Кеше:

Өтіп жатты алтын уақыт,
Өткені де байқалмай.
Елім менің жапа шекті,
Ашық оны айта алмай.

Себебі ме,
Себебі сол,

Өздеріңе сендік деп.
Бодан болып орыстарға,
Көресіні көрдік көп.
Қазақ дейтін аңғал елді,
Жаны да пәк күнәдан,
Аң көргендей көзбен атты,
Мергендігін сынаған.

Бүгін:

Неге кеткен бұрындар,
Қайда есеміз?
Күн бар ма екен көгерер,
Көсегеміз.
Құдай қолдап,
Тәуелсіз ел атандық.
Еңсе түзеп өркендеп,
Енді өсеміз.
Бүгінде жеңісін көрудеміз,
Егемендік жемісін терудеміз,
Адамдардың жүзінен
Күн көрінсе!..

Ауызбірлік, адалдық,
Бірге жүрсе...
Бір дәннен мың дән болып
Көгереміз!

Ертең:

Қазақ деген елімнің,
Соры қалың болып тұр.
Шұрайлысы жерімнің,
Шет елдікке қалып кұр.

Ата-баба қан төккен,
Сүйретіп қылыш-найзасын.
Елін-жерін сақтауға,
Жасады барлық айласын.

Қан жұтысып майданда,
Тайғақ кешкен тар заман.
Қанға бояп жүрегін,
Кеше өткен «ақтабан».

Болмасын ертең қайғы-мұң,
Асан қайғы, шұбырын.
Бәрі болды не үшін,
Ойлан халқым енді шын,
Жер сатуға қарсымын!

2005 жыл

ЖАСТЫҚ ШАҚПЕН ҚОШТАСУ

Элегия

I

Лапылдаған жастық шак,
Қайта оралмас өткен соң.
Қолға ұстаған қызғалдақ,
Сәні болмас кепкен соң.

Болды сайран, өтті күн,
Деңгейіңнен асқан соң.
Қол сілтеп, қош айтыстым,
Жастық уақыт өткен соң.

II

Қай жерлерде, қайда солмақ,
Құлпырған жас қызғалдақ?
Көлеңкедей жалт берген соң,
Келмес қайтып жастық шак.

Жастық дүние қызығында,
Күндерді еске ал, асылы
Гүл жамылған жаз айында,
Қол ұстасқан ғашығы.

Сол бір күнді, жастық шақты,
Әркім дағы сағынар.
Жастық бітсе, қайтып келмес,
Арманда болмай не қылар.

Қош айтысты жастық бізбен,
Ұзарып міне жылдар өтті.
Жылмен бірге мен қол бердім,
Қош айтысар күн де жетті.

ҚОҒАМДА НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Поэма

Қоғам да, адам да өзгерді,
Өзгергенін көз көрді.
Білім беру Министірлігі,
Оқу жылын он екі жылға
Өзгертуді көздеді.

Сонда қалай?
Балабақша сияқты
Алты жастан бастап,
Мектепке барады.
Үш тілді бірдей
Бірінші сыныптан
Игеруге болады.

Бес жүз жетпіс екі,
Сөздіктің орнына
Бір жылда, яғни,
Мың жеті жүз он алты,
сөздік үйренуге болады.
Ия, солай
Басқа сыймайтын
Көзсіздік болады.

Қоғам Министірлігінде:
Бұрынғы балабақшалар сатылды ма?
— Сатылды.
— Ия, солай.
Бірі бассейн, бірі сауна,
Кейбіреуі жын ойнақ
Масқара!

Адамдық, адалдық халыққа
Қайда бұл?
Ойына келгенді өзгертер.
Майдан бұл.
Момақан халықтың еңбегін,
Елемес қайқан бұл,

Өтуде күндер, не олай, не бұлай,
Сойқан бұл.

Бұл заман біздерге кез келді,
Суатта шошынған құландар.
Лағып бет алды кезгенді,
Қорланған шындықты сезген-ді.
Көресің жастарды көшеде,
Жұмыс жоқ, оқусыз безгенді.
Себебі: жоғарғы оқу орнында
Жеке меншікке айналып,
Білім емес, ақшада көздері.
Шет елден үйреніп тірлікті,
Халықтың кетті ме бірлігі?

Құнарлы жерлерін сатқаны,
Қамшысы жотасына батқаны.
Не боп барады бұл заман?
Ауырды басым, ағарды шашым,
Осы ойдан!

II

Өз сезіміне бойламаған,
Өзін-өзі ойламаған.
Болашаққа мән бермей,
Жетпес ешкім бақытқа.

Сен бақытқа жетем десен,
Арыңмен, жанынмен адал бол.
Мөлдірлік, тазалық тереңде,
Тереңдік махаббат емес пе?

Бақыт та содан басталар,
Жақсылық ойла, бақ ойла.
Осы ойдан құрылған
Біздің өмір шарайна.

Түсінсең, осы қарағым,
Түсінбесең, бар айда!

11.12.1998 ж.

АУРУХАНАДА

Элегия

I

Күн кешемін кей кезде ойға қалып,
Қалғандаймын бір сәтке бас айналып.
Жақсылығын кеудеме сіңіремін,
Жамандығын өмірдің тосып алып.

Ғұмыр келте, дүние шолақ екен,
Бір-біріне адамдар қонақ екен.
Тіршілігін ойласам, мына өмірдің,
Ғұмыр жетпес арман боп қалады екен.

Қайырылмастай өмірің өткен кезде,
Бок дүние керексіз болады екен.
Жан ауырса, жаныңыз жарым болса,
Мына өмірің мезгілсіз солады екен.

Мына басым барады сан бөлініп,
Жүрегімде тулайды қан желігіп,
Дүниеден өтердей жайбырақат,
Бәрі қалқып барады сағым болып.

Сорлы дене қалтырап, дір-дір етіп,
Суық аяз күйдірген оттай қарып.
Әлсіз жүрек әл жиып алатындай,
Ара күдік лүп етеді тоқтай қалып.

Ерік бермей дүние талпынысқа,
Үзілердей өмірім байқаусызда.
Сағым болып барады, жалын болып,
Қол создым, дәрігер-ау, шамаң бар ма?!

Сана-сезім арыдан түрткілейді,
Өмір менен өлімнің арасында.
Бұл ауру сарғайтып баса алмайды,
Үмітім бар өмірден нанасың ба?!

Нанасың ба, өмірім, жанасың ба?
Өмір өтпес екі тас арасында.
Хал сұрауға ағайын жарамады,
Қабағымнан қара тер тамшылауда.

Сезім іздеп, туғанын сан сұрауда,
Жауабын қайтара алмай қарсы дауға.
Бұл өмір біреуге жаймашуақ,
Ал біреуді салдыратып қамшылауда.

Өмір деген осынау майданында,
Қан қысымы жүректің айналуға.
Сындырмаймын сағымды, сарғайсам да,
Арым таза, өмірде жаным таза.

II

Көңлім бір түрлі, ойдамын,
Осы мен қайдамын, қайдамын.
Бас ауырды, жүрек қақты, қан тасып.
Неліктен осы жерге байландым?

Дәрігер, тындашы кеудемді,
Өмірім толқынға айналдың.
Ауруды түсінер өздерің,
Сондықтан осында байландым.

III

Жарқыраған өмірім,
Жанбай бүгін батқандай.
Ауырған жаным қинады-ай,
Дәрігерім, тындашы,
Мына жүрек нені айтқандай?

Шомылып сәуле, нұр төгіп көкте,
Жалғансын арман-арманға.
Тілектес болып өмірге мына,
Жадыра көңлім жалғанда.
Ауырма, жаным, ауырма!!!

12.12.2002 ж.

ҚАРАҒЫМ, ҚАЛҚАМ

Баллада

I

Жүректегі еркім қайда,
Қарындас, сен алдың ба?
Көңілде бір алаңдау,
Болды ғой менде пайда.

Қонған мына ауруға,
Айтсаңшы, емін бар ма?
Әркімге лайықты,
Өзіндік теңі бар да.

Жүректе махаббат па?
Кескілеп мазалауда.
Айтамын оның несін,
Қарағым, өзің ойла.

II

Белің нәзік шыбық талдай,
Қасың қиғаш, тілің балдай.
Қолаң шашың, қос бұрымың,
Қара көмір жалатқандай.

Алма мойын, жазық маңдай,
Сені көріп тағат таппай.
Сипатыңа шыдай алмай,
Жыр төккізген жүрегімнен,
Қарағым-ай!

III

Емін тап, мен ауырдым сенің үшін,
Бал тамған ерініңнен сүю үшін.
Қапа болып өліп кетсем, кінәлісін,
Түн ұйқымды төрт бөлдім бір сен үшін.

Қол жеткіз арманым атқан таңдай,
Мінезің бар алтынның салмағындай.

Кеудеңдегі қос алман піскен екен,
Уысыма алайын шошындырмай.

Ер жігіт бақыт таппас еңбек етпей,
Жетпейді арманына бейнет шекпей.
Мен тарттым шын көңілмен жан азабын,
Қарағым, саған ғана келіп жетпей.

Осындай сағынта ма сайранды өмір,
Жетімдей жаутаң қағып өтер көңіл.
Сенсіз жерде қайғы-мұң баса берер,
Енді қалған көңілімді өзің көтер.

1991 жыл

АСЫЛЫМ АЙНАМ!

Баллада

Дарқан тағдыр, Айнама саған,
Жолықтырды мені қайдан?
Өмірімнің нұрлы көктемі,
Боп кірдің бе, Айнама!
Тоқтата алмай көңілді,
Жүрегімде басталды ғой бір майдан!

Жанарыңда тұр ма тағдырым,
Жүрегімнің бар нұрын.
Сыйладым мен де саған!
Толғантқан ой көп менде,
Көрсетпей маған жасыңды,
Төгесің сен кейде.

Шыдамды саған тәңірім,
Сыйлады мол қылып.
Көрмедің әсте сенімнің,
Отын ешбір сөндіріп.
Лапылдап жанған өсекке,
Қарамай оттай жанасың.
Арынды асау жүректің,
Тізгінін іздеп тартпадың.
Құштарлық отың өршіді,
Берген серттен қайтпадың.

Мен десе жаның кең,
Көңілің терең де.
Жанады от кеудең,
Берілдің барлық жаныңмен.
Құлпырған жұқат нұрыңмен,
Сондықтан сені сүйем мен!

Кім айтар, кәні, бекер деп,
Жүрдін сен күнде жол күтіп.
Мен келіп қалар ма екен деп,
Жаныңды мұңға жібітіп.
Жыладың ағыл-тегіл боп,
Келгенде бәрін ұмытып.
Аспандай тұнық көгілдір,
Судай ақ таза, мөп-мөлдір,
Құштарлық отын өшірмей,
Мойныма менің асылдың.
Жүрекпен-жүрек түйісіп,
Ұмыттың бәрін асылым.



Махаббаттың тереңі осы болар,
Алпыс екі тамырдың бәрі соғар!

1999 жыл

КҮНДЕРІМ

Баллада

Күндерім, жарқын күндерім,
Жадырай жүріп күлгенім.
Жасымай жүріп түрлерім,
Жасырмай жүрген міндерім,
Масайрай әркез күлгенім,
Осы ортадан нәр алып,
Ортаңда жүріп гүлдедім.

Тереңге батқан кезімде,
Гүл атқан шақта сезімдер,
Теңізге мені тастамай,
Алып шыққан өздерің.

Аялаған сөздерің,
Жауандаған көздерің,
Бәріңді де сағындым,
Бірің де менен безбедің.

Құшақ жайып қарсы алған,
Кеудемдегі жалынды,
От қылып саған бергенім.
Соным шығар әлі де,
Алаңсыз бейқам жүргенім.

Күндерім, менің күндерім,
Бүгіннен жақсы ертеңім.
Ертеңім естен кетпегін.
Өткенін ұқпас азамат,
Өткелін таппас өмірдің.

Сағынтқан менің күндерім,
Махаббат тапқан түндерім.
Күнім мен түнім алмасты,
Өзінмен өмір сүргенім.
Тоқтама менің түндерім,
Таусылма менің күндерім.
Өзіңе басты игенім,
Өзіңді өмір сүйгенім,
Күндерім, менің күндерім!

14.11.1998 ж.

ХАЛЫҚТЫҚ ӘУЕНМЕН

Толғау

Айтайын мен бір сөзді мағыналап,
Құлақ сал, жасөспірім, жаңа талап.
Жаныма шарапаты тие ме деп,
Жүремін жақсыларды жанамалап.

Күн батпайын десе де түн қоймайды,
Қара жартас басында бұлт ойнайды.
Жаманға жайды білмес бір сөз айтсаң,
Басыңды шатастырып еш қоймайды.

Өмірде көргенім бар әбігерді,
Адамның жолықтырдым бәдігін де.
Жақсыға жан қосқанда арман бар ма?
Жамандар қайдан жетсін қадіріне.

Бел десең де тау деме аласаны,
Аласаның басынан мал асады.
Сөзі ерсі жаманның, өзі де ерсі,
Ойнап-күлсең жақсымен жарасады.

Өмір төлкек, өмірдің таңы атады,
Айқайласам ақ киік тау асады.
Жамандарға кез болсан дауласады,
Жақсылармен өзілің жарасады.

Баспадым жардың шетін құлай ма деп,
Ішпедім Іле суын ылай ма деп.
Жаманнан жарты сабақ жіп алмадым,
Қорқамын ердің құнын сұрай ма деп.

Адамның сырын білмей болма жолдас,
Жаманның күні құрсын ісі оңбас.
Әліңше айналаңа қолынды бер,
Ағашқа саясы жоқ құс та қонбас.

Мінгеннен жаман ерге, жайдақ жақсы,
Алғанша жаман әйел, бойдақ жақсы.
Өкінішпен өзекті өртегенше,
Әр істі бастар алдын ойлан жақсы.

Жүреді жақсы адам өз жайынша,
Талшық қып адал дәмін тандайына.
Кетпенді мұқатпақ боп, басын бассаң,
Тиеді сабы келіп маңдайыңа.

Мен айттым жақсы-жаман арасынан,
Өмірдің өзі берген бағасынан.
Кей кезде алдың тұйық жар болады,
Мың қарап, бір шоқырсың жағасынан.

БІР КҮН

Элегия

I

Терендеп қара бір күнге,
Терезең бүтін кезінде.
Берілген болса өмірден,
Осы бір күннің өзі де.

Жатар сонда шындық та,
Сарқылмайтын санада.
Сол күнгі дариядан,
Толқынында тарық па?
Жүзіп өт, жалықпа,
Тартынба, тартынба!

Кешкі күн уақытта,
Дін аман саулықта.
Түн деген түстей ғой,
Дамылдап салқында.
Ойламай ештеме,
Тарылмай тыныста.

II

Бір күнмен өмір сүргенім,
Бір күнді ойлап күлгенім.
Бір күннің салған салмағын,
Бір ғасырға теңедім.

Бір күннің арты жалғасып,
Мың күндік тағдыр болғайсың.
Мың күндік тағдыр жалғасып,
Өшпестей мәңгі қалғайсың.

Арманға қиял ілесіп,
Өзіңді өзің алдайсың.
Артыма ұрпақ ілескен,
Өмірді, сендер жалғайсың.

Бір күннен бәрі басталып,
Бір күні бәрі қалғайсың.
Ғасырлық деген өмірім,
Қас қағым сәттей болғайсың.

Тереңнен тартып ізгілік,
Тереңнен ұғым алғайсың.
Қимағанменен өмірді,
Жазғанға қарсы тұрмайсың.

ЕСКЕРТКІШ

Поэма

(Көкемді еске алғанда)

Адам баласының басынан өтетін талай-талай қиындықтар, қайғы-қасіреттер болады. Бірақ, сол қиындық-қасіретті кей кездерде уақыт емдеп ұмыттырады. Ал бұл басқа түскен ауыртпалық оған ұқсамайды. Себебі, бұл жан ауыртпалығы. Дүниедегі бауыр еттей қайнасқан, алдындағы ақылшын да, тірегін де болған үлкен бауырыңнан мезгілсіз айырылып қалғаның жанға қатты батады екен.

Міне, бүгін біраз уақыт өтсе де, сол орны толмайтын бауырым есіме түсіп, жанымды құлазытып, қайта-қайта ой сала береді. Кей кезде қатты іздеп қапаланамын да. Іштегі шерді сыртқа шығармасам болар емес. Кендірбай көке, бұл жазғаным сізге ескерткіш болсын.

I

Сол бір күн естен кетпес болды ғажап,
Құдайым не істегенін тұрды қарап.
Жазамын ескеткішті біраз ғана,
Көкешім, ұмытпасқа саған арнап.

Көкешім, бұл өмірін қапыда өткен,
Қара жер қойынын ашып, топырақ еткен.
Сүліктей жүрек қанын сорып алып,
Көз жұмдың бойды улантқан ашы дерттен.

Бұйырмай ашық күні өміріннің,
Қойнына ерте ендің қара жердің.
Айдаһар ажал сұмырай аузын ашып,
Жансаң да жан аямай өттің, сөндің.

Артынан еркіндіктің ермедің-ау,
Қызығын бұл өмірдің көрмедің-ау.
Өмірде өрісі көп, мұңсыз болып,
Зейнетпен біраз уақыт жүрмедің-ау.

Қазір де қасірет шеккен біз бір ғаріп,
Қан жұтып, қайғы басып жүрген арып.
Астында айлы түннің бой жазатын,
Сұм ажал асығыстан кеттің алып.

Ошақтай жерге енді жаттың сыйып,
Тоң-кесек жамбасыңа қатты тиіп.
Зарланған мына бізге бір тіл қатшы,
Қасыңа келіп тұрмыз біз бас иіп.

Қош күнім, көкетайым, мәңгі бізбен,
Кетсе де арамыздан күдер үзбен.
Дарияның дауыл тепкен толқынындай,
Біз бір жан қаңбақтай-ақ қалқып жүзген.

Белгісіз алдағы өмір маған жұмбақ,
Білмеймін өз өмірім немен тынбақ?
Қол жайып келешектен үміт етем,
Бар ма деп күтіп тұрған бізді «жұмақ».

Көкешім, жатқан жерің торқа болсын,
Жаратқан өз рахымына бөлей берсін.
Жылағанмен қолымнан келері жоқ,
Келешек қалғандарға өмір берсін.

О, дүние, арманым көп не қылайын,
Жазғаным болып өткен өмір жайын.
Сұраймын тіршілікте жаратқаннан,
Өмір бер қалғандарға бір құдайым.

Көкешім, саған жазған ескерткішім,
Білмеймін өмірімнің ерте-кешін.
Денеге қан жүгірткен ыстық жүрек,
Көрем мен алланың салған ісін.

II

Бұл өмір жалындаған бағасы алтын,
Өр-қияға асқақтаған асау қарқын.
Қолқаңа қан жүгірткен ыстық жүрек,
Бұл күнде қалды-ау, көке, тартып салқын.

Оралған жүрек қайда бұл жаныңа?
Сақтаған бала күнде ақыл-ойда.
Күндерін жарық дүние көретұғын,
Көкетай, қайта өмір оралар ма?

Көкетай, қайта өмір оралар ма?
Өмірден ерте өтті деп мен де арманда.
Арманым толып жатыр жаза берсем,
Есімнен кетпес бейнең бұл жалғанда.

Есімнен кетпес бейнең бұл жалғанда,
Өсірген Ата-Ана кетті ол да.
Құдайым өзі қалап алып кетсе,
Дәрмен жоқ, жаратқанға амал бар ма?

Қош бәрін, енді өмірден мәңгі бізден,
Кеттіндер арамыздан, күдер үзбен.
Бұл күнде арманым көп не қылайын?
Қош, Көке, Әке-шеше енді бізбен.

III

Жаза берсем, көңілге ерсем,
Ойланып жаза беремін.
Ақылға сап қайта көрсем,
Бауырды ойлап күрсінем.

Жазған өлең ермек емес,
Сырласамын бауырыммен.

Ой теңізін толқындатып,
Жазам жүрек қанымен.

Ойланамын, ой төгемін,
Жүрегіммен, кеудеммен.
Көкетайым, орның бөлек,
Қарағайлы орманым ең.

Кейде шарлап ойменен,
Көкжиденің даласын...
Көзден жасты тамшылатып,
Ойлы мұңға қалам мен.

Кейде қиял қырға ұрып,
Жын соққандай сандалам.
Кейде бойды ыза буып,
Асау аттай шамданам.

Кейде жалғыз отырғанда,
Қасыма кім болар жолдас?
Көңілде ой шам алдында,
Күрсінемін төгемін жас.

Қош бол, Көке! Енді бізбен,
Бүгінгі түн сағатында.
Сені ойлап отырдым мен,
Атты арайлап, өне, таң да.

Енді Көке «иманды» бол,
Фәни дүние қызығында.
Жатқан жерің торқа болып,
Пейіштің жүр жұмағында.

IV

Көке! Жатырмысың жайың қалай?
Кеткеніңе арамыздан болды талай.
Астында қара жердің шырпы басқан,
Жайнаған жарқын жүзің болды қалай?

Тұнық күн, басқан жерді қараңғы зіл,
Ішінде қалың шырпы неше қабір.

Тас бейне, түсі суық, су топырақ,
Бар екен әлде қандай күпия сыр?

Күн жылжып, ай айналып, жылдар өтер,
Басына жас қабірдің шырпы өсер.
Жас жаның алып жүрек тұңғиық сыр,
Өзіңмен енді, Көке, кім тілдесер?

Сақтадым жас күнімнен беттің арын,
Жақсы сөз сусын еттім жүрек қанын.
Өмірім бейне гүлдей толықсыған,
Мен сізді ұмытпаймын, Арыстаным.

Қош бол, қош енді, көкетайым!
Мен кеттім ұзап енді жолым дайын.
Жол түсіп ауылыма келгенімде,
Басыннан топырақ алуды ұмытпаймын.

АҚ СЕЗІМ

(Толғау)

Біреуге биік, биік те
Паналар да ығы бар.
Әлде бір ашық кең дала
Азынаған желі бар.
Кейде боран бұрқасын,
Қысы барда, жазы бар.
Жаным менің ақ сезім,
Ақ сезімнің жыры бар.
Дүрсілін ұқсаң жүректің,
Айтылар саған сыры бар.
Жырларым менің шуақты
Кел де өзің жиып ал.

Сенімін іздеп ақ таңның
Жүректен сырлар ақтардым.
Төзіммен өріп талшығын
Мөп-мөлдір таза тамшымын
Артында ізін қалдырған
Тұяғы мың асылдың.

Сынса да сыны кетпейтін
Сом кесектей жасынмын.
Тілшімін жырдың дауылын
Мұқағали асуын.
Сермеген қыл қаламым,
Ашылып көңіл төкші енді
Жырлардың нөсер жауынын.

Елуден асқан шағымда
Қалам алып қолыма,
Тынымсыз қу жан құлазып,
Жол саламын оңына.
Тіршілік мінсіз бола ма
Өршіл мінез ізденген.
Тау-тасты жарған тұяқ та
Толғантар көңіл өзімен,
Сау тамтық жоқ денемде
Сонда да шындық іздегем.
Соққы тисе аямай
Сонда да өрден көрінем.
Жыртығын жамап кем-кетік,
Жүректен кейде өтінем.
Құласам көктен құлармын
Шаңқ етер көкте қыранмын.
“Жырдан қамал соғам” деп
Ақындық жолды қуғаным
Мұрсат бер енді бір Алла!

Кеселді іске керме жоқ
Күн кейпінде олда сор.
Жарқын жүзді жақсы деп
Алдандым талай, болдым қор.
Кеудені өрге тартқан мен
Тағдыр найза, алда көр.
Азғантай шыққан төбемді
Көре алмайтын дұшпан бел.
Асуын талай ассам да
Қайнардың көзін ашсам да
Кездесет алдан тақыр шөл.
Надандар нені түсінер,
Өзінікін жөн дейді.

Қуыс кеуде, сана жоқ,
Артта қалар ойда жоқ.
Сөнгенін де сезбейді.

Жылуын төксе ақ жауын
Сезім бірге жылаған.
Өмірдің көрмей қараңғы
Жарығына жармасам.
Алысар арман бар шында.
“Жетемін” деп шабысам.
Өмірдің мына салмағын.
Көтере алмай жүрегім
Токтап та қалар ме екенсің.
Жамандық пен жауыздық
Тағдырыма жабысқан.
Ақынмын тыныш жатпаспын.
Тамұғын, тасын тастасын.
Түнекте қалып жатсам да
Ақынның берген шабыты,
Есігін маған жаппасын.
Жақсылық тілеп бәріңе
Көтерем бәрін өз басым!

Егеменді елді мекенім,
Тарттың неге етегің.
Топшысын қағып қыранның
Өседі қалай ертеңің.
Халықтың момын өмірін
Аңқау мінез көңілің
Арсыз талай ағалар,
Тығыныңа жараттың.
Қалың ой басты мені де
Қара жерге қараттың.
Ақ сезімін көңілдің
Қайда апарып тараттың.
Туған-туыс бауырлар
Мейірімсіз боп баратың.
Ар-намыстан жүрдай боп
Тоз-тоз болып қаласың.
Әлде терең сыр бар ма
Шыдай алмай салмаққа
Ыза-кек мені бұғаның.

Құлқыны азған бұл заман,
Жаралы жүрек тек аман,
Ақ сезім қашты аулаққа
Болашаққа ой салам!!!

БІР ҚҰРБЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

Асықтың неге таптау үшін аяққа,
Бар тірліктің мәні осақ па.
Барлық жақсылық күнді ұмытып
Тастадың жүректі жаншып,
Диірменге салған ұн қылып,
Білгенің сенің сол шығар
Пенделер ластап кеткен із шығар.
Болған соң солай жасық мұн,
Қалай артыма қараймын.
Білсем ғой өттен сонау күн...
Іздеп жарығын алдыға талпындым.
Көрінбей тұманда адастым
Қайдасың сол бір жарық күн,
Жанымды шокқа күйдірдің.

Ер-азамат намысын таптап,
Жүректі тіліп кеттің ғой тоқтап.
Түпсіз мұнар тартып әкеткендей.
Боз дүниеге сіндің бе баптап,
Бұл дүниенің бар базарынан,
Қу жан тынымсыз құлазыған.
Қайталанбас сезім, сеніммен
Сатсаңда тәнді, берсеңде жанды.
Оп-оңай құтылмас азабынан!

БАҚЫТ ЖОЛЫНДА

Жарқ етсе менің көңілім,
Аспанда Ай мен Күн.
Дүние сірә сенгендей
Маған жар сендей
Артық кім.

Бақытты тауып өзіңнен
Бұтақтар өсті көгіммен,

Шаттанам кейде өзімше
Кездестірді Алла өзіңмен.

Самалы салқын күндерім
Тарылады кейде тынысым.
Өмірдің толқын соқпағы
Жеңемін бірге сен үшін.

Атқанда таңым ағарып
Бірінші тілек өзіңнен
Құшақтап көңіл ағарып
Сыйлайсың ақ сезіммен.

Арманға толы болып ек
Жетелеп сол арманды.
Жеттік те міні жармасып
Күндер-күнге жалғасып.

Өзімше сезіп бақытты
Қуанам, таңым атыпты.
Бірге оянған төсектен
Сол күннің өзі бақытты.

Алыстан іздеп сарғайып
Біреулер жүр сенделіп.
Өткізіп бос уақытты
Қиялмен болжап бақытты.

Іздеме жаным алыстан
Әр күніңді бағалап,
Өзіңнен ізде өзге емес.
Жүрегіңе үңіліп,
Жүректен тап бақытты.

Бағалай біл уақытты,
Өтіп кетет бұл өмір.
Ізіңе артқа қарасаң
Таппай да оны қаласың.
Сағымдай болған дүние
Сақалды сыйпап бір күні
“Жалғанға жаза жоқ қой” деп,
Ақ таяққа сүйеніп
Артыңа ұзақ қарарсың!

АТҚЫБҰЛАҚ БАСЫНДА

Баллада

Осы еңбегімді Алтайдың ардақты
ұлы Асқар Алтайға арнаймын.

Автор.

I

Төсінде ызғар Алтайдың
Ылғар шеті шілде еді.
Жазда жел-құзсыз ыңғайлы
Жауын-шашын аз еді.
Қарлы-бұршақ соқпаған
Атқыбұлақ секілді
Ұлы қолтық түйықтар
Сай-шатқалда бар еді.
Күндіз ыстық қапырық
Түнде тыныс алатын,
Аққайыны майысып
Қызды қарсы алатын...
Сол бұлаққа еркелеп
Шомылатын, жанатын,
Ақ көңілі серпіліп
Рахатына қанатын.
Ширыққан сезім өртеніп
Әлде кімді күтетін.
Атқыбұлақ басында
Жаңғызбын деп сезбейтін.
Жалаңаш тәнін су шайып,
Қос анары бүлкілдеп,
Тіршілікті ұмытып,
Өзіне-өзі сенетін.
Бұлабике жылқышы
Осылай рахат көретін.

Құлама бұлақ басында
Торын құрған қара аю
Ғашық болып сұлуға
Жолын торып жүретін...
Қарағай мен самырсын
Селдір күнгеі беткейдін

Құлама жолы тар еді,
Қыз мінген торы аяндап
Қабырғалап қиялап
Түсіп келе жатқанда
Салт аттыны көреді.
Алтайдың ақ төс бұзығы
Айнымай қызды таныды.
Торы құнан үстінде
Толықсыған бойжеткен
Қиялы кетіп қиянға
Қапысыз жаймен келеді.
Айқоңыр демін ішіне ап
Тап орнынан тапжылмай
Хайуаның қоңыр көздері
Бойжеткенге қадалды.
Сәл жиырып танауын
Қос аяқтай тік тұрған
Қалың бүрдің арасы,
Күдіс жауырын көрінбей
Жауын баққан жыртқыштай,
Ұрлана бойын жасыра,
Молақ мойнын асыра,
Тұлабойы босаңсып,
Иіген тәні шымырлап,
Бұла сезім қуалап,
Бір ойнақы күй билеп,
Бар дүниені ұмытты.

III

Аяндаған бойжеткен,
Атқыбұлақ басына,
Аттың басын тіреді.
Торы құнан бос кетіп
Еркіменен жіберді.
Бұлабике бұландап,
Сұлу дене сыландап,
Алма мойын, қына бел
Қос анары мұңдалап,
Ақ тиіндей ақ тәні
Жарық етті де көрінді.

Жұмыр бөксе бүлкілдеп
Жанары да жарқ етті.
Айқоңырдың тағаты
Таусылуға таянды.
Жанын қыстап барады,
Сонда да сабыр сақтады.
Сыналай қарап қуалай,
Жанары жасып барады.
Нағыз еркек күшінде
Бабы келген ісіне
Тәні тоят тіледі.

Бойжеткен дене шыбықтай
Қара шашы жайылды.
Жұмыр бөксе жабылды.
Солқылдаған күйінде
Құлаған бұлақ суына
Еркелеп барып шомылды.
Айқоңыр кірпік қақпаған
Жасқа толы жүрегі
Айырылып еркінен
Көзі түнды көркінен.

Жалаңаш тән сол аппақ
Ағынына жұтылған.
Қыз денесі суынып
Қайта шықты суынан,
Сұлу тәні сүнгідей
Күн сәулесі сүйді-ей!
Сыйпап балтыр, тәнінде
Бой түзеді оңаша,
Шашын сілкіп су шайған
Ырғала басып сол кеуде
Күн көзіне сүйдірді.

Айқоңыр үнсіз тұншығып
Қыз денесі тұнған мұң
Жұлын-жүйке жын басты.
Қылдай белі қайыңдай
Мүсіні қанын қыздырды.
Сезім-сауанын суарған
Өзін кетті ұмытып.

Ерік-жігер еріксіз
Құдіреті арбап сұлулық
Қан қызуы шыдатпай
Ала құйын ақ сезім,
Бұрын-сонды жоқ сезім,
Асау ағза ырқында
Көзде тұман асығыс,
Қуынған жаны құйындай,
Алып дене ысынып,
Алпамыстай Айқоңыр
Қызға жетті ентігіп.

Торы құнан кісінеп,
Қос құлағын қайшылап,
Мойнын ие үркектеп,
Шаптыра дәрет жіберді.
Тірсектері дірілдеп
Теріскейге ұмтылды.
Бойжеткен қыз күтпеген
Күн қыздырған алау жон
Діріл менен тер жапты.
Ұлы үрей билеген
Тіл тартылып, жан шошып
Тән суыды, жан қашты.
Сүм еді ажал айлалы
Талай жүрек байланды,
Тірі жанды пендені
Бір шыбықпен айдады.
Ақыл-ойға сыймайтын
Айқоңыр атты қар аю
Ақ төсінде бар ою
Ағзасына тоқтау салдырмай,
Бұлабикеге байланды.
Жүрегі жанып лапылдап,
Бойы қызып қан тасып,
Соқыр сезім-сауаны
Қызынған тәні қытықтап,
Ағзасына тоқтау сала алмай
Қыз иығына қол салды.
Дірілдеген иығынан
Бір толқынның ұрғаны

Айқоңыр сезіп шыдамай
Жойдасыз өзі алқынды.
Қос қолын жерге түсіріп
Түсініксіз дауыспен
Әлде сезім шақырды.
Қыздың ту сыртынан
Тұмсығымен искелеп
Қолын тілмен жалады,
Емірене қадалды.
Бұлабике былқ етпей
Тұттай төні жалаңаш
Қалтыраған күйі жүрелеп,
Сұм ажалға дес беріп,
Көзін жұмды ақыры.
Жауырынынан жалап қалақтай,
Айқоңыр демін баса алмай
Ес-түсінен адасты.

Осы сәтті күткендей
Атқыбұлақ басына
Ұлар аңшы келгені...
Көзіменен көргені.
Аю-қыздың арасы
Бір қарысқа жетпеді,
Шыдай алмай ақырды
Қанжар алып қолына
Сұмылтықтан ырғыды.
Жаны пида жолында
Оқыс үні Ұлардың
Мыйын шағып жіберді.
Төнін шырмап тәттілік
Қайталанбас толқынның
Сәтін бұзып жіберді.
Айқоңыр да ақырып
Сезімсіз адам кім деді.
Еңгезердей аңшыңыз
Ақ төсті аю алдында
Кіп-кішкентай пенде еді.
Төбедей тұлға төмпешік
Жемтігіне жекпе-жек
Қос аяқтап ұмтылды.

Аңшыда сасып қалмады,
Бір қырына бұрыла
Қолдағы ұзын селебе
Бар күшімен сілтеді.
Қапы қалып Айқоңыр
Тұмсығын ала жүгірді.
Тура келген ажалдан
Қорғануға керекті.
Сімтік тұмсық үстінен
Ұлар тартқан селебе
Онды-солды осқаны.
Қара тұмсық ырсыйып
Қызыл қанға боялды.
Салбыраған ұртында
Сем селебе жалмады.
Қоңыр көзі қанталап
Ауырсынған Айқоңыр
Ұры қолтық ішінде
Жан азабын тартқанды.
Айқайлап та жіберді.
Аңшыға келмес шамасы.
Апандай ауыз шақырып
Ақырған күйі жалт берді,
Аса тік келген теріскей
Құлама қия ит тұмсық,
Теріскей бетке жүз бұрды.
Күйі кеткен Айқоңыр
Алдындағын жапырып
Жан сауғалап ұмтылды.

III

Есін жиған аңшы Ұлар
Алды-артына қарады.
Қарағанда көргені —
Көз алдына келгені,
Тәні сұлу мұндай жан
Өмірінде көрмеді.
Жаланап жанға өрледі,
Бүктүскен борық дененің
Қолаң шашы қобырай,

Жұмыр иығы жирылып,
Қима белге төгілген.
Көз жауын алған бөксе де
Бұлттия көзге көрінген
Кеудедегі қос анар
Әлсіз мейірім төзінген.
Аңшы Ұлар жанары
Ашық мүсін көрмеген.
Тайғанақ көзі жаутандап
Қарадай дымы құрыды.
Жүре шешіп шапанын
Жүзін басқан жартасқа
Сұлуға әкеп жабады.
Суық жартас жақпарын
Саусағымен сұғынған
Әйел мұны сезбеді.
Сұлық кейіп танытып
Көзіне де ілмеді.
Тері шапан дірілдеп
Тоңған торғай секілді,
Меңіреу тартқан мінезі
Ештенені білмеді.
Сонда ғана аңшының
Ақылменен түйгені:
Албастының басқанын,
Періште сезім қашқанын,
Үрейі ұшып шошынып,
Тіл-ауызы байланып,
Кіл кірпігі ұйқысып,
Бойы мұздап тырысып,
Меңіреудей мелшиді.

Қарулы аңшы иығынан
Сілке тартып көтерді.
Қан-сөлі жоқ қуарған
Бойжеткенің бетіне
Бажырая қарады.
“Есінді жи! Есінді”
Дауыстап та жарады.
Қу ағаштай қалшиған
Қызға сөзі өтпеді,

Жүзін жанған соқса да
Қарақат көзі шатынап,
Құланның таңындай
Шеңбірек атқан қос анар
Өз-өзінен дір етті.
Атқыбұлақ жылады,
Сарқырап аққан бұлағы
Бұлабике еркесі ет...
Ақ тәнімен шомылған
Күн көзі сүйген лағы,
Сыбырлап жел де жылады.
Сыбырмен айтып Ұларға
“Шомылдыр салқын бұлаққа
Аялап ұстап қолына
Жуындыр аппақ денесін”,
Кім сөйледі дегендей
Шымырлап толқып жүрегі
Қызды тосты көтерген
Сарқырама бұлағы.
Есін жиып бойжеткен
Тәнін жапты суменен,
Білегінде аңшынын
Қос жанары түйісіп
“Түсір” деді ақырын.
Көк майсада көміле
Жатқан киімін ұсынды.
Ақ тәнді, қос анарды
Сол киіммен жасыра
Киімін киді асыға...

Уақыт ғұмыр өтеді
Жартас үсті кара жон.
Бауыры қалын итмұрын
Шөп басын да шық шалмас,
Тамыздың тымық кеші еді.
Қыз бен жігіт сағына
Қоңыр кеште кездесті.
Албырт аңшы жүрегі,
Жылқышы балғын тілегі,
Сағыныса жүздесті.
Қара жалда құрғақ сай

Қызулы тән, қызған жай
Жұмбақ сезім бой алды...

* * *

Жігіт қызға, қыз жігітке
Жанарын тіктеп тастаған,
Сол сезімнен бастау ап
Сонау күннен басталған...
Үркітпей торы жайылды
Басын шұлғып қоштаған,
Сенім мен сезім бірігіп
Бақытты күндер басталған!

15. 10. 2008 ж.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚАЙЫРШЫ

Дүрмегі мол дүр дүние
Дауа барма саған да,
Ит секілді өмір кешкен
Итше тартыс қоғамда.
Өңешіне от құйылып
Жібергенің болама,
Иттен туып, іннен шыққан
Жарасады хайуанға.
Күл-қоқыстан қи терген
Мына адамға бола ма?

Сұлуы көп, жылуы жоқ
Сайқал мына қалада,
Есіл-дерті екі стақан
Құрбандыққа шалыққан.
Тұла бойын битте басқан
Күс денені жан ұққан,
Жеті елдің жесіріндей
Салбөксеге салынған.
Жерден шыққан
Жіктей болған,
Өміріне жабысқан.
Өшкен шала от басында
Тіршіліктен жалыққан.

Мұндай мәнсіз өмірге
Алаңсыз тірлік көнеме
Санылаусыз күнге енгенге
Қоғам кінәлі ме? Неге?
Құдайсыз қоғамға да,
Имансыз адамға да
Бәрі-бір емес пе...
Мұндай дүниені:
Отты жүрек, дертті сана
Ақылға қонақ бергенде
Салқыны сабыр.
Қатыгездік өшкенде
Құдайын танып
Өлімді сезе білген де,
Өзімшілдік қалғанда.
Қорқау қасқырлар
Қоғамнан алыс кеткенде,
Байлыққа енген мешкейлер
Бұл дүниеден өткен де
Қоғам жүзі өзгерер.

* * *

Заман қоғам – бір ұғым,
Соны ойла, сен, ұғын.

17. 10. 08 ж.

МАЗМҰНЫ

Жоғалған жырдың жалғасы (Асқар Алтай)	3
---	---

Бірінші тарау

Жан жүрегім өзімнен

Оралу	6
Көктем келер тағы да	7
Туған ауыл топырағы	8
Сен болмасаң	9
Обалар	9
Сол бір күн	10
Өлең жаздым	11
Өмірді түсінем деп	12
Сөзге тоқтау — санаға ой	12
Ағайын жаман болса!	13
Мыңын айт та	14
Ата-баба сөзі!	15
Билік туралы	16
Барға — ырза, жоққа — сабыр	17
Бақытты өмір	18
Қашан көрем	18
Бір сәткі көрініс	19
Дәрігерлер адамды алаламас	20
Алатау, басыңа шықтым	21
Өмірдің бір жолы бар	21
Көңіл күй	22
Кесілген ағаш	22
Мойындау	23
Өзі болған ағайын	24
Бақ-дәулет бар көктеуімде	25
Қырық бес жас	25
Жанған жүрек — дірілдеген	26
Қалайша ойға алмай	26
Ғұмырымды сыйладым	27
Үміт	27
Бір құрбыға	28
Адалдыққа не жетсін!	29
Көкжиде мектебі	29
Әй, жастық-ай!	30
Жастарға	30
Тарихқа таңба	32
Түн	33
Адам өмірінің бақыты	34

Өмірге шолу	34
Іле	35
Барады шегініп санадан	35
Ағайын-туыстарға	36
Ағалар	37
Ен жайлауда егеспес	37
Даусым жетпес	38
Айттым дерек	39
Арманның құсы	40
Біреудің бақыты	40
Табиғат	40
Махаббаттын жоқ пәтуа, баяны	41
Балқаш	42
Теңеуін тапқан сөз қымбат	42
Іші қас, сырты жылтыр көз	43
Сенім	44
Өмір жүз бір сөзден құралса?!	44
Халқыңның жарай білгін керегіне	45
Я нағашы (Сағынбайдың 60 жылдығына)	46
Күзембек жездеме	48
Нұрмолда	49
Матжан аға	50
Тәңірберген аға!	51
Өмір элегиясы	52
Тұман досым, іздеймін сені	53

Екінші тарау

Арым таза, өмірде жаным таза

Не жетпейді?	58
Өмір жайлы жыр қосам	59
Достарға	59
Сен мені ойландырдың, ойға алдырдың	60
Тілек	60
Ойланғын балам!	61
«Жетісу» газетіне арнау	62
Шылым шеккендерге	63
Той туралы ой	64
Сактан балам!	65
Алтынбек (Сәрсенбайұлы)	66
22 наурыз	66
Дұшпансыз ер	67
Патшан халық үніне құлақ асса	67
Амал қанша	67
Арман еткен Тәуелсіздікке 15 жыл	68

Елу жас	69
Ұзақ жолға жете ме	70
Азғындаған дос қайғы	72
Тындашы мені	73
Сол бір кез	74
Бара алмадым, бағына	74
Балаға	75
Заман ай... ..	75
Тығырық	76
Өзіңе сен	77
Ауылдағы кафе ішіндегі ой	77
Өкініш	78
Солуы мүмкін	79
Жалғыздық	79
Көше толы	80
Еске алу	81
Алдама	82
Несіне өкпелейін?	82
Ыстық алақан	83
Сен мені білмейсің!	83
Балаға тілек	84
Бір басшыға	84
Есімде	84
Көңіл	85
Ұққың келсе	85
Талас та тартыс өмірім	86
Дұшпан	86
Туған ел	87
Мұқағали Мақатаевқа	88
Күз	89
Сен жыладың	89
Сен жылама	89
Сүрініп кетпе	90
Сүю деген осы ма?!	90
Тамаша әзіл	91
Арпалысып алақұйын өмірмен	91
Өмірдің өзі жұмбақ	92
Жоғалтса!	92
Есірткі	92
Туған жер	93
Мен өмірді сүйемін	93
Қара жігітке	94
Қол	94
Өмір өтіп барады	94
Қасымда бол (Мұқағали ізімен)	95

Өкпелеме	96
Арак	97
Сағыныш, сүйген жарға	97
Мен керек	98
Сүй жаным	98
Көңіл	99
Сен сездің бе?	99
Өмір мен өлім	100
Білмейсің, жаным	100
Тәнім сау	101
Бір сөзді тағы айтқалы	102
Асыл арман	103
Елемей	103
Қыздарға!	103
Ауырады жүрегім	104
Асығамын	104
Ақ таңым	105
Дәрігер-ау	106
Жастық шак	106
Хат	107
Тал шыбықтай бұралып	107
Сегізінші наурыз	108
Сен елес пе	109
Ауылға барғандағы ой	109
Жеке шумақтар	110
Мына бүгін	112
Жұқа болсын	112
«Жауынмен – жер, батамен – ел көгерер»	112
Ар	113
Үйленерде	113
Досыма	114
Дұшпан	115
Сабыр	115
Бір күн өтті	116
Қайран нарық!	117
Замана	117
Сауда	118
Жүрген жоқпын өзімше қапаланып	119
Ақындық дарынымды	119
Кім біледі?	119
Жалынбаймын тағдырға	121
Мұнымнан, сырымнан	121
Өлгесін қазып ала ма?	122
Ең аяулы	122
Тағдырды өзін игермей	122

Домбырадан тиексіз күй шықпайды	123
Молдахмет	123
Алтын тәте	124
Қанапин Уәлихан	125

Үшінші тарау

Ескерткіш

Өзгелерге ұқсамайтын	128
Айырмасын құдай жарыңнан! (Баллада)	129
Сол соғысты баяндар қариялар! (Баллада)	130
Елімді кезіп келемін (Поэма)	132
Қасарысса тоқ тағдыр (Толғау)	133
Өзіме	134
Құда (Еске алу)	136
Қапшағай толқындары (Баллада)	137
Жер сату (Толғау)	138
Жастық шақпен қоштасу (Элегия)	140
Қоғамда не өзгереді? (Поэма)	141
Ауруханада (Элегия)	143
Қарағым, қалқам (Баллада)	145
Асылым Айнам! (Баллада)	146
Күндерім (Баллада)	147
Халықтық әуенмен (Толғау)	148
Бір күн (Элегия)	150
Ескерткіш (Поэма)	151
Ақ сезім (Толғау)	155
Бір құрбының естелігінен	158
Бақыт жолында	158
Атқыбұлақ басында (Баллада)	160
Қоғам және қайыршы (Баллада)	168

Художественное издание

Тойшыбайулы Изтилеу

ЭЛЕГИЯ ЖИЗНИ

Стихи, баллада, поэма

(На казахском языке)

Бас директоры Асқар Алтай

Редакторы *А. Социалқызы*

Көркемдеуші редакторы *Д. Сұлтанбекұлы*

Техникалық редакторы *М. Қартова*

Корректоры *Д. Дәрібаева*

Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

Осы кітап туралы пікірлеріңізді мына мекенжайға хабарласуларыңызды өтінемін: Алматы облысы, Қапшағай қаласы, Шенгелді ауылы, Малай-Сары көшесі, 7 үй, 2 пәтер.

Автор.

ИБ № 011

Теруге 04.03.08 берілді. Басуға 25.05.08 қол қойылды. Пішімі 84×108¹/₂,
Қаріп түрі «Таймс». Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 8,4
Есепті баспа табағы 9,24. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 76

Қазақстан Республикасы «Арда+7» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

050012, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 196 «А». офис 18.

Телефондар: 291-83-59 ф/с.



Ізгілеу Тойшыбайұлы – акын.
1952 жылы 19 мамырда Алматы
облысы Балқаш ауданының
Көкжиде ауылында туған. Алматы
құрылыс техникумын, Қазақтың
Мемлекеттік ауылшаруашылығы
институтын, Алматы сауда техникумын
бітірген. Білікті маман. Өлеңдері аудандық,
облыстық, республикалық басылымдарда
жарық көрген. «Менде де жүрегі бар
ақындардың» (2002) атты жыр
жинағы жарық көрген.